

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БІРЫҢҒАЙ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КАЛЛИГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУ  
НОРМАЛАРЫН САҚТАУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2024

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2024 жылғы 8 қарашадағы №7 хаттама)

**Бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024 ж. – 64 б.**

Бұл әдістемелік ұсынымдарда бастауыш сынып білім алушыларының орфографиялық және каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру бойынша бірқатар маңызды әдістемелік кеңестер ұсынылған. Ұсынымдар оқу процесін оңтайландыруға бағытталған және білім алушылардың жазуға деген қызығушылығын арттыруға, жазу белсенділігін ынталандыруға көмектеседі. Осы әдістемелік ұсынымдар арқылы бастауыш сынып білім алушыларының жазу дағдыларын тиімді дамытуға болады.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің әдіскерлеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

© БІ. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2024

## Кіріспе

Орфографиялық және каллиграфиялық нормалар – бастауыш сынып білім алушыларының сауаттылығын, жазу мәдениетін қалыптастырудың негізгі элементтері. Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың дұрыс жазу дағдыларын ерте жастан бастап қалыптастыру маңызды болып табылады, себебі бұл дағдылар олардың болашақта білім алуында, қарым-қатынас жасауында және өз ойларын нақты әрі түсінікті жеткізуінде басты рөл атқарады. Орфография – тілдегі сөздердің дұрыс жазылуын қамтамасыз ететін ережелер жиынтығы болса, каллиграфия – жазу эстетикасы мен әріптерді дұрыс бейнелеу өнері. Бұл екі компонентті дұрыс меңгеру білім алушылардың жалпы жазу мәдениетін, сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Бастауыш сыныпта бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру – педагогтердің басты міндеттерінің бірі. Бұл процесс арнайы әдістемелік құралдар мен оқу материалдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен, әрбір педагог өз білім алушыларының деңгейі мен ерекшеліктеріне қарай әдістерді тандауы тиіс. Бұл әдістемелік ұсынымдар бастауыш сынып педагогтеріне арналған, оларды орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды сақтау жолдарын тиімді ұйымдастыруға, оқу процесін оңтайландыруға көмектеседі. Әрбір ұсынылған тәсіл білім алушылардың қызығушылығын арттыруға және жазу барысында жіберілетін қателіктерді азайтуға бағытталған.

Жазу дағдыларының қалыптасуында білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеру қажет. Осы ұсыныстардың көмегімен педагогтер оқу материалының мазмұнын, оқу әдістерін және оқыту әдістемесін өз қалауы бойынша бейімдеп, жетілдіре алады. Бұл ұсынымдар педагогтерге бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын оқытудағы заманауи тәсілдерді қолдануда көмек көрсетеді. Әрбір білім алушының жазу дағдыларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар мектеп тәжірибесінде қолданылып, білім алушылардың сауаттылығын және жазу мәдениетін жақсартуға ықпал етеді.

Білім алушылардың әртүрлі пәндер бойынша дәптерлермен жұмыс істеу кезінде педагогтердің талаптарын стандарттау, сабақтастық принципін жүзеге асыру және бірыңғай білім беру кеңістігін құру, сондай-ақ білім алушылардың өз еңбегінің нәтижелері үшін жауапкершілігін дамыту, мұқияттылық пен ұқыптылықты тәрбиелеу, білім беру процесінің барлық субъектілері үшін талаптардың «ашықтығын» қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» (бұдан әрі – Стандарт), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 399 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларына» негізделген мектеп құжаттамасын жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды ерте жастан меңгеру болашақта білім алушылардың сауатты жазу дағдыларын қалыптастырып, олардың білім алу процесіне оң ықпалын тигізеді.

## **1. Бастауыш сыныпта бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру жолдары.**

Бүгінгі таңда білім алушылардың жазбаша жұмыстарын рәсімдеуге қатысты қазіргі нормативтік талаптар жоқ, сондықтан қазіргі талаптар бастауыш сынып білім алушыларының жазбаша жұмыстарын рәсімдеу жөніндегі бұрынғы әдістемелік ұсыныстар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтары мен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқау хаттарында белгіленген талаптар негізінде әзірленді.

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығының «Орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнына қойылатын талаптар» тарауының 18 тармағында жұмыс дәптері мен жазбалардың мазмұнына қойылатын талаптар берілген. Олар:

1) үлгілік оқу бағдарламасына және оқулыққа сәйкес материалдарды іріктеу;

2) тапсырмалардың күрделілік деңгейінің білім алушылардың танымдық ерекшеліктеріне сәйкестігі;

3) білім алушылардың танымдық қызығушылығын тудыратын және ой-өрісін кеңейтетін тапсырмалар мен иллюстрациялардың болуы.

Осы құжаттың 19-тармағында тапсырмалар, есептер және жаттығулар жинағына қойылатын талаптар көрсетілген:

1) тапсырмалардың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарына сәйкес болуы;

2) оқудағы қиындықтары мен білімдегі олқылықтары бар білім алушылар үшін, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін тапсырмалардың берілуі;

3) жеке, жұпта және (немесе) топта орындау үшін күрделілігі жоғары тапсырмалардың және жаттығулардың болуы;

4) білім алушыларға үйренгендерін стандартты және жаңа жағдайларда қолдануға мүмкіндік беретін тапсырмалардың болуы;

5) зерделенген материалды бекітуге арналған тапсырмалардың болуы;

6) өзін-өзі бағалау, өзара және топтық бағалау бойынша тапсырмалардың болуы;

7) оқу тапсырмаларын орындауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;

8) кестелермен, карталармен, схемалармен, графиктермен, диаграммалармен және электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру деп жазылған [4].

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын сақтау арқылы бастауыш сынып білім алушыларының сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру. Бұл ұсынымдар білім

алушылардың жазу мәдениетін арттыруға, орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды сақтауға бағытталған.

Міндеттері:

- бастауыш сынып білім алушыларының жазу дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру;

- білім алушылардың жазу барысында орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды сақтауын қамтамасыз ету;

- жазбаша жұмыстарды рәсімдеу мәдениетін тәрбиелеу және дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру;

- білім алушылардың жазу сапасын қадағалау және оларды үнемі жетілдіру.

Дәптерді жүргізуге байланысты білім алушыға қойылатын талаптар:

1) Дәптерді жүйелі жүргізу: дәптерді күнделікті толтыру және пән бойынша тапсырмаларды уақытында орындау;

2) Дұрыс жазу: жазу кезінде грамматикалық және орфографиялық қателерден аулақ болу;

3) Тақырыптарды белгілеу: әр жаңа тақырыпты анық және көрнекті түрде жазу, тақырыпты бөліп көрсету.

4) Дәптердің тазалығы: дәптерді таза ұстап, қажетсіз жазулар мен өшірулерден аулақ болу.

5) Мазмұнды ұйымдастыру: тапсырмаларды, жазбаларды, суреттерді логикалық түрде орналастырып жазу.

Педагогке қойылатын талаптар:

1) Нұсқаулық беру: білім алушыларға дәптерді жүргізу тәртібі мен талаптарын түсіндіру.

2) Тексеру және бағалау: дәптерлерді жүйелі тексеріп, білім алушылардың жұмысын бағалау.

3) Кері байланыс: жазбаша жұмыстар бойынша конструктивті пікірлер мен ұсыныстар беру.

4) Тәртіпті сақтау: дәптерді жүргізу мәдениетін қалыптастыру және білім алушылардың тәртібін бақылау.

5) Сабақ барысында қолдау көрсету: дәптер жүргізу кезінде білім алушыларға қажет болған жағдайда көмек көрсету.

Бастауыш сыныпта бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру жолдары бірнеше әдіс - тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асады. Бұл әдістер білім алушылардың сауатты жазу дағдыларын дамытуға және әдемі, анық жазу қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Осы бағытта қолданылатын әдістер:

1. Орфографиялық нормаларды қалыптастыру

Орфография (емле) – сөздерді дұрыс жазу ережелері. Орфография (грек *orthos* – дұрыс, *grapho* – жазамын) – сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы. Орфография дыбыстарды (фонемаларды) әріппен таңбалауды, сөздерді, оның бөлшектерін бірге, бөлек

немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал тәртібін белгілейді [12].

Орфографиялық нормаларды қалыптастыру бастауыш сынып білім алушыларының сауатты жазу дағдыларын дамытудағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Орфография – сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы және бұл дағдыларды қалыптастыру үшін жүйелі, әдістемелік тұрғыдан ойластырылған жұмыс қажет. Төменде орфографиялық нормаларды қалыптастырудың негізгі жолдары ұсынылған:

*Емле ережелерін жүйелі түрде үйрету:* педагогтер әр сабақта орфографиялық ережелерді таныстырып, оларды мысалдар арқылы түсіндіруі керек. Білім алушыларға сол ережелерді қолдануды талап ететін тапсырмалар беру маңызды. Мысалы, түбір сөздердің, қосымшалардың, сөздердің байланысуы кезінде пайда болатын ережелерді түсіндіру. Әрбір жаңа тақырып бойынша тиісті орфографиялық ережелерді енгізу.

*Орфографиялық ережелерді қайталау және бекіту:* емле ережелерін білім алушылардың есте сақтауына көмектесетін түрлі жаттығулар арқылы үнемі қайталап отыру қажет. Бұл ережелерді білім алушылардың жадына сіңіру үшін диктанттар, сөздік жаттаулар және орфографиялық талдаулар жиі өткізілуі керек.

*Практикалық жаттығулар және диктанттар:* орфографиялық қателерді анықтау және түзету мақсатында диктанттар мен арнайы жаттығулар өткізу. Бұл білім алушылардың ережелерді дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастырады.

*Диктанттар:* диктант – орфографиялық дағдыларды бекітудің тиімді тәсілі. Педагог белгілі бір тақырыпқа немесе ережеге қатысты диктант мәтіндерін дайындап, оны білім алушыларға жаздырады. Диктанттың бірнеше түрлері бар: көру диктанты, есту диктанты, түсіндіру диктанты, шығармашылық диктанттар және т.б.

*Орфографиялық жаттығулар:* жазу барысында білім алушылардың орфографиялық қателерін түзетуге бағытталған арнайы жаттығулар жасалады. Мысалы, «сөздік диктанттар» арқылы білім алушыларға белгілі бір тақырыпқа сәйкес сөздерді жаттатып, олардың дұрыс жазылуын тексереді.

*Қателерді талдау және түзету:* диктанттар немесе жазбаша жұмыстар аяқталғаннан кейін педагогтер қателерді талдап, олардың себебін түсіндіруі тиіс. Әрбір білім алушының қателерін дәптерде қайтадан дұрыс жазуын талап ету арқылы орфографиялық ережелерді бекіту.

*Сөздікпен жұмыс:* білім алушылардың сөздікпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Олар сөздіктен сөздердің дұрыс жазылуын тексеріп, оны жаттау арқылы орфографиялық дағдыларын дамытады.

*Сөздік диктанттар:* сөздіктегі сөздерді меңгеру арқылы білім алушылар жаңа сөздерді дұрыс жазуға дағдыланады. Білім алушыларға белгілі бір тақырыпқа сәйкес сөздерді үйрету және оларды сөздіктен тауып, жаттап алуға тапсырма беру.

*Сөздік дәптерлері:* білім алушыларға жеке сөздік дәптерлерін жүргізу ұсынылады. Мұнда олар жаңа сөздерді, олардың жазылу және айтылу

ережелерін жазады, мысалдар келтіреді. Бұл әдіс білім алушылардың сөздік қорын байытуға және орфографиялық ережелерді бекітуге көмектеседі.

*Ойындар және шығармашылық тәсілдер:* ойын түріндегі тапсырмалар арқылы білім алушылардың қызығушылығын оятып, оларды орфография ережелерін меңгеруге ынталандыру. Мысалы, сөздерді дұрыс жазу бойынша жарыстар немесе сөздік диктант ойындары.

Орфографиялық ойындар: ойындар арқылы білім алушылардың қызығушылығын оятып, оларды орфографиялық ережелерді үйренуге ынталандыруға болады. Мысалы, «Сөз құрастыру», «Сөзді тап», «Орфографиялық жарыс» сияқты ойындар арқылы білім алушылардың емле ережелерін меңгеруін жеңілдету.

Шығармашылық диктанттар және мәтін құрастыру: білім алушыларға берілген сөздерді пайдалана отырып, әңгіме немесе мәтін құрастыру тапсырмаларын беру. Бұл тәсіл білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, орфографиялық ережелерді қолдануды үйретеді.

*Сыныптағы жүйелі жұмыс және бақылау*

Жүйелі жұмыс: педагог орфографиялық нормаларды қалыптастыру үшін күнделікті жүйелі түрде жұмыс істеуі керек. Әрбір сабақта орфографияға байланысты белгілі бір тапсырмалар мен жаттығулар енгізу қажет.

Бақылау және кері байланыс: білім алушылардың жазбаша жұмыстарын үнемі тексеріп, қателерді талдап, түзетіп, олардың нәтижелерін қадағалау. Педагогтер білім алушылардың жетістіктерін атап өтіп, қиындықтарын анықтап, қажетті әдістемелік көмек көрсетуі тиіс.

Орфографиялық нормаларды қалыптастыру бастауыш сынып білім алушыларының сауатты жазу дағдыларын дамытуда маңызды кезең болып табылады. Бұл жұмыс педагогтердің кәсіби біліктілігіне, білім алушылардың ынтасына және ата-аналардың қолдауына байланысты жүзеге асады. Білім алушылардың сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру үшін жүйелі және әдістемелік жұмыстар жүргізу қажет.

2. Каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру бастауыш сынып білім алушыларының көркем, анық және сауатты жазу дағдыларын дамытудағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Каллиграфия – әріптер мен сөздерді эстетикалық тұрғыдан әдемі әрі оқуға қолайлы етіп жазу өнері. Каллиграфиялық дағдыларды қалыптастыру үшін жүйелі және жан-жақты әдістер қажет.

Каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру жолдары

*Әріптерді дұрыс жазуды үйрету:* білім алушыларға әріптердің жазылу ретін, биіктігін және көлбеуін көрсету арқылы жазуға үйрету. Әр әріптің элементтерін дұрыс біріктіруді, әріптердің жоғарғы және төменгі шекараларын сақтауды үйрету маңызды.

Әріптерді жазу кезінде қолдың, саусақтардың қозғалысын бақылау. Дұрыс техника мен қол қимылдарын көрсету арқылы білім алушыларды жазу процесіне машықтандыру.



*Жазуға арналған арнайы үлгілер мен дәптерлерді қолдану:* каллиграфиялық жазу дағдыларын дамыту үшін арнайы үлгілер мен жазу дәптерлерін (прописи) қолдану қажет. Бұл үлгілер әріптердің, сөздердің және сөйлемдердің қалай дұрыс жазылатынын көрсете отырып, білім алушылардың жазу шеберлігін жетілдіруге көмектеседі.

Арнайы жазу дәптерлерінде әріптерді жазу үлгілері және бағыттар көрсетілген сызықтар бар. Бұл білім алушылардың әріптерді, сөздерді және сөйлемдерді бірдей көлбеуде, биіктікте жазуына көмектеседі.

*Жазу қозғалыстарының техникасын меңгерту:* білім алушыларға партада дұрыс отыру, қаламды дұрыс ұстау, қол мен саусақтардың қозғалысын бақылау техникасын үйрету. Қолдың қозғалысы еркін және жеңіл болуы керек, бұл ұзақ уақыт бойы жазу кезінде қолдың шаршап қалмауына ықпал етеді.

Қаламды немесе қарындашты тым қатты ұстамауға үйрету. Білім алушыларды қаламды жеңіл ұстап, әріптерді табиғи жазуға машықтандыру қажет.

*Күнделікті жазу жаттығулары:* әр сабақтың басында немесе соңында қысқа уақытқа каллиграфиялық жазу жаттығуларын ұйымдастыру. Бұл жаттығулар әріптер мен сөздердің әдемі жазылуын жетілдіруге көмектеседі және білім алушылардың қолының икемділігін арттырады.

Әріптер мен сөздерді тақтада жазу арқылы білім алушылардың назарын олардың дұрыс жазылуына аудару. Педагогтің көрсетуі білім алушыларға үлгі болады.

*Үлгі бойынша көшіріп жазу:* білім алушыларға мәтінді немесе сөздерді педагогтің үлгісі бойынша көшіруді тапсырма ретінде беру. Бұл әдіс білім алушылардың әріптердің формаларын, биіктігін, енін, байланыстарын есте сақтауға көмектеседі және олардың каллиграфиялық дағдыларын жетілдіреді.

Дәптерге тек үлгі бойынша көшіріп жазуды ғана емес, сонымен қатар өз бетінше де әдемі жазуды ынталандыру.

*Жазу дағдыларын бақылау және түзету:* білім алушылардың жазу дәптерлерін үнемі тексеріп, қателерді түзету маңызды. Қателерді талдау және түсіндіру арқылы оларды түзетудің жолдарын көрсету керек.

Жазу барысында әріптердің дұрыс байланысуы мен сөздердің дұрыс жазылуын үнемі қадағалау. Қателерді дер кезінде түзету арқылы білім алушылардың әдемі және сауатты жазуға дағдылануын қамтамасыз ету.

*Қолайлы жазу құралдарын пайдалану:* жазу құралдарының сапасы каллиграфиялық дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жазуға ыңғайлы қаламдар, қарындаштар және арнайы жазу дәптерлерін қолдану керек. Бұл құралдар білім алушыларға жазу процесін жеңілдетіп, көркем жазуға ықпал етеді.

Қаламның түсі, сызықтың қалыңдығы, жазуға арналған дәптердің қағаз сапасы сияқты факторлар да маңызды.

*Мұғалімнің жеке үлгісі:* Педагогтің өзі де каллиграфиялық жазу нормаларын сақтауы керек. Әріптерді дұрыс және әдемі жазып көрсетуі арқылы

білім алушыларға үлгі болу. Сынып тақтасында жазған кезде де жазудың каллиграфиялық талаптарға сай болуын қамтамасыз ету.

Каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру жүйелі және мақсатты жұмыс нәтижесінде ғана жүзеге асады. Бұл білім алушылардың жазу шеберлігін дамытып қана қоймай, олардың ұқыптылығы мен зейінділігін арттыруға көмектеседі. Педагогтердің үздіксіз қолдауы, қателерді түзетуге бағытталған жұмысы және білім алушылардың ынтасы – каллиграфиялық дағдыларды дамытудағы басты шарттар.

3. Жүйелілік және бақылау — бастауыш сынып білім алушыларының каллиграфиялық және орфографиялық жазу дағдыларын тиімді қалыптастыру үшін қажетті маңызды компоненттер. Жүйелілік пен бақылау білім алушылардың дағдыларын кезең-кезеңмен дамытып, олардың жазуындағы қателіктерді дер кезінде анықтап, түзетуге мүмкіндік береді.

Жүйелілік және бақылауды қамтамасыз ету жолдары (сабақта тұрақты түрде жаттығулар жасау)

*Жүйелі жазу жаттығулары:* білім алушылардың каллиграфиялық және орфографиялық дағдыларын дамыту үшін әр сабақта жүйелі түрде жазу жаттығуларын өткізу қажет. Бұл жаттығулар әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс және көркем жазуға бағытталған болуы керек.

*Әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар:* білім алушылардың жазу дағдыларын біртіндеп күрделендіре отырып, әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар беру. Мысалы, алдымен қарапайым әріптер мен сөздерді жазу, содан кейін күрделі сөйлемдер мен мәтіндерді жазуға көшу.

Дәптерлерді үнемі тексеріп, бағалау

*Дәптерлерді тұрақты тексеру:* педагогтер білім алушылардың дәптерлерін үнемі тексеріп, олардың жазу сапасын, каллиграфиялық және орфографиялық ережелерді сақтағанын бақылауы қажет. Қате жазылған сөздерді, дұрыс емес әріптерді және сөйлемдерді белгілеп, оларды түзету жолдарын түсіндіру керек.

*Бағалау критерийлерін анықтау:* каллиграфиялық және орфографиялық дағдыларды бағалау үшін нақты критерийлер орнату. Бұл білім алушыларға қандай талаптарға сай жазу керектігін түсінуге көмектеседі және олардың жұмысын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Кері байланыс беру

*Жеке кері байланыс:* білім алушылардың дәптерлерін тексергеннен кейін жеке кері байланыс беру маңызды. Бұл білім алушыларға олардың қателіктерін түсінуге және оларды түзетуге көмектеседі. Жеке түсіндіру арқылы әр білім алушының даму деңгейін ескеріп, жеке бағытта жұмыс жасауға болады.

*Қателерді талдау және түзету жұмысы:* қателерді тексеріп қана қоймай, оларды сыныппен бірге талқылау маңызды. Білім алушылардың қателіктерін анықтап, олардың себебін түсіндіріп, дұрыс жазу тәсілдерін көрсету арқылы педагогтер орфографиялық және каллиграфиялық дағдыларды жетілдіреді.

Жазу сапасын жақсартуға арналған ынталандыру

*Марапаттау жүйесі:* жазу сапасын жақсарту үшін білім алушыларды ынталандыру маңызды. Мысалы, каллиграфиясы немесе орфографиясы жақсарған білім алушыларды мақтау, арнайы жұлдызшалар немесе сертификаттар беру арқылы көтермелеу.

*Жарыстар мен көрмелер ұйымдастыру:* жазу мәдениетін дамыту үшін сынып ішінде каллиграфия және емле бойынша жарыстар немесе көрмелер өткізуге болады. Бұл білім алушыларды қызықтырып, олардың жазу дағдыларын жақсартуға ынталандырады.

Жазу мәдениетін жетілдіруге бағытталған арнайы сабақтар

*Арнайы каллиграфия сабақтары:* білім алушылардың каллиграфиялық жазу дағдыларын дамыту үшін арнайы сабақтар өткізу. Бұл сабақтарда педагогтер әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді әдемі жазудың әдістері мен техникасын үйретеді.

*Орфографиялық ережелерді бекіту:* орфографиялық дағдыларды дамыту үшін емле ережелерін үйренуге бағытталған арнайы сабақтар ұйымдастыру. Бұл сабақтарда диктанттар, жаттығулар және жазба жұмыстары арқылы білім алушылардың орфографиялық білімдерін бекіту қажет.

Ата-аналармен байланыс және қолдау көрсету

*Ата-аналармен жұмыс:* ата-аналармен байланыс орнатып, білім алушылардың үйдегі жазу жаттығуларының маңыздылығын түсіндіру қажет. Ата-аналар балалардың дәптерлерін тексеріп, оларды қолдап, жазу жаттығуларын жасауды қадағалай алады.

*Үй тапсырмасын жүйелі орындау:* білім алушыларға үй тапсырмасы ретінде каллиграфиялық және орфографиялық жаттығулар беру арқылы олардың жазу дағдыларын үйде де дамытуға болады.

Жүйелілік және бақылау каллиграфиялық және орфографиялық дағдыларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Жазу дағдыларын дамыту үшін күнделікті жүйелі жаттығулар, дәптерлерді тұрақты тексеру, қателерді талдау және түзету, марапаттау және ынталандыру жүйелері маңызды болып табылады. Жүйелі жұмыс пен бақылаудың үйлесімділігі білім алушылардың сауатты, әдемі жазу дағдыларын жетілдіруде ең тиімді құралдардың бірі болып табылады.

## 2. Бастауыш сынып білім алушылары үшін бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

### Білім алушылардың дәптерлерін жүргізу тәртібі

Білім алушылар дәптерлерін каллиграфиялық талаптарға сай ұқыпты, анық және түсінікті жазумен толтыруы қажет. Дәптерде көк қаламмен жазып, сызықтар мен фигураларды қарындашпен орындау қажет. 1 және 2-сынып білім алушылары жазуды тар жол дәптерлеріне, ал 2-сыныптың екінші жартысынан бастап және 3-4-сыныптарда кең жол дәптерлеріне жазады.

Педагог білім алушыларға әріптер мен сандардың дұрыс жазылуын, буындар мен әріптерді байланыстыруды көрсетіп, қателерді түзетуге басшылық етеді. Тексеру барысында қате жазылған әріптерді түзетіп, дәптердің шетіне дұрыс жазылу үлгісін көрсету керек (қате қосылуларды сызып, дұрысын жаңа жолға жазып үлгі көрсету арқылы түсіндіреді).

Барлық дәптерлерде келесі жұмыс түрлері белгіленеді:

- сынып жұмысы;
- үй жұмысы;
- каллиграфиялық дағдыны жетілдіру жұмысы;
- қателермен жұмыс (қажет болған жағдайда).

Әр білім алушыда оқу, тексеру және бақылау жұмыстарын жүргізу үшін келесідей дәптерлер болуы тиіс:

№	Оқу пәні	Дәптерлер саны		Оқу кезеңі	Түсініктеме
		Жұмыс	Бақылау		
1.	Әліппе Қазақ тілі	жазу дәптері 2	жоқ 1	әліппе оқу кезеңінде 2-4-сыныптар	1,2 дәптердің болуы рұқсат етіледі
2.	Әдебиеттік оқу	1	-	2-4-сыныптар	дәптердің болуы рұқсат етіледі
3.	Математика	жазу дәптері 2	жоқ 1	әліппе оқу кезеңінде 2-4-сыныптар	1,2 дәптердің болуы рұқсат етіледі
4.	Жаратылыстану	1	жоқ	1-4-сыныптар	Жұмыс дәптерлерін ОӘК кіретін баспа негізінде
5.	Дүниетану	1	жоқ	1-4-сыныптар	Жұмыс дәптерлерін ОӘК кіретін баспа негізінде

Әдебиеттік оқуға арналған дәптерлер: Бұл дәптерлерде білім алушылар шығармашылық жұмыстарды (шығарма жазу, сурет салу, шығармаларға жоспар құру, әдеби ұғымдардың анықтамаларын жазу) орындай алады.

Дәптерлерді рәсімдеу барысында төмендегі талаптар сақталуы тиіс:

1) азат жол: Әрбір жаңа абзацты рәсімдегенде оңға қарай кемінде 2 см (екі саусақ) шегіну қажет. Бірінші сыныптан бастап азат жолды сақтау міндетті;

2) жолдар: Жұмыс барысында жолдар қалдырылмайды; мәтін үздіксіз жазылады. Әр жаңа бет жоғарғы жолдан бастап, соңғы жолға дейін толтырылуы тиіс;

3) шеттер: Әр жолды сол жақтан рәсімдегенде шеттен 0,5 см-ден артық шегінбеу қажет. Оң жақ шетте жолды соңына дейін толтыру талап етіледі. Сөздерді тасымалдау ережелерін сақтау міндетті, ал жолда негізсіз бос орындардың болуы рұқсат етілмейді.

Дәптерлердің сыртқы мұқабасы келесі үлгі бойынша толтырылады:

<i>Астана қаласы әкімдігінің Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының 3<sup>а</sup>-сынып оқушысы Асанов Асанның қазақ тілі дәптері</i>	<i>Астана қаласы әкімдігінің Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының 3<sup>а</sup>-сынып оқушысы Асанов Асанның математика дәптері</i>
---	---

1-сынып білім алушыларының дәптерлерін бастапқыда педагог (ата-анасы) толтырады. 2-сыныптың екінші жартыжылдығынан бастап білім алушылар дәптерлерін педагогтің басшылығымен өздері толтыруға кіріседі.

Дәптердегі барлық жұмыстар келесі талаптар мен ережелерге сәйкес орындалуы қажет:

- жазу тәртібі: Барлық жазбалар ұқыпты және түсінікті жазылуы керек;

- күн реті мен ай атының жазылуы (тіл пәндерінде): 1-сыныптың бірінші жартыжылдығында ай атауы жазбаша түрде, ал күн реті араб цифрымен жолдың ортасынан жазылады. 1-сыныптың екінші жартыжылдығынан бастап 2, 3, 4-сыныптарда да ай аты мен күн реті толық жазбаша жазылады;

- пунктуация: күн реті мен жұмыс түрінен кейін нүкте қойылмайды;

- жұмыс атауы: Жұмыс атауы келесі жолдың ортасына (жол тастамай) жазылады, соңына нүкте қойылмайды. Мысалы:

Қазақ тілі	Математика
Қазанның тоғызы	Қазанның 9-ы
Сынып жұмысы	Сынып жұмысы

Үй жұмысы сынып жұмысының жалғасы ретінде қарастырылады, сондықтан оған күн реті жазылмайды.

Сабақтағы үздіксіз жазу ұзақтығы: 1-сыныпта: 3 минуттан аспауы тиіс. 2-сыныпта: 10 минутқа дейін рұқсат етіледі. 3 және 4-сыныптарда: 20 минутқа дейін созылуы мүмкін.

Үй тапсырмасының көлемі сынып жұмысының жалпы көлемінің 1/3 бөлігінен аспауы керек [13].

Білім алушыларға үй тапсырмалары олардың орындау мүмкіндіктері ескеріле отырып беріледі, 2-сыныпта 50 минуттан, ал 3-4-сыныптарда 1 сағат 10 минуттан (астрономиялық сағатта) аспайды [1].

Қазақ тілі бойынша жазбаша жұмыстарды рәсімдеу ережелері:

Дәптерлерді пайдалану: 1 және 2-сынып білім алушылары жазбаша жұмыстарды тар жол дәптерге орындайды. 2-сыныптың 2-жартыжылдығынан бастап үлкен жол дәптерге көшу жазу дағдысы толық қалыптасқан жағдайда, педагогтің шешімімен жүзеге асырылады, бірақ кешіктірмей 3-сыныптан бастап қолданылуы тиіс.

Күн мен тақырыпты жазу: күн мен тақырып арасында, сондай-ақ жұмыс түрі мен тақырып арасында жол қалдырылмайды. Сынып және үй жұмыстары

аяқталғаннан кейін екі жол бос қалдырылып, жазу үшін үшінші жолдан бастау қажет.

Көркем жазу жаттығулары: 1-2 сыныптарда күн сайын 2 жолдан жазу қажет. 3-4 сыныптарда күн сайын 3-4 жолдан жазылуы тиіс. Білім алушының партада дұрыс отыруы, дәптерді дұрыс қоюы және қаламды дұрыс ұстауына назар аудару маңызды.

Жазу тәртібі: мәтін жазу барысында азат жол сақталады. Өлең жолдары азат жолсыз, жолдарға бөлініп, автордың тыныс белгілерін сақтай отырып жазылады.

Қосымша ережелер: сызулар тек қарындашпен мұқият орындалады. 1-сыныптың 3-тоқсанынан бастап «жаттығу» сөзі толық жазылады. Мысалы, 15-жаттығу.


Сөздерді бағандарға бөліп жазғанда бірінші сөз бас әріппен үтірсіз жазылады. Мысалы: Әже

әлем.

Сынып және үй жұмысы: сынып және үй жұмысын орындағанда тапсырмалар арасында жол қалдырылмайды. Сынып жұмысы мен үй жұмысы арасында екі жол бос қалдырылады.

Талдау және ережелер: талдау жасау тапсырмалары қара қарындашпен орындалады. Ереже мен емлені белгілеу үшін жасыл сияны қолдануға рұқсат етіледі. Жұмыстарды тексеру қызыл түсті сиямен жүргізіледі.

Дәптердегі жазбалар: педагог тек тексерілетін жұмысқа қатысты ғана дәптерде жазбалар жасай алады. Білім алушының тәртібіне қатысты жазбаларды дәптерге жазуға тыйым салынады.



### Көркем жазу жұмыстары

Көркем жазуға әр сабақ сайын 5-7 минут бөлінеді. Тақтада түсіндіре отырып жазу үлгісі көрсетіледі. Көркем жазу жұмыстарының көлемі:

1-2-сыныпта	3-сыныпта	4-сыныпта
1-2 жол	3 жол	3-4-жол

Дәптердегі жазбаларды тексеру және түзету ережелері:

Үлгі көрсету: педагог тексеруден кейін білім алушыға үш жолдан аспайтын көлемде түзетуге бағытталған үлгі жазуды көрсетеді.

Әріптерді дұрыс қосуға арналған жұмыс: бастауыш сыныптарда оқыту барысында, барлық төрт жыл бойы әріп элементтерін дұрыс байланыстыруға арналған жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Тексеру және түзету: сынып және үй тапсырмаларын тексергенде, дұрыс жазылмаған әріптерді түзету керек.

Қажет болса, дәптер шетіндегі қызыл сызықта қате жазылған әріптер мен қосылуларды арнайы көрсету қажет.

Әріптерді және олардың байланысуын түзету үшін жазу жаттығулары беріледі, бұл білім алушылардың каллиграфиялық дағдысын дамытуға көмектеседі.

### Қазақ тілінен жазба жұмыстарының көлемі

#### Бақылау жұмысы мәтіндердің мөлшері

1-сынып		2-сынып		3-сынып		4-сынып	
1 жж	2 жж	1 жж	2 жж	1 жж	2 жж	1 жж	2 жж
10-12	15-20	30-35	35-40	40-50	50-65	65-70	75-80

#### «Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының түрлері және көлемі

Жазба жұмыстарының түрлері	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Диктант	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Көшіру	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Мазмұндама	40-60 сөз	60-80 сөз	80-100 сөз
Шығарма	25-35 сөз	35-55 сөз	55-70 сөз

#### Бастауыш мектептегі бақылау жұмыстарының (шамамен) саны:

Пәндер	Сыныптар															
	1-сынып				2-сынып				3-сынып				4-сынып			
	1т	2т	3т	4т	1т	2т	3т	4т	1т	2т	3т	4т	1т	2т	3т	4т
Қазақ тілі																
диктант	-	-	-	-	1	1	2	2	2	2	3	2	2	2	3	2
көшіру диктанты	-	-	1	1	1	1	1	1	-	1	1	1	1	-	-	1
шығармашылық жұмыс (мазмұндама, шығарма)	-	-	-	-	2/1	1/2	2/2	2/1	2/2	1/2	3/2	2/2	2/2	2/2	3/2	2/2
Математика																
бақылау жұмысы	-	-	-	-	1	1	2	2	2	2	3	2	2	2	3	2
Әдебиеттік оқу																
Оқу жылдамдығының нормасы																
1-жартыжылдық	буындап оқу				40-50 сөз				60-70 сөз				80-90 сөз			
2-жартыжылдық	25 сөз және одан жоғары				50-60 сөз				70-80 сөз				90-105 сөз			

#### Сөздік диктанттар (әр 2 аптада 1 рет өткізіледі)

Сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Сөздік диктанттағы сөздер саны	5-7 сөз	8-10 сөз	10-12 сөз	12-15 сөз

Сөздік диктант – сабақтың кез-келген кезеңінде жүргізілетін маңызды оқу құралы. Оның негізгі мақсаты білім алушылардың жазу сауаттылығын және орфографиялық дағдыларын дамыту болып табылады. Сөздік диктанттар білім алушылардың фонетикалық тұрғыда қиындық туғызатын сөздерін, жыл бойы меңгеруге тиісті термин сөздер мен өтілген жаңа сөздерді жазу үшін қолданылады.

Сөздік диктанттар тұрақты түрде, әдетте, әр екі аптада бір рет өткізіледі. Педагогтер бұл диктанттарда білім алушыларды дұрыс жазуға үйрету үшін арнайы таңдалған сөздерді қолданады. Бұл жаттығулар білім алушылардың орфографиялық ережелерді меңгеруіне көмектеседі, сондай-ақ жазу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Сөздік диктантты жүйелі түрде өткізу білім алушылардың жазу мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

### *Қателермен жұмыс*

Қателермен жүйелі жұмыс жүргізу оқу процесінің маңызды аспектісі болып табылады және оны білім алушылардың жұмыс дәптерлерінде орындау ұсынылады. Білім алушылардың оқу белсенділігін арттыру және қателерді түзету кезінде жеке-дара дифференциалды тәсілді қолдану үшін педагогтерге қателерді түзетудің әртүрлі әдістерін пайдалануды ұсыну қажет.

Қателермен жұмысқа ұсынылатын сөздердің саны әр білім алушы үшін жеке-кей анықталуы тиіс және орындалатындай болуы керек. Мәтіндер мен шығармаларды тексеру кезінде орфографиялық және тыныс белгілері қателерімен қатар фактілік, логикалық, тілдік және грамматикалық қателер де түзетіледі. Бұл қателер толқын сызықпен сызылып көрсетіледі.

Фактілік қателер: мазмұндама жазу кезінде авторлық мәтіннен елеулі ауытқулар, мағынаны бұрмалау.

Логикалық қателер: қажетті сөздерді өткізіп жіберу, мазмұндаманың басты бөлігінің болмауы, маңызды оқиғаларды өткізіп алу, пікірдің реттілігін бұзу, мағынасыз немесе парадоксальды пікірлер.

Тілдік қателер: сөздерді орынсыз мағынада қолдану, қайталау, лексикалық үйлесімсіздік, эмоционалды-экспрессивті реңкті ескермей қолдану, диалектілік немесе қарапайым сөздерді пайдалану, септеуде немесе сөз жасау кезінде қателіктер.

Мазмұндама мен шығарма жазғаннан кейін қателермен жұмыс міндетті түрде жүргізілуі қажет және ол тілдік, логикалық, фактілік қателерді түзетуді қамтиды. Қателермен жұмыс келесі күні жүргізілуі мүмкін, бірақ ұзақ уақыт өткен соң (1-2 апта) жүргізу тиімдірек болады. Педагог осы тәсілдерді алмастырып қолдануға құқылы. Бақылау жұмыстарынан кейін қателермен жұмысты орындау қажеттілігі жұмыстарды элементтік талдаудан кейін педагогтің шешімі бойынша анықталады.

#### Жазба жұмыстарын тексеру тәртібі

Жазба жұмыстарын тексергенде келесі ережелерді ұстану қажет:

- қатенің астын сызу: Түзету қызыл сиямен жүргізіледі;
- көлбеу сызықпен белгілеу: Қате жазылған әріп немесе тыныс белгісі көлбеу сызықпен сызылады, қажетті тыныс белгісі қойылады;
- жіңішке түзу сызықпен белгілеу: Қате жазылған сөздің бөлігі, сөйлем жіңішке түзу сызықпен сызылып тасталады;
- жіңішке көлденең сызықпен белгілеу: Сөздің бөліктері, сөздер, сөйлемдер жұқа көлденең сызықпен сызылады;
- қателіктерді белгілеу: қателіктер жақшаларға алынбайды;
- үлгі жазу: педагог дәптердің өрісіне (қызыл сызықтан кейін) қате жазылған әріптерді немесе әріптердің қосылуын үлгі ретінде жазады.

Сыныптар бойынша жазу:

- 1-2 сыныптарда сызылып тасталғанның үстіне әріп, сөйлем жазылады;
- 3-4 сыныптарда (дәптер шетіне) жазылады: (/) – емлелік қате, (V) – тыныс белгілерінен жіберілген қате;
- балл қою: Балл тапсырманың сол жағына қойылады;



- түсіндірме, мадақтау: Түсіндірме және мадақтау жазуларын жазуға болады;

- тексеру: Жазба жұмыс дәптерлері күнбе-күн тексерілуі керек;

- қатемен жұмыс: Қатемен жұмыс жасалуы қажет.

Қателер деп есептелмейтін жағдайлар:

- бақылау жұмысы алынғанға дейін оқылмаған ережелерге сәйкес сөздер, тыныс белгілері;

- келесі сөйлем бас әріптен жазылып, бірақ нүкте қойылмаса;

- мәтін мазмұны бұзылмайтындай етіп басқа сөзбен ауыстыру жағдайы бір рет кездескенде;

- тасымалдауда алдыңғы жолда сөздің бір бөлшегі келесі жолда қайталанып жазылса;

- бір сөзі қайталап жазып қойса.

1 қатеге есептелетіндер:

- екі орфографиялық бірдей қате;

- ұқсас екі тыныс белгі қатесі.

- 2 өрескел емес қате (мысалы: «орындық», «қаала» тектес).

Ескерту: диктант, бақылау жұмысын жазу барысында педагог бір орында тұрып оқуы, жазғызуы керек. Әрі-бері жүріп, білім алушылардың зейінін шаршатуға болмайды. Сөздерді артық қайталай беру білім алушының сауатты жазуына кері әсер етеді. Барлық жұмысты әдістемесін сақтай отырып жазғызған тиімді.

Сөздерді қатарға жазу:

- бірінші сөз азат жолдан басталып, бас әріппен жазылады;

- сөздер үтір арқылы бөлінеді, жазу соңында нүкте қойылады. Мысалы: Жел, шығыс, құм;

- түрлі талдауларды орындау:

Сөздердің қысқартулары мен терминдердің белгіленген нормаларын сақтау қажет.

Сөз тек дауыссыз әріптермен қысқартылады: дауыссыз – д-з, дауысты – д-ты, қатаң – қат, зат есім – з. е., сын есім – с.е., етістік – ет., шылау – шыл., өткен шақ – өтк. ш., осы шақ – осы ш., келер шақ – кел. ш., жекеше – жек., көпше – көпше. Септіктердің атаулары бас әріппен көрсетіледі (А.с., І.с., Б.с., Т.с., Ж.с., Ш.с., К.с.) [18].

*Бастауыш білімді аяқтау кезіндегі оқу техникасына қойылатын талаптар:*

Оқу тәсілі: сөздерді тұтас оқу.

Оқудың дұрыстығы: әдеби тіл нормаларын сақтап, бейтаныс мәтінді оқу.

Оқу жылдамдығы: мәтінді түсінуге мүмкіндік беретін қалыпты оқу темпі.

Жылдамдықты біртіндеп арттыру: оқу жылдамдығын біртіндеп арттыру.

Дауыстап оқу барысында сөйлемнің нақты мағынасын жеткізу үшін қажетті интонацияны, паузаларды, логикалық екпінді сақтай отырып, дауыстап дұрыс және түсініп оқу қалыптасуы қажет. Бастауыш мектепті аяқтау деңгейіндегі білім алушылар кез келген көлемдегі және жанрдағы мәтінді жылдамдықты ескермей, түсініп іштей оқи білуі керек.

1-сынып: жеке сөздерді, сөйлемдерді, қысқа мәтіндерді түсініп, дұрыс, буын бойынша бірқалыпты оқу. Біртіндеп сөздерді тұтас оқуға көшу.

2-сынып: сөздерді тұтас түсініп және дұрыс оқуға көшу. Мәтінді іштей түсініп оқу дағдысын қалыптастыру. Тиісті интонация, тон, темп және дауыс қаттылығын сақтай отырып, түсініп, дұрыс, мәнерлеп оқу.

3-сынып: дұрыс, түсініп, біршама жылдам әрі мәнерлеп, дауыстап және іштей сөздерді тұтас оқу. Сөйлем құрылымына сәйкес интонацияны, сондай-ақ тонды, темпті, дауыс ырғағын, логикалық екпінді таңдау.

4-сынып: барлық қажетті нормаларды сақтай отырып, жылдам, түсініп, дұрыс және мәнерлеп оқу. Ауызекі сөйлеудің мәнерлілік құралдарын пайдалану.

Мәнерлеп оқуға дербес дайындалу. Кез келген көлемдегі және жанрдағы мәтінді түсініп іштей оқу.

#### *Оқыған мәтін көлеміне қойылатын талаптар*

<i>2-сыныпта</i>	<i>3-сыныпта</i>	<i>4-сыныпта</i>
1/4 бет	1/3 бет	оқу кітабының 1/2 беті

#### *Қателер мен кемшіліктерді жіктеу*

##### Қателер:

- оқылатын сөздердің бұрмалануы: әріптердің, буындардың, сөздердің ауысуы, түсіп қалуы немесе қосылып кетуі;
- екпіннің дұрыс қойылмауы: екі немесе одан көп екпіннің болуы;
- мәтінді паузасыз оқу: дауыстап оқығанда сөздерді анық әрі бірқалыпты оқудың бұзылуы;
- мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеу: белгіленген оқу уақыты ішінде оқылған мәтіннің мазмұнын түсінбеу;
- сұрақтарға дұрыс жауап бермеу: мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап бере алмау;
- негізгі ойын ажырата алмау: оқыған мәтіннің негізгі ойын анықтамай, көмектесетін сөздер мен тіркестерді таба алмау;
- оқиға реттілігінің бұзылуы: мәтінді мазмұндау кезінде оқиға реттілігінің бұзылуы;
- өзіне сенімсіздік: жатқа айтуға дайындалған мәтінді сенімсіз айту;
- оқудың бірсарынды болуы: мәнерліліктің жоқтығы.

##### Кемшіліктер:

- екіден артық екпіннің дұрыс қойылмауы;
- мағыналық паузаларды бұзу: оқудың темпін және сөздерді анық айтуды бұзу;
- берілген уақыттан тыс мәтінді түсінуге қол жеткізу;
- негізгі ойын тұжырымдаудағы дәлсіздіктер;
- мәнерлілік құралдарын орынды қолданбау: кейіпкердің мінезін жеткізудегі мәнерліліктің жеткіліксіздігі [14].

#### *Білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуіне қойылатын бірыңғай талаптар*

##### 1) сөйлеудің әдеби тіл нормалары:

- айтылу және екпін нормаларына сәйкес болуы;

- сөздердің лексикалық мағынасына және сөйлеу тілінің стильдерінде қолданылу ерекшеліктеріне сай болуы;

- грамматика талаптарына сай сөздердің жасалуы мен өзгеруі, сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрылу нормаларына сәйкестігі;

- орфография және пунктуация нормаларына сәйкестігі.

Сөйлеудің қасиеттері:

- дұрыс, дәл, таза, мәнерлі, логикалы, орынды қолдану, тіл байлығы;

- білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуіне бірыңғай талаптарды іске асыру тәртібі

Білім беру ұйымдарында барлық білім алушыларға, педагогикалық және басқа да қызметкерлерге арналған бірыңғай сөйлеу тәртібі енгізіледі.

Білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында, барлық оқу пәндерін оқыту процесінде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту мақсатында әртүрлі мәтіндермен жұмыс жасаудың алуан түрлі формалары мен түрлері қолданылады.

Білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту оқу сабақтарында жүзеге асырылады.

Педагогтер өз пәндерін оқыту барысында білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамытуға назар аударып, олардың сөйлеуін түзетіп отырады.

Педагогтер білім алушылардың белсенді сөздік қорын байыту, оқытылып жатқан пәннің терминологиясын қосу бойынша жұмыс жүргізеді.

Кітапхана қызметкерлері білім алушыларды кітап оқуға баулу және кітапхана ресурстары, оның ішінде электрондық ресурстар арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу нормаларын насихаттау бойынша жұмыс жүргізеді.

Білім беру ұйымына білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту, оқуға баулу, кітап оқуға қызығушылықты арттыруға бағытталған әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды өткізуге мүмкіндік беріледі.

Білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуіне қойылатын бірыңғай талаптар

1) білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуі қазіргі әдеби тіл нормаларына бағынуы тиіс:

- айтылу және екпін нормаларына;

- сөздердің лексикалық мағынасына сәйкес және сөйлеу тілінің әртүрлі стильдерінде қолданылу ерекшеліктеріне;

- грамматика талаптарына сай сөздердің жасалуы мен өзгеруіне, сондай-ақ сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрылу нормаларына;

- орфография және пунктуация нормаларына.

2) білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуі келесі қасиеттерге ие болуы керек: дұрыс, дәл, таза, мәнерлі, логикалы, орынды қолдану, тіл байлығы.

*Білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуіне бірыңғай талаптарды іске асыру тәртібі*

1) білім беру ұйымдарында барлық білім алушыларға, педагогикалық және басқа да қызметкерлерге арналған бірыңғай сөйлеу тәртібі енгізіледі;

2) білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында, барлық оқу пәндерін оқыту процесінде жүзеге асырылады;

3) білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту мақсатында әртүрлі мәтіндермен жұмыс жасаудың алуан түрлі формалары мен түрлері қолданылады;

4) білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту оқу сабақтарында жүзеге асырылады;

5) педагогтер өз пәндерін оқыту барысында білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамытуға назар аударып, олардың сөйлеуін түзетіп отырады;


6) педагогтер білім алушылардың белсенді сөздік қорын байыту, оқытылып жатқан пәннің терминологиясын қосу бойынша жұмыс жүргізеді;

7) кітапхана қызметкерлері білім алушыларды кітап оқуға баулу және кітапхана ресурстары, оның ішінде электрондық ресурстар арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу нормаларын насихаттау бойынша жұмыс жүргізеді;

8) білім беру ұйымына білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту, оқуға баулу, кітап оқуға қызығушылықты арттыруға бағытталған әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды өткізуге мүмкіндік беріледі.

#### Математика бойынша жазбаша жұмыстарды рәсімдеу

Сынып және үй жұмыстары арасында 4 тор көз бос қалдырылады (келесі жұмыс бесінші тор көзден басталады), ал жол басынан 10 тор көз қалдырылады. Сынып және үй жұмыстарындағы әртүрлі жұмыс түрлері арасында екі тор көз бос қалдырылады



Бағандарға жазылған өрнектер, теңдеулер, теңдіктер және басқа жазбалар арасында төрт тор көз оңға бос қалдырылады (бесінші тор көзден жазу басталады). Қабылданған халықаралық қысқартулар, мысалы: кг, дм, см, га, м, мм және т.б. қысқа жазылады. Қысқартулардан кейін нүкте қойылмайды. Кез келген жұмыста дәптердің сол жақ шетінен бір тор көз қалдырылады. Жаңа бетте жазу басталғанда, бір тор көз жоғарыдан бос қалдырылады. Дәптерлерде тапсырмалардың нөмірі сол жаққа жазылады.

Есептерді рәсімдеу белгіленген нормаларды сақтауды талап етеді. Қысқаша жазба олардың түріне сәйкес рәсімделеді. «Басты» сөздері бас әріппен жазылады. Мысалы:

Үлкен – 7м.	} ? м.	Ү – 7м.	} ? м.
Кіші – 3 м.		К – 3 м.	

Есептерді жазудың бірнеше түрі бар:

а) іс-әрекеттермен, өрнекпен, теңдеумен. Жауап толық жазылады: Жауап: барлығы 10 машина сатып алынды.

б) іс-әрекеттермен жазбаша түсіндірулермен, іс-әрекеттермен сұрақ жазуымен. Жауап қысқаша жазылады: Жауап: 10 машина.

Есептің шартын сурет, графикалық бейнелеу немесе кесте түрінде жазуға рұқсат етіледі. Графиктің (бағандардың) атаулары бас әріппен жазылады.

Егер есептегі амалдар саны 2-ден көп болса, олар реттік санмен белгіленеді: 1), 2) және т.б. «Жауап» сөзі шешімнің астында бас әріппен жазылады. 1-сыныпта жауап қысқа жазылады. Әліппе кезеңі аяқталғаннан кейін білім алушылар толық жауап жазады.

Амалдар тәртібін орындау кезінде өрнектерді рәсімдеудің келесі нормаларын сақтау қажет:


- өрнекті толық жазу;
- арифметикалық амал үстінен реттік сандармен амалдардың ретін көрсету;
- жазбаша есептеулерді төмен бір тор көз қалдырып, реттілікпен орындау;
- өрнектің соңғы мәнін жазу.

Мысалы:

$$\begin{array}{r}
 \phantom{3} \phantom{1} \phantom{4} \phantom{2} \\
 3450 - 145 \cdot 2 + 1265 : 5 = 3413 \\
 1) 145 \cdot 2 = 290 \\
 2) \begin{array}{r} 1265 \overline{) 5} \\ \underline{10} \phantom{0} \\ 26 \phantom{0} \\ \underline{25} \\ 15 \\ \underline{15} \\ 0 \end{array} \quad 3) \begin{array}{r} 3450 \\ \underline{290} \\ 3160 \end{array} \quad 4) \begin{array}{r} + 3160 \\ \underline{253} \\ 3413 \end{array}
 \end{array}$$


Жоғары сынып мұғалімдерінің күрделі теңдеулерді рәсімдеуге қойылатын талаптарына сәйкес шығарылған үлгі:

$$\begin{array}{l}
 x + 56 \cdot 2 = 638 \\
 x + 112 = 638 \\
 x = 638 - 112 \\
 x = 526 \\
 \underline{526 + 56 \cdot 2 = 638} \\
 638 = 638
 \end{array}$$



Ескерту тексеріс сызығынан кейін торкөз қалдырмай тексеру жазылады.

Геометриялық типтегі есептерді рәсімдеу. Барлық сызбалар қарапайым қарындашпен сызғыш арқылы орындалады. Өлшеу нәтижелері қаламмен жазылады. Әріптік белгілеулер бас әріппен, латын әліпбиінің бас әріптерімен жазылады. Фигура сызбасы тек есептің шартына сәйкес жасалады.



Мысалы: тік төртбұрыштың ұзындығы 12 см, ені 6 см. Тік төртбұрыштың периметрі мен ауданын есептеу.

Есептің қысқаша жазбасы және шешім үлгісі:

Ұзындығы – 12 см	$a = 12 \text{ см}$	$P=(a+ b)\cdot 2; P=a\cdot 2+ b\cdot 2$
Ені – 6 см	$b = 6 \text{ см}$	$S=a \cdot b$
Периметр – ? см	$P = ? \text{ см}$	$P = (12\text{см}+6 \text{ см})\cdot 2 = 36 \text{ см}$
Ауданы – ? см <sup>2</sup>		$S=12\text{см} \cdot 6 \text{ см} =72 \text{ см}^2$
Шешуі: $(12\text{см}+6\text{см})\cdot 2=36 \text{ (см)}$ $12\text{см}\cdot 6\text{см}=72 \text{ (см}^2\text{)}$	Жауабы:	тік төртбұрыштың периметрі 36 сантиметр, ауданы 72 шаршы сантиметр
Жауабы: тіктөртбұрыштың периметрі 36 сантиметр, ауданы 72 шаршы сантиметр		

Математикалық диктант жауаптарын рәсімдеу кезінде келесі талаптарды сақтау керек:

- арасында бір тор көз қалдырып отырып, жолға тек қана жауаптарды жазуға;

- санмен қатар өлшем бірліктерінің атауларын және т.б.

Үлгі: 675, 564 м, 78-ге, 7 рет.

Өрескел қателер:

- мысалдар мен есептердегі есептеу қателері;
- арифметикалық амалдардың орындалу ретінен жіберілген қателер;
- есепті дұрыс емес шешу (амалдарды дұрыс таңдамау, артық амалдар).
- есепті немесе мысалды соңына дейін шешпеу;
- тапсырманы орындамау.

Өрескел емес қателер:

- есептеудің рационалды емес әдісін қолдану;
- есепті шешу барысында сұрақты дұрыс қоймау;
- есептің жауабын дұрыс тұжырымдамау;
- деректерді (сандарды, белгілерді) дұрыс көшірмеу;
- өзгерістерді соңына дейін жеткізбеу.

Грамматикалық қателер үшін математикадан баға төмендетілмейді.

Бақылау жұмыстары:

Мақсаты: білім алушылардың білімін, дағдыларын тексеру.

Өздік жұмыс:

а) әр сабақта болуы тиіс;

б) педагогтің көмегін қарастырады;

в) бірнеше бөлікке бөлініп, сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданылуы мүмкін.

Жұмыстың мақсаты: білімді бекіту, тереңдету; үй тапсырмасын тексеру.

Жұмыс басталғанда балаларға хабарлау керек:

- тапсырмаларға берілген уақытты;
- тапсырманың мақсатын;
- оның қандай формада орындалуы керек екенін;
- нәтижені қалай рәсімдеу керек екенін;
- қандай көмек көрсетілетіні (тек «әлсіз» білім алушыға ғана емес, сонымен қатар «мықты» білім алушыға да көмек көрсетіледі, себебі оның қиындықтары денсаулығына байланысты болуы мүмкін) [14].

*Астана қаласы әкімдігінің Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Салменова Акерке  
Каирмагамбетовнаның тәжірибесінен*

Орфографияның негізі бастауыш мектепте білім берудің алғашқы сатысында қаланады. Мектеп білім алушыларында орфографиялық сауаттылықты қалыптастыру мектепте қазақ тілін оқытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, өйткені сауатты жазу жазбаша қарым-қатынаста ойдың дәлдігін және адамдардың өзара түсіністігін қамтамасыз етеді.

Білім алушының мектепте одан әрі білім алуы, оның орфографиялық және сөйлеу сауаттылығы, ана тілін жазбаша түрде меңгеруі бастауыш сыныптарда орфографиялық дағдының қаншалықты толық қалыптасқанына байланысты. Білім сапасын қамтамасыз ету мектеп үнемі айналысатын тұрақты мәселе болып қала береді.

Орфографияны оқытуда ең бастысы - орфографиялық ереже, оның қолданылуы, яғни емле мәселесін шешу. Алайда оның шешімі білім алушы ереженің қолданылуы объектісі - емлені көрсе ғана мүмкін болады.

Емле үлгісін таба білу арқылы ғана білім алушы оның нақты емлесін шеше алады. Бұл емле үлгілерін анықтау мүмкіндігін білдіреді, яғни орфографиялық қырағылық – негізгі орфографиялық дағды, сауатты жазудың кілті әріптерді үйренудің бірінші кезеңі.

Жазу кезінде орфографиялық заңдылықтарды ажырата алмау орфографиялық дағдының дамуына кедергі келтіретін негізгі себептердің бірі болып табылады. Емлеге «реакция» жасамай, білім алушылар дұрыс жазғандарына толық сенімділікпен қателермен жазады; бұл жағдайда ережелер қажетсіз болып шығады, педагогтер оларды жиі есіне алмайды. Бұл мәселенің өзектілігі орфографиялық қырағылықтың жоқтығы немесе оның нашар қалыптасуы орфографиялық қателердің негізгі себебі болып табылатындығына байланысты.

Бірінші сыныптан бастап білім алушыларды орфографиялық қырағылыққа ғана емес, өзін-өзі бақылауға да тәрбиелеу қажет. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдар: көшіру кезінде дәптерге жазылғанды жаттығу мәтінімен салыстыруды тұрақты талап ету, бірде бір әріпті түсіріп жіберуге немесе сөздің жазылуын бұрмалауға жол бермеу.

Әр сабақта біз білім алушыларды өз жазуын бақылауға ынталандыруымыз керек: қараңызшы, «Біз қандай сөз жазып жатырмыз?, Оны қалай жаздыңыз? Бұл сөзде неше әріп бар?, Оның неше дауысты дыбысы бар? Сіз келісесіз бе? Сіз бұл сөзді дұрыс жаздыңыз ба? Жазғандарыңызды кітаппен және тақтамен тексеріңіз» тағы басқа. Осындай сұрақтар білім алушыларды мұқият көшіріп алуға және әрбір сөздің дұрыс жазылғанына көз жеткізуге мәжбүр етеді. Білім алушыларда бірте-бірте өзін-өзі сынау қабілеттері қалыптасады, тек жазғаннан кейін ғана емес, жазу алдында, тек сабақта ғана емес, үйде де тапсырма орындағанда өзін бақылау әдеті қалыптасады.

Орфографияға байланысты жекелеген жұмыстар орындату үшін, білім алушылардың бар назары сол әрекетке аударылады, яғни жүргізілетін әрекет

саналы орындалады. Ал білім алушының назары оның шығармашылық еңбегін қажет ететін басқа бір жаңа мақсатқа жетуге аударылса, (мысалы, өз ойын жазбаша баяндап беруге), онда бірінші әрекет (орфографиялық жаттығу) басты мақсат болудан қалады да, білім алушылардың ынтасы жаңадан қойылған екінші мақсатқа (шығармаға) шоғырландырылады.

Орфографиялық нормаларды қалыптастырудың негізгі жолдары:

- *Емле ережелерін жүйелі түрде үйрету.*

Педагогтер әр сабақта орфографиялық ережелерді таныстырып, оларды мысалдар арқылы түсіндіруі керек.

Грамматикадағы «сөз құрамы» тақырыбы бойынша тілдік ережелер мен қағидаларды тиімді жолдармен тиянақты түсіндірмеу салдарынан туынды түбір, түбір сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер, көмекші сөздердің, септік жалғауларының түсіп қалуы немесе дұрыс қолданылмауы, қосымшалар (жұрнақ, жалғау) мен шылауды да ажырата алмағандықтан қателер жібереді. Әдетте мұндай қателерді грамматикалық ережелерді құрғақ жаттап алған, саналы меңгермеген, нақты сөздерге қандай ереже бойынша, қандай қосымша жалғанатынын жете түсінбеген білім алушылар жіберіп отырады. Мұндай қателердің болуы педагог тарапынан грамматикалық ережелерге сәйкес қажетті жаттығулар мен бақылау жұмыстары атүсті жүргізіліп, оларды оқулықтардан құр көшіріп жазғызумен ғана шектелген жағдайда болады. Педагог білім алушымен бірлесе отырып, материалды саналы меңгеріп қана қоймай, шығармашылықпен пайдалана алған жағдайда ғана бұл кемшілік жойылатыны белгілі.

- *Практикалық жаттығулар және диктанттар:*

Орфографиялық қателерді анықтау және түзету мақсатында диктанттар мен арнайы жаттығулар өткізу.

*Диктант* – білім алушылар алдында ешқандай жаңа мақсат қоймайтын таза орфографиялық жұмыс.

Диктанттардың бірнеше түрлері бар: көру диктанты, есту диктанты, түсіндіру диктанты, шығармашылық диктанттар және т.б.

Жазуға үйретуді оқудан бөліп қарауға болмайды. Жазуға үйретудің алғашқы күнінен бастап жазуға да қойылатын талапты естен шығармауы керек.

Сауатты жазудың негізі әліппенің сауат ашу кезеңінде қалыптасады. Бұл жұмыс шығармашылықпен ұштастырылғанда ғана білім алушы сауатты жазуға төселеді.

- *Сөздікпен жұмыс.* Білім алушылардың сөздікпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

- *Сөздік диктанттар:* Сөздіктегі сөздерді меңгеру арқылы білім алушылар жаңа сөздерді дұрыс жазуға дағдыланады.

- *Шығармашылық диктанттар және мәтін құрастыру.* Білім алушыларға берілген сөздерді пайдалана отырып, әңгіме немесе мәтін құрастыру тапсырмаларын беру.

Графикалық жазу - бұл басқа моторикамен көп ұқсастығы бар моториканың бір түрі. Оқу мен жазу бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ бұл



дағдылардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Білім алушыларды каллиграфиялық жазуға үйретуде осы ерекшеліктер мен қиындықтардың болуы мен таңдаған мәселені ерекше маңызды етеді.

Жалпы - «Каллиграфия» термині ол әдемі жазу өнерін білдіреді, яғни дұрыс (анық) және тұрақты қолжазбамен жаза білу.

Көркем жазу білім алушының мектеп табалдырығын аттаған күнінен басталады. Әдемі жазудың негізгі мақсаты – дұрыс, анық, тез жазуды және білім алушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастыру.

Мектептегі оқыту үрдісі әліппеден басталатыны белгілі. Әліппе оқу пәнінің басты мақсаты – балаға әріп таныту, яғни білім алушыға жазу мен оқуды үйрету.

Көркем жазу - аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені әліппе оқу барысында білім алушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйреніп қана қоймай, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс.

Демек, педагогтің алдында әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде білім алушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Көркем жаза білудің әр білім алушы үшін маңызы өте зор. Көркем жазу- бұл мәдениеттіліктің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға қарым-қатынасы, құрметі.

Көркем жазу- өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың білім алушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап білім алушының жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуіне әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету білім алушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Көркем, анық жазуға үйрету арқылы педагог білім алушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді. Жазу процесінде білім алушы дұрыс отыру керек, қаламды дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы - осының бәрі баланың көзіне, жазуына, жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді.

*Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:*

1. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек және білім алушы тік отыруы шарт.

2. Сол қол дәптерді басып, ал оң қолдың басы дәптерде жатады (бұл оң қолмен жазатын білім алушылар үшін. Сол қолмен жазатын білім алушылар үшін керісінше).

3. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт.

4. Оң қолмен жазса, жарық сол жақтан, сол қолмен жазса, оң жақтан түсуі керек.

Жазу құралдарын дұрыс ұстау тәсілін үйрету, әсіресе қарындаш пен қаламды қолдану барысында өте маңызды. Бұл кезеңде баланың қолы мен саусақтарының моторикасын дұрыс дамытуға ерекше назар аудару қажет. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстау әдісі орындалмаса, бұл моторикалық функцияларға әсер етіп, жазу дағдыларының қалыптасуына кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қаламды ұстаудың арнайы тәсілдерін қолдану өте маңызды. Бұл жазу процесін жеңілдетіп, қолдың шаршауын азайтып, баланың жазу дағдыларын қалыптастыруға тиімді ықпал етеді.

Жазу құралын ұстауды үйрену негізінен мыналарды қамтиды:

1. Жазу кезінде қолдың дұрыс орналасуына машықтану.
2. Қол мен саусақтың қалам ұстауға еліктейтін келбетін (позасын) қабылдауға үйрету.
3. Баланың алдында жатқан қаламды (қарындашты) ыңғайлы ұстауды қалыптастыру, жазу позициясын қабылдау.
4. Саусақтардың босаңсуын және керілуін үйрету, олар жазба нысанын ұстап тұрып, жазудың дұрыс күйін сақтайды.
5. Қаламды ұстап тұрып саусақтардың еркін қимылдарын дамыту жаттығуларын орындауы.



Партада отырғанда екі иықты бірдей биіктікте, арқаны тік ұстап отыру керек. Сол қолмен жазу.

Жазуды оқыту барысында баланы жетекші қолмен жазуға үйрету және жаттығуды зардап шеккен қолдағы әрекеттерді қалыпқа келтіруге бағытталған медициналық шаралар кешенімен (физиотерапия, арнайы гимнастика, дәрі-дәрмекпен емдеу) біріктіру ұсынылады.


Алайда, баланың жаттығулары мен жұмысының ұзақтығы 15 минуттан аспауы керек, содан кейін үзіліс жасап, баланың демалуына мүмкіндік беру керек. Бір реттік жалпы жұмыс ұзақтығы 30 минуттан аспауы керек екенін есте ұстаған жөн [15].

Балаларға арналған саусақ гимнастикасының көңілді қарым-қатынас жағдайында өтуі өте маңызды, өйткені егер бала гимнастиканы күнделікті, міндетті жаттығулар ретінде қабылдайтын болса, ол тез арада қызығушылығын жоғалтады және оны қайта ояту қиын болады. Саусақ гимнастикасы мен саусақ ойындары арқылы бала түрлі сенсорлық әсер алады, оның зейіні мен зейінін жинақтау қабілеті дамиды, сондай-ақ жаттығулар мен ойындар ересек пен баланың арасындағы жақсы қарым-қатынасты қалыптастырады.

Қаламды қауіпсіз ұстаудың он түрлі жолы жоқ: тек біреуі тиімді, өйткені ол білек икемді тірегін қамтамасыз етеді. Дегенмен, дәл осы икемділік кейінірек тез, анық және ұзақ уақыт жазуға мүмкіндік береді. Шиеленіскен немесе білегін

шаршаған бала бір күні колледжде немесе орта мектепте жазып алу қиынға соғады, бірақ ол кезде оны оңай түзетуге кеш болады.

Сондықтан оң жақ ұстағыш мынау: бас бармақ пен сұқ саусақ қарындашты біріктірмей ұстайды. Олар бірге қаламды өздігінен ұстайды: басқа саусақтар тірек ретінде қызмет етеді, бірақ біз қарындашты осы бір тістеуікпен ұстап, қалған үш саусақты астына жылжытуымыз керек. Балаға қарындашты тек осы екі саусақпен ұстай алатынын сезіндіріңіз: бұл оны бас бармақ пен сұқ саусақты дұрыс орналастыруға мәжбүр етеді, қаламда тырнақ пен тырнақты кездестіруге жол бермейді. Алдымен ортаңғы саусақтың бірінші буынына қызыл нүкте салу пайдалы болуы мүмкін. Нұсқау - бұл нүктені көрсетілгендей қысқышты ұстау арқылы қаламмен жасыруға тырысыңыз [<https://kk.healthy-food-near-me.com/teach-your-child-to-hold-his-pencil-or-pen-correctly/>].



Жазу барысында үнемі білім алушының жазуына көңіл бөліп, қаламды дұрыс ұстауды үйрету керек. Педагог жалпы жазу жұмысын оның ішінде көркем жазуды бастаудан бұрын сыныппен біршама даярлық жұмысын жүргізуі тиіс.

1. Жазу кезінде білім алушыларды дұрыс отыруға машықтандыру, көз бен қалам ұшы ара қашықтығы 25-30 сантиметрден кем болмауы, денені түзу ұстау, кеудені үстел бетінен 3-5 см алшақ етіп отыру.

Дұрыс отыру ережелері орындалмаса, білім алушылардың дене пішімі мен көзіне едәуір зақым келетінін педагог естен шығармауы керек.

2. Дәптерді дұрыс орналастыру. Дәптер кеуденің ортасына бағытталып, оң жақ үстіңгі бұрышы төмендеу етіліп, көлбеу қойылады, стол жиегінен көлбеу бұрышы 25 градус болу керек. Бұл ережені орындау барысында білім алушылар жазу техникасының аса бір қажетті шарты – солдан оңға қарай көлбеу жазуға машықтанады.

3. Қаламды дұрыс ұстауға үйрету, саусақ қалам ұшынан 2-2,5 сантиметр қашықтықта болу керек.

Жазу кезінде саусақтарға қозғалыс жаттығуларын жасап тұру, саусақтың бұлшық еттерін жетілдіру үшін керек.

Байланыстырып жазуды қалыптастыру үшін:

а) қолжазба әріптерінің биіктігі мен ені 2:1 қатысына сай болу керек ( үш негізгі элементтен тұратын ж, м, т, ф, ш, щ, ы, ю әріптерінен басқасы).

ә) жазу оң жаққа қарай 65° көлбеу болуға тиіс, әріптер мен әріп элементтерінің көлбеулігі бірдей болу керек.

б) дөңгелек немесе жартылай дөңгелек элементтері бар әріптерді сөз ішінде басқа әріптермен байланыстырудың негізгі екі әдісі (үстіңгі және астыңғы) ескеруі тиіс.

Әріптің үлгісі мен білім алушының өзі жазған әріптерді салыстыра алмаудың негізгі себептері:

1. Үлгімен салыстыра келе қате жазғанын көре тұра білім алушы қайта түзеп жаза алмайды. Себебі, әріптің жазылу бағытын білмейді. Яғни, көзбен қозғала отырып жазу қабілеті дамымаған. Білім алушыға дұрыс жазуға көмектесу үшін педагог қолын ұстап бағыттап отыру керек.

2. Педагог тақтаға әріптің жазылу әдісін көрсеткенде оның жазылу ерекшеліктеріне назар аудармайды.

Білім алушылар әріптердің жазба түрімен баспа түрін кейде шатастырады. Баспа түрі мен жазба түрін шатастырмас үшін әдісті қолданған дұрыс.



Каллиграфиялық дағдыны қалыптастыру өте күрделі және ұзақ процесс, ол бірнеше рет қайталаудан кейін ғана дәл және жылдам орындалатын мақсатты әрекеттерді қажет етеді. Бұл педагогтен уақытты, біршама күш-жігерді және жазудың барлық қыр-сырын білуді, сонымен қатар білім алушыдан шыдамдылық пен табандылықты талап етеді.

Каллиграфиялық қолжазбаға қол жеткізу білім алушы анық жазудың барлық ережелерін жүйелі түрде сақтаған жағдайда ғана мүмкін болады. Жазу жаттығуларын орындау үшін білім алушының талап ететін күш-жігері білім алушы осы жаттығулардың мәнін түсініп, мақсатқа жетуге қызығушылық танытса, сонымен қатар өзінің жазу дағдысының кемшіліктерін сезінсе ғана жүзеге асады.

Бастауыш сынып білім алушыларында каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру бастауыш мектептің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады: білім алушының болашақта жазу процесіне қалай қатысы барын анықтайтын бастауыш мектеп. Бастауыш сынып мұғалімі үшін каллиграфиялық қолжазбаның қалыптасуына ықпал етіп қана қоймай, әр білім алушының бойына дұрыс, әдемі, жылдам жазу қажеттілігін қалыптастыру маңызды.

*Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімінің №24 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімдері: Ахметова Шолтан Бурабаевна, Калдаманова Закира Асылбековна тәжірибесінен.*

Бастауыш сынып білім алушыларының жазу нормасында көркем және сауатты жазу дағдылары басты назарға қойылған. Осы дағдыларды қалыптастыру үшін тиімді жаттығу түрлері қажет болады. Ұсынылып отырған жаттығу түрлері бастауыш сынып мұғалімдері үшін тиімді. Жазуды үйрену білім алушылардың бойында каллиграфиялық дағдыларды қалыптастырудан басталады. Каллиграфиялық дағдыларды дамыту барысында тілге деген қызығушылықты ояту, өзін-өзі көрсету тәсілі ретінде жазу, қолдың ұсақ моторикасын шыңдау міндеттері шешіледі. Каллиграфиялық дағдыларды қалыптастыруға арналған арнайы түзету жаттығуларының жүйесі жүйелілік және жеке сараланған көзқарас принциптерін ескере отырып таңдалады.

Каллиграфия дағдыларын үйретудің мақсаты сабақта түрлі әдіс-тәсілдер арқылы каллиграфия дағдыларын дамыту.

Каллиграфия дағдыларын үйретудің міндеттері:

Түзету және тәрбиелік:

- жұмыс барысында дәптердің дұрыс орналасуын өз бетінше сақтауды және оны жоғарылатуды қалыптастыру;

- әртүрлі әріптермен және ұқсас емлемен, әріп тіркесімен және басқа да жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

Түзету және дамытушылық:

- сөздің дыбыстық және бейнелік бейнесінің айырмашылығын, дыбыстық-әріптік құрамын түсіну қабілетін дамыту;

- жазбаша тілді өзін-өзі көрсету тәсілі ретінде қарастыру дағдысын дамыту;

- әртүрлі формаларды көрнекі түрде қабылдау қабілетін жетілдіру;

- жазбаша тілді меңгеру қажеттілігін дамыту;

- жазудың гигиеналық ережелерін (дене қалпы, қол, дәптер және тағы да басқа) сақтау қабілетін автоматизмге келтіру;

- парақтың, жолдың кеңістігін шарлау және жазу элементтері арасындағы кеңістіктік қатынастарды оңай анықтай алу.

Түзету және тәрбиелік:

- білім алушыларда барлық қабылданған жазбаларды ұқыпты, түсінікті, эстетикалық дәйекті безендіруге ішкі қажеттілікті қалыптастыру;

- білім алушыларды ұқыптылыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа, жігерлілікке тәрбиелеу.

Каллиграфиялық жазу дағдыларын дамытуда негізінен келесі әдістер қолданылады:

- көрнекі:

- иллюстрациялар;

- демонстрациялар;

- көркемдік және иллюстрациялық құралдарды пайдалану;

- мультимедиялық материалдар.

1-сыныпта мынадай ережелер енгізіледі:

- сөздегі әріптер бірдей көлбеумен жазылуы керек;

- сөздердегі әріптерді бір-бірінен бірдей қашықтықта жазу керек;

- көркем жазу керек;

2- сыныпта:

- сөздердегі әріптер бірдей биіктікте жазылуы керек (2-ші жартыжылдық);

- буын үзбей жазылады;

- тез, әрі әдемі жазу керек;

Педагог бұл ережелерді біртіндеп енгізуі керек.

Ереже әр сабақта орындалмауы керек. Әйтпесе, дағдыларды саналы түрде меңгеруге бағытталған бұл әдіс карама-қайшылыққа айналады: сөздер білім алушылардың санасына жетпейді.

Штрихпен жаттығулар жасау.

Қолды дайындау үшін инкубациялық жаттығулар орындалады.



Шығу ережелері:

- 1) шекарадан шекараға дейін сызық сызу (шекарадан шықпау);
- 2) сызықты екі рет сызбау;
- 3) сызықтар арасындағы бірдей қашықтықты сақтау.

1. Практикалық тапсырмалар үшін дәптерлерде жұмыс істеу.

Штрихтық жаттығулар жасау.











Штрихтық жаттығулар қолды жазуға дайындау мақсатында жүзеге асырылады.







Штрихтық ережелері:

- 1) шекарадан шекараға дейін сызық сызу (шекарадан шықпау);
- 2) сызықты екі рет жүргізуге болмайды;
- 3) сызықтар арасындағы бірдей қашықтықты сақтау.

**Әріп элементтерімен таныстыруға арналаған жаттықтыру тапсырмалары**




Жаттықтыру тапсырмаларында әріптердің негізгі элементтеріне баса назар аудару қажет.

Әріп элементтері	Әріп элементтерін түсіндіре отырып үзбей жазу
	- жұмыс жолының жоғарғы сызығына нүкте қойып, төменгі сызыққа дейін көлбеу сызық жүргізу
	- қосымша жолдың жартысына нүкте қойып, төменгі сызыққа дейін көлбеу сызық жүргізу
	- жұмыс жолының жоғарғы сызығына нүкте қойып, төменгі қосымша сызықтың жартысына дейін көлбеу сызу
	- төменгі жағында жартылай дөңгелектелген ұзын имек сызу; - төменгі жағында жартылай дөңгелектелген қысқа имек сызу; - жоғарғы жағында жартылай дөңгелектелген ұзын имек сызу; - жоғарғы жағында жартылай дөңгелектелген қысқа имек сызу
	- жоғарғы жағында жартылай дөңгелектелген ұзын көлбеу сызықты төменгі сызыққа дейін созып оң жаққа ию
	- қосымша жолдың жартысына нүкте қойып, қолды үзбей жұмыс жолының төменгі сызығына дейін көлбеу сызық сызып, сол жаққа қарай ілмегі бар түзу сызық сызу; - жұмыс жолының жоғарғы сызығынан төменгі қосымша жолдың жартысына дейін көлбеу сызып, солға қарай ілмегі бар түзу сызықты сызу
	- жұмыс жолының жоғарғы сызығына нүкте қойып, оң жаққа қарай ілмегі бар көлбеу сызықты жазу жолының төменгі сызығына дейін жеткізіп сызу
	- жұмыс жолының жоғарғы сызығына нүкте қойып, қосымша жолдың жартысына дейін көлбеу сызықты сызып, оң жаққа қарай ілмегі көлбеу сызықты жазу жолының төменгі сызығына дейін жеткізіп, оң жаққа ию
	- жұмыс жолының төменгі сызығынан оң жаққа қарай жұмыс жолының жоғарғы сызығына жеткізіп, солға қарай жартылай сопақшаны иіп, төменгі сызыққа қос
	- қосымша жолдың жартысына нүкте қойып, сәл жоғары солға қарай жартылай дөңгелектеп жұмыс жолының төменгі сызығына көлбеу сызықты жеткізіп оң жаққа қарай ию; - жұмыс жолының жоғарғы сызығына жеткізбей нүкте қойып, сол жаққа жартылай дөңгелектеп төменгі сызығына көлбеу сызықты жеткізіп оң жаққа қарай ию;

	- қосымша жолдың жартысына нүкте қойып, сәл жоғары оңға қарай жартылай дөңгелектеп жұмыс жолының төменгі сызығына көлбеу сызықты жеткізіп сол жаққа қарай ию; - жазу жолының жоғарғы сызығына жеткізбей нүкте қойып, оң жаққа жартылай дөңгелектеп төменгі сызығына көлбеу сызықты жеткізіп сол жаққа қарай ию
	- қосымша жолдың жартысына нүкте қойып, жұмыс жолының төменгі сызығына көлбеу сызықты жеткізіп, сол жаққа ию; - жұмыс жолының жоғарғы жағына нүкте қойып, төменгі сызығына көлбеу сызықты жеткізіп, сол жаққа ию
	-қосымша жолға нүкте қоямыз, сол жаққа қарай иіп түзу сызық сызамыз -қосымша жолға нүкте қоямыз, сол жаққа жартылай дөңгелектеп оң жаққа төмен қарай иеміз
	- жұмыс жолының жоғарғы сызығына нүкте қойып, жазу жолының төменгі сызығына көлбеу сызып, оңға қарай жартылай дөңгелектеп көлбеу сызыққа қосу
	- жұмыс жолының жоғарғы жағына нүкте қойып, төменгі сызығына дейін көлбеу сызып, қолымызды үзбей көтеріп, оң жаққа қарай белдік сыза отырып, жұмыс жолының жоғарғы сызығына көлбеу сызықты көтеріп, төменгі сызыққа жеткізіп оң жаққа ию
	- жұмыс жолының жоғарғы жағына нүкте қойып, қосымша жолдың жартысына дейін көлбеу сызып, қолымызды үзбей сол көлбеу сызықтың үстінен бастыра отырып, жазу жолының жоғарғы сызығына дейін жеткізіп, оң жаққа сәл иіп, төменгі сызыққа соза отырып оң жаққа ию
	-жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғары нүкте қойып, төменгі сызыққа иіп, көлбеу сызықпен жұмыс жолының жоғарғы сызығына жеткізіп, төменгі сызыққа түзу сызып, оң жаққа ию

Әріптерді түзету жаттығуы білім алушылардың каллиграфиялық жазу нормасын сақтауға мүмкіндік береді. Жіберілген қателерді анықтау қабілетін дамыту мақсатында әріптерді түзету әдістемесі қолданылады, бұлар белгілі өзін-өзі тексеруге және өзара бақылау дағдыларын арттыруға септігін тигізеді. Мысалы:

- әріп элементтері дұрыс жазылмаған жазу үлгісін білім алушыларға көрсету;
- білім алушылар қате жазылған элементтерді анықтайды;
- өз бетінше түзетуге талпынады.



Білім алушылардың жұппен тексеруі зейінін дамытуға ықпал етеді: олар өз жұмыстарында қателіктер жібермеуге және бұл орфографиялық жаттығулар қырағылықты қалыптастыруға жағдай жасайды. Дәптер тексерген кезде педагог қателерді түзетпей қателер туралы белгі беретін таяқшаларды шетіне қою пайдалы. Бұл жағдайда білім алушы қателерді өз бетінше тауып, өзі түзетеді.

Кең жолды дәптерде жазуды үйренудің ерекшеліктері.

Нормативтік құжаттарға сәйкес кең жолды дәптерге жазу 3-сыныптан бастап жүзеге асырылады. Әріптерді кең жолды дәптерге жазуды біртіндеп игеру мақсатында 2-сыныпта II жартыжылдықтан бастап ұсынылады. Ол үшін жеке

дәптерді (каллиграфиялық жазу дәптері) бастауға болады, онда күн, сынып жұмысы жазылмайды, үй тапсырмасы өз қалауы бойынша жазылады.

Үлкен жол дәптерге ауысқан кезде басты назар

1. Кіші және бас әріптердің биіктігіне:

- кіші әріптердің биіктігі жолдың ортасынан сәл төмен орналасады;
- бас әріптердің биіктігі жолдың жоғарғы сызығынан сәл төмен тұрады.

2. Әріптердің ені мен олардың арасындағы қашықтыққа:

- әріптердің өлшемі біркелкі болуы керек, олардың элементтері арасындағы қашықтық реттеліп отыруы қажет.

3. Әріптерді қосу ережелеріне:










- әріптерді жоғары, төмен және орта деңгейде бір-біріне дұрыс қосу маңызды.



Орфографиялық жаттығулар - бұл орфографиялық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаттығулар. Орфографиялық жаттығуларға мыналарды жатқызуға болатын тапсырмалар:



- түсіндіре отырып жазу;
- өзім жазамын;
- қатесін тауып жазу;
- жатқа жазу;
- жылдам жазу;
- теріп жазу;
- есте сақтап жазу;
- иллюстрациялық жаттығулар;
- сәйкестендіріп жазу;
- қатесіз көшіріп жазу.





Орфографиялық ережелер	Орфографиялық жаттығулар	
	Мақсаты	Тапсырма
И, й әріптерінің жазылуы.	«И» мен «й» дыбысына байланысты сөздерді қатесіз жазу.	<p><b>«Түсіндіре отырып жазу»</b> тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады, қалған білім алушылар тыңдай отырып, и мен й дыбысына байланысты сөздерді қатесіз жазады.</p> <p>- Ереже: и дыбысының алдында ы, і естілгенімен жазылмайды.</p> <p>- Келесі сөздерді жазамыз: киім, тиін, жиын, жиырма, биыл, оқиды, тиімді, сирек.</p> <p>И дыбысының алдында ы, і естілгенімен жазылмайды ережесіне бағынбайтын сөздер де бар. Олар сый, тый</p> <p>Келесі сөздерді жазамыз: сыйлық, тыйым, сыйымдылық, тыйылды.</p>
	Сөздерді қатесіз жазу барысында «И» мен «Й» әріптерді ажырата алады.	<p><b>«Өзім жазамын» тапсырмасы</b></p> <p>Ереже: й дауысты дыбыстан кейін жазылады, бірақ й әрпінен басталатын сөздер де бар.</p> <p>Көп нүктенің орнына и, й әріптерін қойып жаз.</p> <p>Көп нүктенің орнына и, й әріптерінің тиістісін қойып жаз.</p> <p><i>Қа...шы, ...не, к...ім, о...мақ, с...ыр, ұ...қы, қа...ың, өс...ет, т...ын, сы...лық, қ...ын, ты...ым, ...од, ж...ын.</i></p> <p>И, й әріптері бар жуан сөздерді бір бөлек, жіңішке сөздерді бір бөлек жаз.</p> <p>Мақалдар</p> <p><i>Сөз жүйесін табар,</i></p> <p><i>Мал иесін табар.</i></p> <p><i>Ақыл азбайды,</i></p> <p><i>Білім тозбайды.</i></p>









		<p><i>Оқу инемен құдық қазғандай.</i></p> <p>И дыбысы жуан айтылып тұрған сөздерді бір қатарға, и дыбысы жіңішке айтылып тұрған сөздерді екінші қатарға теріп жаз.</p> <p><i>Дария, мәдениет, икемді, минут, насихат, тәрбие, жиек, илану, именшек, ишарат, сиқыршы, тиек.</i></p>
Я, ю әріптерінің жазылуы	«Я» мен «Ю» дыбысына байланысты сөздерді қатесіз жазу.	<p>Ереже: «йа» естілгенімен я жазылады.</p> <p><b>«Өзім жазамын» тапсырмасы</b></p> <p>Я әрпі бар сөздерді теріп жаз.</p> <p><i>Анам жаяны табаққа салды. Қария таяққа сүйеніп тұр. Ағам судан шаянды ұстап алды. Автобус аялдамаға келіп тоқтады.</i></p> <p>Сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрап жаз.</p> <p><i>Қою, юбка, ою, тою.</i></p> <p>Көп нүктенің орнына я, ю әріптерінің тиістісін қойып жаз.</p> <p><i>Қи...р, та...қ, а..., ша...н, о...лы, компь...тер, қо...н, а...қ.</i></p> <p>Суреттердегі жануарлар туралы сөйлемдер құрастыр.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div> <p>Қатесін тауып жаз.</p> <p><i>Қарлығаш ұйасын балшықтан салады. Әжесі немересіне қойу айран құйып берді. Айу қыста ұйқыға кетеді. Еңбек сабағында әдемі ойулар ойып жасадық.</i></p> <p><b>«Түсіндіре отырып жазу»</b> тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады, и дыбысының алдында ы, і естілгенімен олар жазылмайды, қалған білім алушылар тыңдай отырып, сөздерді қатесіз жазады.</p> <p><i>Ки, иірім, қиын, иінағаш, иықтасу, қисық, биыл, жидек, бидай, тәрбие.</i></p> <p>Сөз соңындағы ы, і дыбыстарынан кейін и дыбысы қосылса, ы, і әріптері жазылмайды. Мысалы: ұйы+и (ұйиды).</p> <p>Бір білім алушы сөздерді дауыстап оқиды, қалған білім алушылар тыңдаған сөздерге и әрпін қосып жазады.</p> <p><i>Байы, кейі, жылы, қары.</i></p>
Дауыссыз қ мен ғ Дауыссыз к мен г	«Қ» дыбысының барлық буындарда келе беретінін, ал «Ғ» дыбысының сөз басында және ортасында келетінін, сөз соңында жазылмайтынын байқату.	<p>Ереже: Қ, к дыбыстарынан кейін дауысты дыбыс келсе, олардың орнына ғ, г жазылады</p> <p><b>«Өзім жазамын» тапсырмасы</b></p> <p>1. Көп нүктенің орнына қ, ғ әріптерінің тиістісін қойып жаз.</p> <p><i>Қала..., келеше..., жасты..., та...ия, ба...бан, ...арышкер, ...ұмыра, жа...ша, қыр...ыз, сыбыз...ы, ба...ылау.</i></p> <p><b>«Жылдам жазу» тапсырмасы</b></p> <p>Берілген суреттерге ы дыбысын қосып жаз.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">    </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">     </div> <p><b>«Өзім жазамын» тапсырмасы</b></p>







		<p>1. Көп нүктенің орнына к, г әріптерінің тиістісін қойып жаз.  <i>Кө...ершін, көбеле..., ...ұл, е...ін, тере..., ше...е, шеле..., ме...теп, се...із, еш...і, үзең...і.</i></p> <p>2. Берілген сөздерге ы, і әріптерін қосып жаз.  <i>Елік, көлік, шүмек, терек, есік, көлшік.</i></p>
Дауыссыз б мен п	«П» дыбысының барлық буындарда келе беретінін, ал кейбір сөздер «б» дыбысымен аяқталатынын байқату.	<p>Ереже: п дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, оның орнына б жазылады.</p> <p>1. Көп нүктенің орнына б, п әріптерінің тиістісін қойып жаз.  <i>Мекте..., клу..., кәсі..., са...ақ, кес...е, та...ақ, ...арта, ...ақа, әде..., тала..., жі..., шө..., қора... .</i></p> <p>2. П дыбысымен аяқталып тұрған сөздерге дауысты дыбыстарды қосып жаз.  Кітап + ы – ...  Аспап + ы – ...  Тәртіп + і – ....  Жап + у – ...  Қап + у – ...  Тап + у – ...</p> <p>Ребус шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құрап жаз.</p>  <p>Ереже: Ережеге бағынбайтын сөздер де бар.  Ойлан тап</p>  <p>Штаб, клуб. Бұлар - басқа тілден енген сөздер. Осы сөздердің жазылуын есте сақта.  Мына сөздерге б, п әріптерінің тиістісін жаз.  <i>Мекте..., до... ым, кіта..., шта..., тала..., клу...</i></p> <p>Көп нүктенің орнына п, б әріптерінің тиістісін қойып жаз.  <i>Тағамды асық...ай жайла... іш. Ұртыңды толтыры... алы... сөйлеме.</i></p>
Дауыссыз л мен р	Дауыссыз «Л» мен «Р» дыбыстарына берілген сөздерді тыңдалымы мен жазылымын ажырата алады. Сөздерді жазу барысында ережеге сүйеніп, «Р» мен «Л» әріптер сөздерді жазуда.	<p><b>«Өзім жазамын» тапсырмасы.</b></p> <p>1. Көп нүктенің орнына л, р әріптерінің тиістісін қойып жаз.  <i>Құ...ақ, қа...мақ, ты...на, ша...ғын, о...ман, ба...мақ, са...мақ, қа...быз, жа...быз, кү...кі, кү...ек, тү...кі, ...еген, ...әміз.</i></p> <p>2. «Түсіндіре отырып жазу» тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады, сөз басындағы л, р әріптерінің алдынан ы, і естілгенімен олар жазылмайды қалған білім алушылар тыңдай отырып, сөздерді қатесіз жазады.  <i>Лақ, лай, рұқсат, ренжу, лайық, лақтыру, рас, рет, баррахат, рең, лезде, рәсім.</i></p> <p>3. «Жатқа жазу» тапсырмасында білім алушылар л, р әріптерінің ережесін қолдана отырып, берілген мақалдарды қатесіз жатқа жазады.</p>

		<p><b>Мақал</b>  <i>Еңбек түбі-рақат.</i>  <i>Ағайынның алтын сарайынан,</i>  <i>Ананың жыртық лашығы артық.</i></p>
<p>Дауыссыз н мен н</p>	<p>«Нг», «Нғ», «нғ» дыбыстарымен берілген сөздерді қатесіз жазу дағдыларын дамыту. «Н» мен «н» дыбыстарын жазу барысында ажырата алады.</p>	<p>1. Мәтіннен н әрпі бар сөздерді теріп жаз және буынға бөл.  <i>Балалар еңбек сабағында отыр. Бұл соңғы сабақ еді. Олар ермексаздан аңдардың бейнесін жасады. Сәкен қоңыр түсті ермексаздан аю жасады. Ал Аман бар көңілімен түлкінің бейнесін жасап жатыр. Жұмысқа қызыға кіріскен балалар қоңыраудың соғылғанын да байқар емес.</i></p> <p>2. Көп нүктенің орнына н, н әріптерінің тиістісін қойып жаз.  <i>Ша...ғы, үзе...гі, жауы...гер, кө...гіш, қара...ғы, бұры...ғы, ә...гелек, үші...ші, дө...гелек, ә...ші.</i></p> <p>3. <b>«Қатесін тауып жазу»</b> тақтада есте сақтауға тапсырма беріледі. Білім алушы нғ, нг,нғ, нг дыбыстарымен берілген сөздердің жазылуына баса назар аударады. Есіне сақтай отырып, қатесіз жатқа жазады.  <i>Жауыңгер, сенгіш, бұрынғы, шанғы, әңгіме, үзеңгі, қаранғы.</i></p> <p>4 <b>«Өзім жазамын» тапсырмасы.</b> Берілген суреттердің атауын қатесіз жаз.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">   </div>
<p>Тасымал</p>	<p>Сөздерді қатесіз тасымалдауға машықтандыру.</p>	<p>1. <b>«Түсіндіре отырып жазу»</b> тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады. Жазу жолына сыймаған сөз буынға бөлініп, тасымалданады. Үш буынды сөзді алдымен буынға бөл, екі рет тасымалдау үлгісін жаз. Қалған білім алушылар тыңдай отырып, сөздерді қатесіз тасымалдап жазады.  <i>«Қарындаш»</i> сөзін тасымалдап жаз.</p> <p>2. Бір дыбысты буыны бар екі буынды сөздер тасымалданбайды. (бір білім алушы ережені дауыстап айтады)  <i>Орақ, өзен, ана, ауыл, Отан.</i></p> <p>3. Бір дыбысты буыны бар үш буынды сөздер екі рет тасымалданады (бір білім алушы ережені дауыстап айтады).  <i>Оқушы, орамал, аялдау, аяқтау, ірімшік, ереже.</i></p> <p>4. Сөз ішінде й,ң, у дыбыстары екі дауыстының ортасында келсе, екінші буынның басында жазылады (бір білім алушы ережені дауыстап айтады).  <i>Қайың, қоңырау, тауық, жауын, жаңа.</i></p>
<p>Жалқы есім</p>	<p>Жалқы есімдерді сөз ішінде табу және түрлеріне қарай ажырату.</p>	<p>1. <b>«Теріп жазу»</b> тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады. Кісінің аты-жөні, жер-су, газет-журналдардың, үй жануарларына қойылған аттар бас әрппен жазылады. Қалған білім алушылар тақтада берілген сөздердің ішінен жалқы есімдерді тауып, теріп жаз.</p>


























		<p><i>Терезе, күрек, ержан, ақтөбе, болат, тобыл, қаймақ, алатау, орал, қарындаш.</i></p> <p><b>2. «Өзім жазамын» тапсырмасы</b>          Қатесін тауып, көшіріп жаз.  <i>Қостанай тобыл өзенінің жағасында орналасқан. Өзендер алатау шыңдарындағы мұздықтардан бастау алады. Біз абайдың жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерімен таныстық.</i></p> <p><b>3. Суретті пайдалана отырып, жалқы есімі бар сөйлем құрап жаз.</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">     </div>
<p>Тыныс белгілерінің қойылу шарттары</p>	<p>Айтылу мақсатына қарай тыныс белгілерді дұрыс анықтай алады.</p>	<p><b>1. «Түсіндіре отырып жазу» тапсырмасында</b> білім алушы ережені дауыстап айтады.</p> <p>Ереже: Біреуден жауап алу мақсатында айтылатын сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз.</p> <p>Сөйлемді тыңдай отырып тек қана сұраулы сөйлемдерді жаз.</p> <p><i>Демалыс күні ата-анам жұмысқа бармайды. Мынау не, ата? Саябаққа машинаны кіргізбейді ғой. Сәуле қандай үйірмеге барады? Данияр әлі кішкентай. Қандай тамаша табиғат! Сенің жасың нешеде?</i></p> <p>Сұраулы сөйлем -ма, -ма, -ба, -бе, -па,-пе шылаулары арқылы жасалады. Олар бөлек жазылады.</p> <p>Сөйлемді тыңдай отырып, тек қана сұраулы сөйлемдерді жаз.</p> <p><i>Самат жол үстінде ойнама. Бүгін музыка сабағы болады ма? Ата-анаңа ауыр сөз айтпа. Ауылға әжем барып па? Құс ұясын бұзба. Ертең театрға барасың ба?</i></p> <p><b>2. «Өзім жазамын» тапсырмасы</b>          - ма, - ма, - ба, - бе, - па, - пе сұраулық шылауларын пайдаланып, берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.</p> <p><i>Ешкі төрт түлік малға жатады. Кешқұрым жел күшейе түсті. Аққу- әдемі құс. Теледидардан жануарлар туралы бағдарламаны көрді.</i></p> <p><b>3. «Қатесін тауып жазу» тапсырмасы.</b>  <i>Ешкі төрт түлік малға жатады ме? Домбыраның шегі екеу ме? Досыңды бүгін көрдің бе? Арман қарттармен амандастың ба? Ертең ұлттық киім киесің ба?</i></p>
<p>Қаратпа сөз</p>	<p>Қаратпа сөздің тыныс белгілері туралы білімдерін нығайту</p>	<p><b>1. «Түсіндіре отырып жазу» тапсырмасында</b> білім алушы ережені дауыстап айтады. Сөйлегенде біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылатын сөздер болады. Ондай сөздерді қаратпа сөз дейміз.</p> <p>1. Қаратпа сөз сөйлемнің басында тұрса, одан кейін үтір қойылады.</p> <p>2. Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында тұрса, екі жағынан үтір қойылады.</p> <p>3. Қаратпа сөз сөйлемнің соңында тұрса, алдынан үтір қойылады.</p>

	<p>Сөйлем ішінен қаратпа сөзді тауып жазады.</p> <p>Ережеге сүйеніп, тыныс белгілерін қойып, қатесіз жаза алады.</p>	<p>Сөйлемдерді оқып, қаратпа сөзді тауып, тиісті тыныс белгісін қой. 1. <i>Балнұр үлкендерге не айту керек?</i> 2. <i>Бар алғысымды саған арнаймын анашым.</i> 3. <i>Кәне жігіттер жүрісті үдетейік.</i> 4. <i>Жарайды Бақыт сенің дегенің болсын.</i></p> <p>2. <b>«Теріп жазу» тапсырмасы</b> Сөйлемдерді оқы, қаратпа сөздерді тауып, теріп жаз. <i>Айым бөлмедегі гүлдерге су құйды. Айым бөлмедегі гүлдерге су құй. Балам аталарыңа батырлар жырын айтып берші. Баласы аталарына батырлар жырын айтып берді. Көрші үйге кіріңіз. Көрші үйге кірді.</i></p> <p>3. <b>«Жатқа жазу» тапсырмасы</b> Қаратпа сөзді тауып, өленді жатқа жаз. - <i>Түлкі қайда барасың?</i> - <i>Тауық іздеп барамын.</i> - <i>Маймыл қайда барасың?</i> - <i>Сауық іздеп барамын.</i></p>
<p>Қыстырма сөз</p> <p>Қыстырма сөздің тыныс белгілері туралы білімдерін нығайту</p> <p>Сөйлем ішінен қыстырма сөзді тауып жазады.</p> <p>Ережеге сүйеніп, тыныс белгілерін</p>	<p>Қыстырма сөздің тыныс белгілері туралы білімдерін нығайту</p> <p>Сөйлем ішінен қыстырма сөзді тауып жазады.</p> <p>Ережеге сүйеніп, тыныс белгілерін</p>	<p>1. <b>«Теріп жазу»</b> тапсырмасында оқушы ережені дауыстап айтады. Ереже: Сөйлемдегі ойға сөйлеушінің әр алуан көзқарасын білдіретін сөздерді қыстырма сөз дейміз. Ережеге сүйене отырып мақұлдау көзқарасын білдіретін қыстырма сөздері бар сөйлемдерді теріп жаз. <i>Әрине, мені жақсы көреді. Бұл тапсырманы орындамағансың ау, сірә. Меніңше, үлкендерді сыйлау жақсы қасиет. Рас, ол өте көп біледі. Балкім, бүгін біздің үйге барасың. Бәсе, солай болады деп айтып едім ғой. Шынында, ол өтірік айтқан жоқ.</i></p> <p>2. <b>«Түсіндіре отырып жазу»</b> тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады. 1. Қыстырма сөз сөйлемнің басында тұрса, одан кейін үтір қойылады. 2. Қыстырма сөз сөйлемнің ортасында тұрса, екі жағынан үтір қойылады. 3. Қыстырма сөз сөйлемнің соңында тұрса, алдынан үтір қойылады. Білім алушы сөйлемдерді дауыстап оқиды, қалған білім алушылар қыстырма сөзі бар сөйлемді тыңдау арқылы анықтай отырып, қатесіз жазу. <i>Мүмкін, ол жиынға бізді де шақыртатын шығар. Білім алушылар, сапқа тұруға дайындалыңдар. Жақып түсінігі бар бала, меніңше. Қайда барасың, балам. Осының бәрін, әрине, өзің жалғыз істеген жоқ.</i></p> <p>3. <b>«Қатесіз көшіріп жазу» тапсырмасы.</b> Қыстырма сөздерді тауып, тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. <i>Мен кәдімгі мысықпын, Рас көзі қысықпын. Жүйкесінде ойнаймын, Тышқан деген пысықтың. Күлме мейлің, күл мейлің, Итті көзге ілмеймін. Жақсы көрем балықты,</i></p>



	қойып, қатесіз жаза алады.	<i>Әттең аулай білмеймін!</i>
Буын үндестігі	Ережелерді қолдана отырып, сөздерді қатесіз жаза алады.	<p>1. <b>«Түсіндіре отырып жазу»</b> тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады.</p> <p>Ереже: Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың да бірыңғай жуан не жіңішке түрде жалғануын буын үндестігі дейміз. Білім алушы түбір сөздерді дауыстап айтады, қалған білім алушылар тиісті көптік жалғауларын ережеге сүйене отырып, жалғап жазады.</p> <p><i>Қала, көл, қаз, кітап, бесік, жас.</i></p> <p>Ереже: Тілімізде буын үндестігіне бағынбайтын мынадай қосымшалар бар:</p> <p>-мен,-бен,-пен; -паз; -қор; -кер,-гер; -хана; -нікі, (-дікі,-тікі).</p> <p>2. <b>«Өзім жазамын»</b> тапсырмасы</p> <p>Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалары бар сөздер ойлап жаз.</p> <p>3. <b>«Жылдам жазу»</b> тапсырмасы</p> <p>Берілген буындарға ұйқас келетін буындар тауып, өлең жолдарын құрастыр.</p> <p><i>Ыз-ыз-ыз – Айгүл жақсы қыз.</i></p> <p><i>Ыр,ыр,ыр -.....</i></p> <p><i>Ыс,ыс,ыс – .....</i></p> <p><i>Шы-шы-шы - .....</i></p>
Дыбыс үндестігі	Ережелерді қолдана отырып, сөздерді қатесіз жаза алады.	<p>1. <b>«Өзім жазамын»</b> тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады.</p> <p>Ереже: Тілімізде дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өзара үндесіп айтылуын дыбыс үндестігі дейміз.</p> <p>Суреттегі заттарға көптік жалғауын жаз.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">    </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;">    </div> <p>Дыбыстардың бір-біріне әсер ету салдарынан болатын өзгерістер жазылуда ескерілмейді. Мысалы: айтылуы-Ботагөз, жазылуы-Ботакөз.</p> <p>2. <b>«Есте сақтап жазу»</b> тапсырмасы.</p> <p>Жазылуында өзгеріске ұшырайтын сөздерді көру арқылы есіңе сақта. (2 минутта білім алушылар есте сақтайды) . Бір білім алушы сөздерді есте сақтауға берілген сөздерді дауыстап оқиды, қалған білім алушылар айтылуын ескермей, қатесіз жазады.</p> <p><i>Ағлақ, көзғарас, қолбаишы, Жүсіпнек, көрімбейді, көгөрүк, екі гыз, жұлдышша, көссіз</i></p>
Қысқарған сөз	Күрделі сөздерді ережеге	Ереже: Бірнеше сөздің тіркесінен тұратын атаулардың қысқартылып айтылуын қысқарған сөздер дейді. Мысалы:

	сәйкес жаза білу дағдысын қалыптастыру.	<p>1. <b>«Түсіндіре отырып жазу»</b> тапсырмасында білім алушы ережені дауыстап айтады.</p> <p><i>Кейбір күрделі атаулар, мемлекет, мекеме, ұйым аттары бірнеше сөздің тіркестерінен құралып, тілге жеңіл болуы үшін кейде қысқартылып та қолданыла береді. Мысалы: АҚШ, ЖСН, ЖШС.</i></p> <p>Қысқарған сөздердің толық атауларын жаз.  <i>ҚР, БҰҰ, МАИ, ТМД.</i></p> <p>2. Бір білім алушы күрделі сөздерді дауыстап оқиды, қалған білім алушылар күрделі сөздерді қысқарған сөзге айналдырып жазады.</p> <p><i>Америка Құрама Штаты, килограмм, педагогикалық кеңес, Қарағанды Мемлекеттік Университеті, Біріккен Ұлттар Ұйымы.</i></p> <p>2. <b>«Өзім жазамын» тапсырмасы.</b>  Кісі аттарын толық жаз.  <i>М. Әуезов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ш. Уәлиханов, Қ. Сәтпаев, Т. Әубәкіров, М. Дулатов, А. Құнанбаев.</i></p>
Қос сөздер	Күрделі сөздерді ережеге сәйкес жаза білу дағдысын қалыптастыру.	<p>Ереже: Екі сөздің қосарланып айтылуынан жасалған сөздерді қос сөз деп атайды. Қос сөздердің арасына дефис (-) қойылып жазылады.</p> <p>Екі түрлі түбірден қосарланып жасалған қос сөзді қосарлама қос сөз дейді.</p> <p><b>1. «Иллюстрациялық « жаттығу.</b>  Суретке қарап, заттардың атауларын қос сөзбен жаз.</p> <div style="display: flex; flex-wrap: wrap; justify-content: space-around;">           </div> <p><b>2. «Өзім жазамын» тапсырмасы</b>  Қарамен берілген сөздерді қос сөзге айналдырып, сөйлемдерді көшіріп жаз.</p> <p><i>Екі үйдің қозыларын, лақтарын алдыма салып берді. Құрылысшылар күн демей, түн демей жұмыс істеп жатыр. Ол жіңішке әрі жуан шыбықтарға қызыға қарады. Мектеп кітапханасында газеттер, журналдар өте көп.</i></p> <p>Ереже: Бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалған қос сөздер қайталама қос сөз деп аталады.</p> <p><b>1. «Иллюстрациялық « жаттығу.</b></p>





		<p>Сурет бойынша көп нүктенің орнына қайталама қос сөздерді қойып , өлеңді көшіріп жаз.</p> <p><i>Қыс.</i>  ..... - ..... , ..... - ..... <i>жауды қар.</i>  <i>Тон кидік, тоңды мал.</i>  ..... - ..... , ..... - ..... <i>боран бар,</i>  <i>Боран жоқта тұман бар.</i></p>  <p><b>2. «Сәйкестендіріп жазу» тапсырмасы</b>  Екі бағандағы мағынасы бір – біріне ұқсас сөздерді теріп жаз.</p> <table border="0"> <tr> <td>алуан-алуан</td> <td>жолақ-жолақ</td> </tr> <tr> <td>кір-кір</td> <td>өрім-өрім</td> </tr> <tr> <td>ала-ала</td> <td>жиі-жиі</td> </tr> <tr> <td>оқтын-оқтын</td> <td>түрлі-түрлі</td> </tr> <tr> <td>тоз-тоз</td> <td>лас-лас</td> </tr> </table> <p>Ереже: Қос сөздер түбір сөздің алдынан күшейткіш буын қосылып айтылу арқылы да жасалады.</p> <p><b>3. «Иллюстрациялық « жаттығу.</b>  Суреттерді пайдаланып, күшейткіш буын арқылы жасалатын қос сөздерді тіркестіріп, қос сөздер жаз.</p> <table border="0"> <tr> <td><input type="text"/> – <input type="text"/></td> <td></td> </tr> <tr> <td><input type="text"/> – <input type="text"/></td> <td></td> </tr> <tr> <td><input type="text"/> – <input type="text"/></td> <td></td> </tr> </table> <p><b>2. «Өзім жазамын» тапсырмасы</b>  Қарамен жазылған сөздерге күшейткіш буын қосып, сөйлемдерді көшіріп жаз.</p> <p><i>1. Біздің үйде егіз лақ болды. Екеуінің де жүні жылтыр, әдемі болатын. 2. Көлдің таза, тұнық суы күнге шағылысып, айнадай жалтырайды. 3. Сылдырап аққан бұлақтың жағасында жуан жалғыз ағаш өсіп тұр. 4. Күн ашық болғанымен, ызғар бетті қарып барады. 5. Тұзу көше бойымен асықпай жүріп келеді.</i></p>	алуан-алуан	жолақ-жолақ	кір-кір	өрім-өрім	ала-ала	жиі-жиі	оқтын-оқтын	түрлі-түрлі	тоз-тоз	лас-лас	<input type="text"/> – <input type="text"/>		<input type="text"/> – <input type="text"/>		<input type="text"/> – <input type="text"/>	
алуан-алуан	жолақ-жолақ																	
кір-кір	өрім-өрім																	
ала-ала	жиі-жиі																	
оқтын-оқтын	түрлі-түрлі																	
тоз-тоз	лас-лас																	
<input type="text"/> – <input type="text"/>																		
<input type="text"/> – <input type="text"/>																		
<input type="text"/> – <input type="text"/>																		
Біріккен сөздер	Күрделі сөздерді ережеге сәйкес жазу дағдысын қалыптастыру.	<p>Ереже: Екі не одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер біріккен сөз деп аталады. Біріккен сөздер әрқашан бірге жазылады.</p> <p><b>1. «Иллюстрациялық « жаттығу.</b>  Суреттер арқылы біріккен сөздер құрастыр.</p> <table border="0"> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>																
																		
																		



		 <p>Ереже: Жер-су аттарын білдіретін біріккен сөздерде қатар келген екі дауысты дыбыс сақталып жазылады.</p> <p><b>2. «Түсіндіре отырып» жазу</b></p> <p>1. Білім алушы біріккен сөздерді айтады, қалған білім алушылар ережеге сүйене отырып жазады. <i>Сарыадыр, Шиліөзен, Сарыағаш, Сарыөзек, Жаңаөлке, Әулиеата, Сарыарқа.</i></p> <p>Ереже: Екі түбірден бірігіп жасалған кісі аттарындағы қатар келген екі дауысты дыбыстың бірі түсіріліп жазылады.</p> <p>3. Берілген сөздерді мағыналарына қарай ажыратып, қандай түбір сөздерден бірігіп тұрғанын жазып көрсет. <i>Қожахмет, Өмірзақ, Жұмәділ, Әбдахмет, Мырзахмет, Жылқайдар.</i></p> <p>Үлгі: Қожа+ Ахмет- Қожахмет.</p> <p>Ереже: Кейбір біріккен сөздер өзгерген қалпында айтылуы бойынша жазылады.</p> <p><b>4. «Қатесіз көшіріп жазу» тапсырмасы.</b></p> <p>Көп нүктенің орнына <b>қ, ғ, к, г</b> әріптерінің тиістісін қойып, көшіріп жаз. <i>Тұрлы..ожа, Есен...елді, ті..ұшақ, ілде...ңм, Нұр...анат, Бақ..али, Рақым..али, әлде...алай, Нұр..иса.</i></p>
Одағай сөздер	Одағай сөздің тыныс белгілері туралы білімдерін нығайту	<p>Ереже: Сөйлеушінің айтылған ойға қатысты әр алуан көңіл күйін білдіретін сөзді одағай деп атайды. Одағайлар сөйлемдегі басқа сөздермен байланысқа түспейді, сөйлем мүшесі бола алмайды.</p> <p><b>1. «Өзім жазамын» тапсырмасы</b></p> <p>Көп нүктенің орнына одағай сөздерді жазып, соған сәйкес тыныс белгілерін қойып көшіріп жаз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ... келгенің қандай жақсы болды!</li> <li>2. ... туған жердің табиғаты әсем ғой !</li> <li>3. Сабактан қалып қоятын болдым-ау ... !</li> <li>4. ... деп қойын шақырды.</li> </ol> <p>Ереже: Бір сөздің екі рет қайталануы арқылы жасалатын одағайлар сөздердің арасынан дефис қойылады.</p> <p><b>2. «Иллюстрациялық « жаттығу.</b></p> <p>Ережені ескере отырып, суреттегі жануарларды шақыруды білдіретін одағайларды қатыстырып, сөйлемдер құрастырып жаз.</p> 
Шылау		<p>Ереже: Тілімізде өз алдына толық мағынасы жоқ сөздер шылау деп аталады. Шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады.</p> <p>Мен (бен, пен), және шылаулары сөз бен сөзді байланыстырады. Және шылауының сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын кезі де болады.</p>

		<p>Бір білім алушы мен, бен, пен шылауларының тиістісін қойып, сөйлемдерді қатесіз жазу.</p> <p><b>1. «Түсіндіре отырып жазу» тапсырмасы</b>  <i>Айжан, Әсия кішкентай кездерінен бірге өсті. Ертең Шымкент, Тараз ойыншылары футбол ойнайды. Ғалымдар өсімдіктердің мұз, қардың астында өсетін мыңдаған түрін анықтады. Жыртқыш құстардың қанаттары, аяқтары мықты болады. Киіз үйдің ішіне текемет, көрпелер төселген.</i></p> <p>Ереже: Да (де), та (те) шылаулары өзі тіркескен сөзге әртүрлі қосымша мағына үстейді. Бірыңғай сөздермен қайталанып тіркескен да (де), та (те) шылауларының арасына үтір қойылады.</p> <p><b>2. «Түсіндіре отырып жазу» тапсырмасы.</b> Бір білім алушы сөйлемдерді оқиды, қалған білім алушылар ережеге сәйкес тыныс белгілерін қойып, қатесіз жазады.</p> <p>Тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.</p> <p><i>1. Шахмат та дойбы да үстел үсті ойындарына жатады. 2. Ардақтың әдептілігіне мұғалім де оқушылар да риза болды. 3. Ұядағы балапан да торғай да шыр-шыр қағып безектейді. 4. Көрші үйдегі Жанат та Қанат та ойыншық қайықтарын суға салып жүр.</i></p> <p><b>3. «Өзім жазамын» тапсырмасы</b></p> <p>Ережеге сүйеніп көп нүктенің орнына да (де), та (те) шылауларының тиістісін қойып, қатесіз көшіріп жаз.</p> <p><i>Екеуі сабаққа ... бірге дайындалады сыныпта ... бір партада отырады. Үйірмеге Айдын ... Марат ... қатысады. Оның жасаған бұйымдары әдемі ... сәнді ... көрінеді. Үлкенге екеуінің үлгілі ... өнегелі мінезін басқаларға үлгі етіп көрсетеді.</i></p> <p>Ереже: Үшін, туралы, дейін ( шейін) шылаулары өзі тіркескен сөзге үстеме мағына береді. Сонымен бірге өзінің алдындағы сөздердің белгілі бір септікте тұруын қажет етеді. Үшін, туралы шылаулары атау септігінде, дейін, шейін шылаулары барыс септіктегі сөздермен тіркеседі.</p> <p><b>4. «Жылдам жазу» тапсырмасы.</b></p> <p>Ережені негізге ала отырып, сұрақтарға жауап беру арқылы қатесіз жазу.</p> <p>Оқушылар (нелер) ... көптеген мәлімет жинады. Ертеде билер (кімдер) ... әділ заңдар жасаған. Есіктен (неге) ... ойыншықтар мен киімдер шашылып жатыр. Екіншілер таңертеңнен (қашанға) ... егіс басында жұмыс істейді.</p> <p><b>5. «Қатесіз көшіріп жазу» тапсырмасы</b></p> <p>Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қой</p> <p><i>Қос ана зой көк ... жер!  Береке, байлық бөккен жер.  Тәтті ұйқыға батырдым  Ормандар ... бақтарды.</i></p> <p>Ереже: Қой ( ғой), қана (ғана) , -ақ, -ау шылаулары өздері тіркескен сөздерге шектеу, даралау, өтініш тағы басқа мағыналар үстейді.</p>
--	--	--

		<p>Қой ( ғой) шылау өзі тіркескен сөзбен бірге сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады.</p> <p><b>6. «Жатқа жазу» тапсырмасы</b>  Жұмбақты жатқа жаз, шешуін тап, шылаудың астын сыз.  <i>Жердің әрін жейді,</i>  <i>Жолда кезіккеннің</i>  <i>Аямай бәрін жейді.</i>  <i>Бұл қандай алпауыт,</i>  <i>Айта, ой дәл тауып ?</i></p> <p><b>7. «Иллюстрациялық « жаттығу.</b>  Суретке қарап, баяндауыш қызметін атқаратын сөйлем құрап жаз.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div>
--	--	--

Каллиграфиялық жаттығулар білім алушылардың әдемі, көлбеу жазуларына септігін тигізеді. Әрбір әріптің элементтерін түсіндіре отырып жазу әдемі жазудың кепілі болып табылады. Жазу жұмыстарына берілген тапсырма түрлері яғни, ережелер мен берілген орфографиялық жаттығулар бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни әріп элементтерін жазуда жеңілден күрделіге қарай бағытталған. Білім алушылар сауатты жазу үшін ең алдымен орфографиялық ережелерді жетік білу керек. Сонда ғана білім алушының сауатты жазу дағдысы қалыптасады. Өздігінен түсіне отырып, жазу барысында орфографиялық ережелерді қолдана алады. Сондықтан да ұсынылып отырған орфографиялық жаттығулар бастауыш сынып педагогтеріне өз септігін тигізери сөзсіз. Әр педагог күнделікті әр сабақтың алдында 5-7 минут орфографиялық жаттығуларды орындауға көңіл бөлуі керек. Орфографиялық жаттығулар көркем, әрі сауатты жазуда дауыстап айту, тыңдау, көру , есту, жазу дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

*Жамбыл облысы Тараз қаласы Төле би атындағы №8 гимназияның  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сугирбекова Шолпан  
Избасаровнаның тәжірибесінен*

Бастауыш сыныпта орфографияны үйрету — білім алушылардың дұрыс және сауатты жазу дағдыларын қалыптастырудың маңызды бөлігі. Орфография-сөздерді жазу ережелерінің жүйесі, ал бастауыш сыныпта білім алушыларға негізінен тілдің негізгі орфографиялық нормалары түсіндіріледі.

Каллиграфиялық жазу нормалары - білім алушылардың жазу дағдыларын әдемі әрі түсінікті етіп қалыптастыру үшін белгілі бір талаптар жиынтығы. Бастауыш сыныптарда осы нормалар нақты талаптар бойынша ұйымдастырылады.

Білім алушының мектепке қабылданған алғашқы күндерінен бастап педагогтер оған оқу мен жазудың алғашқы дағдыларын үйрете бастайды, онсыз әрі қарай оқыту мен білім алу мүмкін емес. Оқу мен жазу бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ бұл дағдылардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екені белгілі. Білім алушыларды орфографиялық және каллиграфиялық жазуға

үйрету мәселесінің өзектілігі, ең алдымен, қазіргі ғылыми-техникалық прогресс дәуіріне байланысты және ақпараттың жылдам ағымы, сондықтан қазіргі заман адамға көп білім мен өзін-өзі тәрбиелеуді қажет етеді. Нәтижесінде, жұмыстың негізі - бастауыш мектеп жасындағы білім алушыларды орфографиялық және каллиграфиялық жағынан дұрыс жазуын қалыптастыру болып табылады. Қазіргі уақытта бірінші сыныпқа баратын балалардың едәуір бөлігі жазуға дайын емес. Әдетте, бастауыш мектеп білім алушыларының графикалық тапсырмаларды орындауы, қол қозғалысын үйлестіруі жетілмеген, көру - қозғалыс үйлестіру, кеңістікті қабылдау мен көру жады төмен. Білім алушылардың көпшілігі қалам мен қарындашты дұрыс ұстамайды, дұрыс отыруды білмейді, дәптерді қалай қою керектігін білмейді. Мұның бәрі каллиграфиялық жазу дағдыларының қалыптасуын қиындатады және бірінші сынып білім алушыларының оқу үрдісінде көптеген мәселелер туғызады.

Сауат ашу – аса жауапты да күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу кезеңінде білім алушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйреніп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Білім алушы сауатты жазу үшін грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, күнделікті өмірде қолдана алатын дәрежеге жетуі тиіс. Әдетте, ұстаз жалпы жазу жұмысын, оның ішінде сауатты жазуды бастаудан бұрын сыныппен біршама дайындық жұмысын жүргізуі тиіс. Ондай даярлық жұмыстары жаза білу икемділіктерін меңгеруге керекті дәстүрлі ережелерді қамтиды. Жазуды жазылуы оңай әріптермен бастап, жазылуы қиын әріптерді жазуға біртіндеп көшкен дұрыс. Білім алушының жазуын елемеу деген сөз емес. Білім алушының әрбір жазба жұмысын бағалауда, оның сауаттылығын арттыру керек.

Сауат ашудың міндеті:

- 1) көркем жазу;
- 2) әріп элементтерін дұрыс сақтау;
- 3) таза, анық жазу;
- 4) оңға қарай біркелкі көлбеу жазу.

Осы талаптарды орындау негізінде білім алушылардың көркем жазу дағдысы қалыптасады. Әдемі жазу – өнер. Таза, анық көркем жазуды оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Таза, көркем жазуды талап ету білім алушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа үйретеді. Білім алушыларды көркем жазуға үйретуде үш нәрсені басшылыққа алу қажет. Олар:

- 1) әріптерді мәнерлі жазу, әріптердің өзара байланысын білу;
- 2) жазу жұмысына өте мұқият болу;
- 3) әріп элементтерін дұрыс жазу.

Жас жеткіншектің көркем жазу дағдысы біртіндеп қалыптасады. Педагог бұл үшін жұмыстың әр түрлеріне, оқыту әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану керек. Түрлендірілген жұмыстар білім алушыларды қызықтырып қана қоймайды, логикалық ойлауын арттырады. Сауат ашудың дайындық кезеңінде білім алушының қол икемділігі мен көз мөлшерлеу қабілетін жетілдіру, графикалық дағдыларды қалыптастыру үшін орындалатын жаттығу, бұл «Басып жазу»



жаттығуы. Дәптерге әріптерді қарындашпен жазады немесе әріп таңбаларын нүктемен белгілейді, ал білім алушылар үстін басады. Әр түрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды «штрихтау» баланың қолын жаттықтырады, сөйлеуі мен ойлауын белсендіреді.

Сауат ашудың әліппе кезеңінде әріптерді жазып үйренеді. Әріптің толық таңбасы оның элементтерін ретімен жазу арқылы орындалады. Әріп элементтерін ретімен жазып үйрену. Біріншіден, неше элементтен тұратынын, екіншіден, ол әріпті қай жерден қалай бағыттап жазуды меңгеру. Жазуға үйретудің алғашқы күнінен бастап білім алушыларды «үзбей жазуға» дағдыландыру қажет. Тұтас әріпті үзбей жазғанда оның әр элементін жазудағы қимылдың аяқталуы келесі элементтің басталатын жерінде бітіп, әрі қарай келесі элемент жалғасады.

Үзбей жазуға жаттығуға жүргізетін жұмыстар

Бастауыш сыныптарда сауаттылықтың алғы шарттары жазу ережелерінің дағдысы қалыптасады. Бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру жолдары 1-сыныптан бастап қалыптасады. Сабақ барысында білім алушылардың негізгі білім, білік дағдыларын қалыптастыру болса, ауызша айтқандарын дәптерге каллиграфия ережелерін сақтап жазу қиын да, маңызды да қағидалардың бірі болып табылады. Ал каллиграфия ережелерін сабақ үстінде білім алушыларға толық меңгерту оңайға түспейді. Айтатын болсақ:

- 1) жазу үлгісін тақтаға қайта жазып көрсету;
- 2) ауада жазу. Әріпті ауада жазып көрсетіп, бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғынады;
- 3) көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен бастырып жаздыру.



- 4) Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Білім алушы өз жазғанын педагогтің жазғанымен салыстырады.

Сауат ашу кезеңінде жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады.

Әріп (1-сыныпта), буын, сөздік диктантын орынды жүргізіп, онда жіберген қателерін қайталап жаздырып, сол сөздерді қатыстыра отырып, сөйлемдер құратып, астын сыздыру – бұл әдіс баланың жазу және оқуға деген дағдыларын дамытуға арналған тиімді тәсіл. Мұндай диктанттар балалардың әріптерді дұрыс жазуға, буындарды дұрыс бөліп оқуға және сөздерді дұрыс қолдануға үйретеді. Қателерді қайталап жаздырып, сол сөздермен сөйлемдер құрастыру, балалардың сөздік қорын кеңейтіп, грамматикалық дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, сөйлемдердің астын сыздыру арқылы балалар тілдің құрылымын, тыныс белгілерін қолдануды үйренеді.

Білім алушыларды сауаттылыққа үйретудегі нәтижелі әдістің бірі - сабақ үстінде ойын элементтерін пайдалану. Ойын білім алушыларды сабаққа қызықтырады, материалды тез қабылдап, есінде ұзақ сақтауға көмектеседі.

«Ғылым қалғып кетсе, қараңғылық бас көтереді» дегендей, заман талабына сай бастауыш сыныпта бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру жолдарының маңызы зор. Көркем жазу емлесі біз үшін, болашақ жастарымыз үшін ешқашан қалыс қалмауы қажет.

### *2-сыныптар бойынша*

Бастауыш сынып білім алушыларының бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастырудың бірнеше жолы бар:

#### 1) жүйелі оқыту және қайталау

- орфографиялық ережелерді тұрақты түрде қайталау және әртүрлі жаттығулар арқылы оларды бекітіп отыру;

- білім алушыларға сауатты жазудың маңызын түсіндіру және күнделікті өмірде қолдануға ықпал ету;

- аптасына бір рет диктанттар, мазмұндамалар, шығармалар жаздыру арқылы жазу дағдыларын жетілдіру.

#### 2) каллиграфия бойынша арнайы сабақтар ұйымдастыру

- әріптер мен сөздерді көркем және дұрыс жазуға үйрететін арнайы каллиграфия сабақтарын енгізу;

- әріптердің жазылу ретін үйрететін үлгілік дәптерлер қолдану;

- әр білім алушының жазу техникасын мұқият қадағалап, түзетулер енгізу.

#### 3) тақырыптық ойын мен интерактивті тапсырмалар

- орфографиялық қателіктерді болдырмау үшін тақырыптық ойындар мен викториналар ұйымдастыру;

- орфографиялық және каллиграфиялық ережелерді түсіндіретін визуалды құралдарды, мысалы, постерлер мен бейнематериалдарды қолдану.

#### 4) мотивация және ынталандыру

- білім алушылардың жетістіктерін мадақтау, арнайы марапаттар мен сертификаттар беру;

- әдемі жазылған жұмыстары үшін арнайы стендке үздік жұмыстарды ілу арқылы білім алушыларды ынталандыру.

#### 5) ата-аналармен жұмыс

- ата-аналарды оқу процесіне тарту, олардың балаларының жазу дағдыларын қадағалауына көмектесу;

- үйде орфографиялық және каллиграфиялық жаттығуларды орындауға арналған тапсырмалар беру.

#### 6) дұрыс құралдар таңдау

- білім алушылардың дұрыс қалам, дәптер және басқа да жазу құралдарын пайдалануы. Қаламның сапасы мен дәптердің жазуға ыңғайлылығы баланың жазу жылдамдығына және көркемдігіне әсер етеді.

#### 7) педагогтің жеке бақылауы

- әр білім алушының орфографиялық және каллиграфиялық қателіктерін талдау және оларды түзету бойынша жеке нұсқаулықтар беру;

- сыныптағы әр білім алушымен жазу дағдыларын дамытуда жеке жұмыс жүргізу.

Осындай кешенді тапсырмалар арқылы бастауыш сынып білім алушыларының сауатты және әдемі жазу дағдыларын дамытуға болады.

### *Орфографияны оқытудағы негізгі бағыттар*

#### 1) дыбыстық талдау және әріптік талдау

- білім алушыларды әріп пен дыбыс арасындағы айырмашылықты түсінуге үйрету маңызды. Мысалы, сөздің дыбыстық құрамын талдап, әрбір дыбыстың қандай әріппен белгіленетінін анықтау;

- бұл әсіресе үндестік заңына бағынатын қазақ тілінде маңызды, себебі кейбір әріптер әртүрлі дыбысталуы мүмкін.

#### 2) фонетикалық ережелерді меңгерту

- қазақ тілінде сөздер қалай естілсе, солай жазылады деген қағида бар. Дегенмен, кейбір жағдайларда сөздің айтылуы мен жазылуы сәйкес келмейді (мысалы, «қ» мен «к» әріптері, «ғ» мен «г» әріптері). Білім алушыларға мұндай ерекшеліктерді түсіндіріп, фонетикалық заңдылықтарды меңгерту қажет;

- сөздерде дауысты және дауыссыз дыбыстардың дұрыс қолданылуын үйрету.

#### 3) үндестік заңы

- қазақ тілінде сөздің түбірі мен қосымшаларының бір-біріне үндесіп, үйлесімді болуы талап етіледі. Білім алушыларға жуан және жіңішке буындарға байланысты қосымшалардың дұрыс жалғану ережелерін үйрету керек. Мысалы, «үйлер», «күйлер» сөздерінде қосымшаның жіңішке түрі қолданылатыны, ал «құстар», «қаздар» сөздерінде жуан түрі қолданылатыны түсіндіріледі.

#### 4) қосымшалардың дұрыс жазылуы

- бастауыш сыныпта көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларының дұрыс жалғануы маңызды. Білім алушыларға бұл жалғаулардың қалай өзгеретінін және қай жағдайда қолданылатынын үйрету қажет.

#### 5) дыбыс үндестігі (ассимиляция)

- қазақ тілінде сөздің ішінде немесе шетінде тұрған дауыссыз дыбыстар бір-бірімен үйлесіп өзгеруі мүмкін (мысалы, «ақ бантик» – [ағ бантик]). Білім алушыларға мұндай құбылыстарды түсіндіріп, жазудағы ережелерді меңгерту маңызды.

#### б) буынға бөлу және тасымал

- білім алушыларды буынға дұрыс бөлуге және сөздерді тасымалдауға үйрету қажет. Бұл олардың жазба жұмыстарында қателіктер жібермеуіне көмектеседі.

#### 7) дыбыстық үндестікті ескере отырып, сөздерді дұрыс жазу

- қазақ тілінде сөздерде дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен үйлесуі маңызды. Мысалы, сөз ішінде біркелкі дауыстылар (жуан немесе жіңішке) болуы керек және бұл ереже орфографиялық сауаттылықты сақтау үшін маңызды рөл атқарады.

#### 8) тұрақты сөз тіркестері мен терминдердің жазылуы

- бастауыш сыныпта тұрақты сөз тіркестері мен кейбір жиі қолданылатын терминдердің дұрыс жазылуын үйрету қажет. Бұл білім алушылардың сөздік қорын кеңейтіп, сауатты жазуға үйретеді.

## Орфографияны меңгерту жолдары

1) жаттығулар: білім алушыларға күнделікті жаттығу жұмыстарын беру (диктанттар, көшіріп жазу, сөздік диктанттар) арқылы орфографиялық ережелерді бекіту;

2) тұрақты түрде диктант жаздыру арқылы білім алушылардың ережелерді дұрыс қолдануын бақылау;

3) жазба жұмыстарындағы қателіктерді талдап, оларды түзетудің жолдарын көрсету;

4) білім алушыларға сөздік жұмыс жүргізу, яғни орфографиялық сөздікті қолдануды үйрету, қиын сөздердің жазылуын сөздіктен қарауды әдетке айналдыру;

5) орфографиялық ережелерді жеңіл түсіндіру үшін ойындар ұйымдастыру, мысалы, сөздік ойындар немесе орфографиялық жарыстар өткізу.

Бастауыш сыныптағы орфографияны дұрыс меңгерту балалардың сауатты әрі дұрыс жазу дағдысын қалыптастыру үшін маңызды.

Бастауыш сыныпта бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру — білім алушылардың тілдік сауаттылығы мен жазу дағдыларын дамытудағы маңызды міндет. Орфография мен каллиграфияның негіздері дәл осы кезеңде қалыптасатындықтан, педагогтерге осы дағдыларды білім алушыларға дұрыс үйрету жолдарын жан-жақты талдап, тиімді әдістемелерді қолдану қажет.

### *Орфографиялық жазу нормаларын қалыптастырудың жолдары*

Фонетикалық принципке негізделген оқыту.

Бастауыш сыныпта білім алушылар сөздерді дыбысталуына қарай жазуға бейім болады. Сондықтан қазақ тіліндегі фонетикалық принципті дұрыс түсіндіру маңызды:

- дауысты және дауыссыз дыбыстардың үндестігін үйрету арқылы балаларды сөздердің дұрыс жазылуын түсіндіруге болады. Мысалы, «жуан» және «жіңішке» сөздердің қосымшаларының бір-бірімен үндесу ережелерін түсіндіру.

- дыбыстық талдау, буынға бөлу, сөздік диктанттар тағы сондай тапсырмалар беруге болады.

### *Орфографиялық ережелерді кезең-кезеңмен меңгерту*

Орфографияны кезең-кезеңмен оқыту білім алушылардың сауаттылық дағдыларын қалыптастырады. Әр кезеңде білім алушылар:

- жалғаулар мен жұрнақтардың дұрыс жазылуын үйренеді;

- екпінге байланысты өзгерістерді меңгереді (мысалы, екпін түсетін буындардағы әріптердің ерекшеліктері);

- тасымал ережелерін меңгереді.

### *Диктанттар мен көшіріп жазу жаттығулары*

- диктанттар білім алушыларға орфографиялық ережелерді тәжірибе жүзінде қолдануды үйретеді. Білім алушылар сөздер мен сөйлемдерді диктант жазу кезінде ережелерді қолдануды үйренеді;






- көшіріп жазу жаттығулары білім алушыларға сөздерді дұрыс жазуға жаттықтырады және олардың есте сақтау қабілеттерін дамытады.

#### *Қателерді түзету және талдау*

- білім алушылардың жазба жұмыстарында жіберген орфографиялық қателерін жүйелі түрде түзетіп, олардың себептерін талдап, әр білім алушының жиі жіберетін қателіктеріне арнайы назар аудару керек;

- қате жіберілген сөздерді қайта жазу, орфографиялық ережелерді талқылау, сөздік диктанттар жазу.



Кейбір жағдайларда білім алушылар қосарланған дыбыстарды жасауда көптеген кемшіліктер жібереді. Ол үшін мынадай жұмыстар жүргізген дұрыс. Білім алушылардың дәптерін күнделікті тексеріп баға қоюмен шектелмей, қате жіберген сөзді қатыстырып, сөйлем құратып, қатесін түзеткен-түзетпегендерін бақылап, ретіне қарай жаңа тапсырмалар беріп отыру керек. Әрі таза, көркем, сауатты жазуға дағдыландыру үшін сыныпта дәптерлерін бір-біріне беріп, көрсету, салыстыра отырып көрме ұйымдастыру да өз нәтижесін береді. Оқу мен жазуға үйретудің элементтері қатар жүреді. Оқу мен жазудың негізі – ана тілінің дыбыстық құрылымын түсінуі өте маңызды. Бағдарлама талабына сәйкес білім алушыларды жазудың графикалық дағдысы (әріптерді дұрыс жазу және олардың байланысы) және қарапайым орфографиялық дағды (сөздің дыбыстық және әріптік құрылымын дұрыс жазу) қалыптасуы қажет. Жазу бірнеше бөліктерден құралады. Жазатын сөздерге талдау жасай білу, дыбыстардың реттілігін сақтау, дыбыстарды сәйкес әріптермен белгілеу, бейнелеу. Бастапқы кезеңде бұл бөліктер арнайы қайталанады. Жазу сабағы дыбыстық талдаусыз өтпейді. Бұдан шығудың жолы – білім алушыға жазба тіл дағдысын үйрету. Тақтаға, дәптерге көбірек сөйлемдер жазғызу пайдалы. Себебі өздері жазған сөйлемнен кеткен қателерін өздері табады. Қате жіберген сөздің астын сыздырып, талдау жүргізеді.

Күнделікті сабақта білім алушының жазу сауаттылығына үнемі мән берілсе, онда іс нәтижелі болатыны өз тәжірибемнен белгілі. Сауатты әрі каллиграфиялық дұрыс жазуда көрнекіліктің алатын орны ерекше. Сондықтан әрбір сабақтың тақырыбына сай әріп, сөз, сөйлем жазылған кесте, суретті карточка, сюжетті суреттер, дидактикалық материалдарды пайдалануға көңіл бөледі. Сабақтың алдында жазылуы қиын сөздерді іліп қойып, еске сақтауын қадағалайды. Білім алушылардың көбі мәтіндегі жаңа ой басталатын жерде азат жолдан бастап жазуды білмейді. Бұл бас әріп, кіші әріп түрі мен тұлғаларын, әріптің баспа түрі мен жазба түрін білмеуінен болады. Әріптерді дыбыстағанда оны дұрыс айтып үйренбейді.

#### *3-сыныптар бойынша*

Қатемен жұмыс жүргізгенде ерекше талдау жүргізіледі. Қате жіберген сөйлемдерді қайтадан жазғызып, астын сыздыру нәтижесін береді. Білім алушыларды қатесіз, сауатты жазуға үйрету тәсілдері алуан түрлі. Өйткені, әр

баланың ерекшелігіне байланысты қатесіз жазуға үйрету әдісі әр сабақта өзінше орын алады.

Мысалы: кейде **ү** әрпін **ү**, **ы** немесе **і**, **о** әрпін **ө**, **т** әрпін **д**, **с**-ны **ш**, **ң**-ды **н** деп айтады. Кейбір білім алушылар әріптің негізгі формасын сақтамай және оларды бір-біріне өте жақын не өте алшақ жазуынан қате жібереді. Сөйлем аяқтағанда тыныс белгілерін қоймай, келесі сөйлемді бас әріптен бастамай, жалқы есімдерді кіші әріппен жазып қояды. Қатенің бір түрі сөз мағынасына дұрыс түсінбей жазудан болады. Мысалы: «**тастама**» сөзін «**тыстама**», «**кішкентай**» сөзін «**киттей**», «**ештеңе**» сөзін «**іштеме**» деп жазуы мүмкін сөздерді жазғанда әріпті тастап кету, бірдей екі әріптің біреуін қалдырып кету жиі кездеседі.



**Н** мен **ң** дыбыстары сөздің мағынасын түбегейлі өзгертетіні түсіндіріледі, мысалы: күн-күң.

Дыбыстарды байланыстырып оқу, жұппен оқу, мысалы: на-та, ан-аң, сан-сең.

Сөзжасам ерекшеліктері түсіндіріледі, **н** мен **ң** дыбыстары кездесетін сөздер жазу.

Көп нүктенің орнына тиісті **н** немесе **ң** дыбыстарын жазу, мысалы: ша...а, жа...а, а.. шы, қа...ағат, ша... .

**Н** мен **ң** дыбыстарының айтылуындағы ерекшеліктер **и** мен **й** дыбыстарының ережелері еске түсіріледі, мысалдар келтіріледі. Айтылу ерекшеліктері айтылып түсіндіріледі. **И** мен **й** дыбыстары бар сөздерді топтастырып жазу ұсынылып, **и** мен **й** дыбыстар бар сөздерді буынға бөлу ұсынылады. Көп нүктенің орнына тиісті **и** немесе **й** дыбыстарын жазу, **и** мен **й** әріптерін жазу нормаларын сақтап көркем жазу ұсынылады.





Осындай түсіндірме жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде білім алушылардың орфографиялық және каллиграфиялық дағдылары біршама көтерілді.

*4-сыныпта қамтылатын тақырыптар аясында игерілетін дағдылар:*

- тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырату;
- сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін ажырату;
- дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалай алу;
- айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу;
- сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою;
- күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз);

- үстеуді мағынасына қарай ажырату, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолдану;
- сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану;
- каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру;
- құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою.

Осындай түрлі жаттығулар есте сақтау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, білім алушылардың зейінін, тапқырлығын дамытады, логикалық ойлау қабілетін жақсартады.





«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтатын болсақ, қазіргі таңда педагогтердің міндеті – білім алушылардың тұлғалық дамуына жағдай туғызу, функционалды сауатты азамат, жеке тұлға етіп тәрбиелеу. Білім алушыларды сауаттылыққа үйрету - әр педагогтің шығармашылық ізденісіне байланысты. Әдемі, әрі сауатты жазуға үйрету, қазіргі заман талабына сай әр педагогтің басты міндеті болу керек.

*Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылы «Қарғалы №3 орта мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімі Рахманбергенова Балнур Абилхасымовнаның тәжірибесінен*

Бастауыш сынып білім алушыларының орфографиялық дағдыларын қалыптастыруда тиімді тәсілдемелерді қолдану тақырыбының өзектілігі қазіргі таңда көпшілік білім алушылардың жазу дағдыларының төмендеуімен байланысты. Жоғары сынып білім алушыларының жазба жұмыстарына қатысты негізгі қателіктері – көркем жазбаудың, сөйлемдерде көптеген грамматикалық қателердің болуы, сондай-ақ қазақ тіліне тән дыбыстардың (ұ, ғ, ң, ү, ө) әріптерінің жазылуы мен айтылуының өзгеріске ұшырауы байқалады. Сондықтан бастауыш буыннан бастап жазба жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу педагогтің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Бірінші сыныпқа келгенде көркем жазуға қабілеті жеткіліксіз, ұсақ моторикасы дұрыс дамымаған, алдағы уақытта көркем жазуда қиындықтарға тап болуы мүмкін білім алушыларға ерекше назар аударылады.

*Көркем жазу дағдысы дұрыс қалыптаспау қаупі бар білім алушының дәптері*





Дәл осындай бірнеше білім алушылар бір сыныпта болуы мүмкін. Қазіргі таңдағы әрбір бастауыш сынып педагогтерінің бетпе-бет келіп күресетін өзекті мәселесінің бірі де осы көркем жазу. Бұл мәселенің шешімін тауып, білім





Білім алушылардың көпшілігі 2-3-сыныптарда жазба жұмыстарын орындауда сөздерді буынға бөлу, жұрнақ пен жалғауды дұрыс қолдану, бас әріптерді орынды пайдалану сияқты тақырыптарда жиі қателік жібереді. Бұл жаттығу әдісі алдыңғы әдістің қорытынды кезеңі болып саналады. Педагог бірнеше сөздерді тасымалдап жазуға, оларға жалғау, жұрнақ қосып жазу тапсырмаларын күнделікті сабақта сынып жұмысынан бұрын 2-3 жол жазғызып жаттықтырады. Бұндай жұмыстар арқылы орфографиялық ережелерді бекітеді.



#### 4) өзіндік түзету әдісі

Бұл әдіс қателіктерді өздігінен табуды үйретеді. Жазба жұмыстарын орындағаннан кейін білім алушыларға өздерінің қателерін тексеру тапсырмасы беріледі. Қателіктерді талдап, талқылап, ортақ келісімге келеді. Өзіндік түзетуді үнемі қолдану арқылы сол қателіктерін келесі жолы жібермеуге тырысады.

#### 5) ойын әдісі

Орфографиялық ережелерді үйрету ойын түрінде өткізіледі. Мысалы, сөздерді дұрыс құрастыру, сөзжұмбақ шешу немесе «кім жылдам?» ойыны арқылы білім алушылардың қызығушылығы артады. Сыныптағы топтық жұмыстарда және сабақ арасында қолданылады. Ойын атаулары: «Сөйлемді жылдам талда», «Сөйлемдегі қатені тап», «Сөйлемді жалғастыр», «Әріптерден сөз құрап жаз», «Есте сақтап жаз», «Жылдам көшір», «Ең үздік жазу», «Түсіп қалған әріптер».

*Тапсырма:* Сөйлемдегі түсіп қалған әріптерді анықта, көркем жаз, мәтінді оқы.

*Алма...т... әсем қал... . Менің О...тан...м Қаз...қст...н. Кең ба...та.... жері, көп...лт...ы елі ба... . Мен өз О...аны...ды с...йе...ін.*

#### 6) жұптық және топтық жұмыс

Білім алушылар жұппен немесе топпен бірігіп, берілген тапсырмаларды орындайды. Бұл әдіс олардың бір-біріне көмектесу арқылы жазу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Тапсырмалар барысында олар сөздерді дұрыс жазу, қателерді табу, қате жазылған сөздерді түзету, ой бөлісу және берілген әріптен басталатын сөздерді жазу сияқты әрекеттерді орындайды. Осылайша, білім алушылар бірлесіп жұмыс жасауға бағытталады.

*Тапсырма:* «Жұптас, ойлан, жалғастыр, көркем, қатесіз жаз»

*Желкен, жс ... , жс ... , жс ... , жс ... , жс ... , жс ... .*

*Тапсырма:* «Топтас, ойлан, соңғы дыбыстан басталатын сөздерді қатесіз, көркем жаз»

Бұл тапсырмада топтағы білім алушылар бір параққа қағазға берілген уақыт ішінде сағат тілімен айналдыра отыра әрбірі соңғы дыбыстан басталатын сөзді көркем, қатесіз жазады, бір-бірінің қатесін түзетеді.

*Мектеп, перде, етік, көлік, көпір, раушан, наубайхана, арық, қалам, мата.*

#### 7) көрнекілік әдісі

Білім алушыларға көрнекі құралдар (суреттер, плакаттар, слайдтар, бейне материалдар) арқылы сөздердің дұрыс жазылу ережесін көрсету, талқылау, түсіндіру арқылы дағдыландыру. Бұл әдіс арқылы шағын мәтіндерді кітаптан көшіру кезінде баспа түрінен жазбаша көшіру дағдысы өте жақсы қалыптасады.

Алдымен алғашқы кіші сыныптарда әріп, сөз, қысқа сөйлемнен басталса, сынып жоғарылағанда шағын мәтіндерді қолданса болады.

Сөз	Көркем жазылуы
Оқушылар	<i>Оқушылар</i>
Мамандық	<i>Мамандық</i>
Дәрігер	<i>Дәрігер</i>
Өсімдік	<i>Өсімдік</i>

Егер нақты тақырыпқа қатысты болатын болса: «**Жыл мезгіліне қатысты сөздерді ойлап тап, көркем жаз**» тапсырмасын беру арқылы білім алушылардың тек көркем жазу емес, тақырыпты меңгеруін пысықтап, ойлау қабілеттерін арттыруға болады.

(1-2 сыныптарға)

Күз	Қыс	Көктем	Жаз
<i>Егін</i>	<i>Аққала</i>	<i>Еру</i>	<i>Гүлдер</i>
<i>Жауын</i>	<i>Қар</i>	<i>Гүлдеу</i>	<i>Көбелек</i>
<i>Астық</i>	<i>Аяз</i>	<i>Жасыл</i>	<i>Жеміс</i>
<i>Бұлт</i>	<i>Сырғанақ</i>	<i>Жауын</i>	<i>Демалыс</i>

(3-4 сыныптарға)

Дауысты дыбыстан басталатын	Дауыссыз дыбыстан басталатын	Дауысты дыбысқа аяқталатын	Дауыссыз дыбысқа аяқталатын
<i>Орал</i>	<i>Жезқазған</i>	<i>Алматы</i>	<i>Тараз</i>
<i>Алматы</i>	<i>Қостанай</i>	<i>Ақтөбе</i>	<i>Шымкент</i>
<i>Ақтау</i>	<i>Жамбыл</i>	<i>Семей</i>	<i>Маңғыстау</i>
<i>Атырау</i>	<i>Тараз</i>	<i>Қызыл орда</i>	<i>Өскемен</i>

*Жамбыл облысы Тараз қаласы Ә. Бөкейханов атындағы №1 гимназия директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары Маханова Әсем Нурғалиевнаның тәжірибесінен*

**Жазудың сапасы және оны қалыптастыру жұмыстары**

Білім алушылардың жазу жұмысына қарап, кейбірінің жазуы таза, көркем, анық екенін байқауға болады. Ал, басқаларының жазуы қисық, біркелкі емес, немесе асығыс жазылғандай көрінеді. Мұндай қателіктерді болдырмау үшін педагог көркем жазу немесе тіл сабақтарында жазу сапасын үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

Жазу сапасына оның айқындылығы, біркелкілігі, дұрыс байланысуы, дәптер немесе тақта жолында түзу орналасуы жатады. Жазу сапасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог келесі бағытта жұмыс жасайды:

- 1) әріптің формасын бірінші сабақтан бастап дұрыс жазуға үйрету;
- 2) әріптердің дұрыс байланысуын қадағалау;
- 3) жазудың біркелкі көлбеулігін қамтамасыз ету;
- 4) әріптердің биіктігінің біркелкі болуын қадағалау;

5) әріптер, сөздер мен сөйлемдер арасындағы қашықтықтың бірдей болуын бақылау;

6) сыныптағы білім алушылардың жазу жылдамдығының бірдей болуын қамтамасыз ету;

7) жазудың ритмикасын біркелкі сақтау.

Әріптің формасымен жұмыс жасау — көркем жазудың негізгі міндеттерінің бірі. Себебі, жазудың айқындылығы әріптің дұрыс жазылуына тікелей байланысты. 1-сынып білім алушысы барлық әріптің таңбалануын үйренгенімен, кейбір әріптерді ұмытып қалуы мүмкін. Білім алушының әріптің формасын түсіне отырып жазуы маңызды. Әсіресе, 1-2-сыныпта білім алушының жазуын қадағалаудың маңызы зор, өйткені бұл кезеңде әріпті таза жазу және оны бейнелеу дағдылары қалыптасады.

Әріпті түсініп жазу үшін мыналарды білу маңызды:

1) негізгі әріптерді және оларды байланыстыратын белгілерді ажырата білу;

2) әр әріптің элементтік ерекшеліктеріне (шиек, дөңгелек, жарты доға) назар аудару;

3) әріптің жазылу ерекшеліктерін түсіну;

4) әріптің дұрыс немесе бұрыс жазылғанын ажыратып, оның себебін түсіндіре алу.

Әріптің формасымен дұрыс жұмыс істеуге мысал келтірейік. Балалар дәптерлерінің қажетті бетін ашып, оларға «Щ» әрпін қайта қарау тапсырмасы беріледі. Бұл әріптің негізгі төрт элементін анықтауға болады, оның соңғы элементі – шиек. Бұл элементтер бірдей бағытта және түзу штрихпен жазылуы керек. Әріптегі қосымша элементтер негізгі элементтерге қарағанда сәл көлбеу түсіріледі, ал шиегі төменгі жолдан сәл жоғары орналасады.

Осы тапсырма арқылы білім алушылар «Щ» әрпінің қандай әріптерге (мысалы, «Ш» және «Ц») ұқсайтынын байқайды. Педагог тақтаға «Щ» әрпін жаза отырып, оның ерекшеліктерін түсіндіреді, содан кейін тағы екі әріпті бірдей арақашықтықпен жазады. Білім алушылар өз беттерінше 3-5 әріп жазады, ал педагог олардың жазуын бақылай отырып, кеткен қателерін байқайды.

Педагог қате жазылған әріпті тақтаға жазып, білім алушылардың оны байқап, қатесін табуына мүмкіндік береді. Мысалы, «Щ» әрпінде екі қате болуы мүмкін: элементтер арасындағы қашықтық дұрыс емес немесе шиегі дұрыс салынбаған. Педагогтың жетекшілігімен қате түзетіледі, содан кейін дұрыс емес әріп өшіріліп, орнына дұрысы жазылады.

Білім алушылар өз жазуларындағы қателерді де көруі маңызды. Мысалы, педагог әріпті жазуға бергенде, қателіктің себебін анықтап, оны қалай түзетуге болатынын түсіндіреді. Содан кейін олардан әріпті қайта жазуын сұрап, қаншалықты дұрыс жазылғанын бақылайды. Кейбір білім алушылар қателерін көрмеуі мүмкін, сондықтан олар бір-бірінің жазуын тексеріп, қателерін анықтайды.

Кейбір білім алушылар әріптің жазылу үлгісін дәптерге жазып көрсетсе ғана дұрыс жаза алады. Мұндай жағдайда педагог білім алушы дәптеріне әріптің

үлгісін көрсетеді, ал білім алушы сол бойынша жазады. Басқа білім алушыларға қолынан бағыттап жазуға көмектесуге болады.

Дұрыс бағытта жазу дағдыларын қалыптастыру үшін педагог түсіндіргеннен кейін білім алушылар әріпті бірінші қаламды ұстай отырып, көздерін жұмып, ауада жазады. Осыдан кейін ғана дәптерге жазуға кіріседі.

Білім алушының қатесін көргенде педагог оған ерекше назар аударғаны жөн, бірақ оны ашық түрде атаудан аулақ болған дұрыс. Ал жақсы орындаған білім алушыларды сынып алдында мақтап, есімдерін атауға болады.

Сауат ашу кезеңі аяқталғаннан кейін білім алушылар кейбір әріптің таңбалануын ұмытып қалуы мүмкін. Сондықтан көркем жазу сабақтарында күрделі әріптерді қайта-қайта жаздырып, есте сақтау дағдыларын жетілдіру қажет. Әріптің формасымен жұмыс жасағанда оның сөзде және сөйлемде қалай байланысатынына да назар аударған жөн. Бұл жұмыс көркем жазу сабақтарында тұрақты түрде орындалуы керек.

### *Жазу үрдісі және әріп элементтерін талдау*

Графикалық дағдыларды үйрету барысы жазу үрдісінің заңдылықтарына негізделген, сондықтан әріп элементтерін талдау да осы заңдылықтарға бағынады. Ертеректе әріп элементтерін талдау шрифт ерекшеліктерімен тығыз байланысты болатын. Бұл әдіс тіпті үзіліссіз жазылатын әріптерді де элементтерге бөліп қарастыруды талап етеді. Мысалы, «б» әрпі бірнеше элементтен тұрады.

Кіші әріптің элементтері:	Үлкен әріп элементтері:
- түзу сызық	- түзу сызық
- жұмыс жолының төменгі сызығынан асатын сызық	- оң жағына қарай имегі бар сызық
- имегі бар сызық	- сол жағына қарай имегі бар сызық
- жоғарғы жағында имегі бар сызық	- жоғарғы және төменгі жағында дөңгелекшесі бар сызық
- «Л», «М», «Я» әріптерінің бастапқы элементі	- «Л», «М», «Я», «А» әріптерінің алғашқы элементі
- жоғарғы және төменгі жағы имектелген сызық	- дөңгелек
- «Ж» әрпінің ортаңғы элементі	- сол жағынан жартылай дөңгелекше
- төменгі жұмыс жолынан шығатын имек	- «Ж» әрпінің ортаңғы элементі
- жоғарғы жағынан шығатын имек сызық	- оң жағына қарай дөңгелекше
- қысқа имек	- «Б», «Г», «П», «Т», «Р» әріптерінің жоғарғы элементі
- «к» әрпінің элементі	
- жарты дөңгелекше	
- дөңгелек	
- «и» әрпінің жоғарғы элементі	

Әріпті осылай бөлшектеуді педагог әріп элементіне талдау жасауда қолдана алады. Әліппе кезеңінде элементтерге талдау жасау балаға әріпті дұрыс бейнелеуге көмектеседі. Бірақ бұл кезеңде әріпті жеке элементтерге бөлудің қажеті жоқ; жазуды дұрыс қалыптастыру үшін жазу барысындағы қозғалысқа талдау жасау маңызды. Енді әріпті элементтерге бөліп талдаудың ерекшеліктерін қарастырайық.

Ең алдымен, әріптің негізгі элементін бөліп көрсету керек. Кез келген әріпті жазғанда, бірінші, өзімізге қарай жазу негізге алынады. Осы қозғалыспен негізгі элемент – түзу сызық салынады. Келесі элементті жазу үшін жоғарыға қарай, оңға көлбеу етіп жазамыз. Бұл қосымша элементтің қызметі – екі элементті немесе екі әріпті қосу. Мұндай қозғалысты жазу барысында жүзеге асыру ыңғайлы және үзіліссіз жазылады. Бұл элементтерді «и,» «ш,» «п,» «т,» «р» әріптерінен байқауға болады.



Негізгі элемент – өзімізге қарай жазылған көлбеу сызық, ал қосымша элемент – өзімізден алысқа жазылатын көлбеу сызық ретінде үлкен бұрышпен жазылады. Кейбір әріптерді негізгі және қосымша элементтерге бөлу процесі сағат тіліне қарама-қарсы қозғалыспен қайталанып жазылуымен ерекшеленеді («э,» «з»). Мұндай бөлу әріп формасын дұрыс жазуға ғана емес, сондай-ақ біркелкі бағыт, параллель штрих ритмін сақтауға көмектеседі.

Жазбаша түрдегі кейбір әріптер жазу заңдылықтарына сәйкес келмеуі мүмкін. Өзімізге қарай төмен жазуды – тік, ал өзімізден жоғары қарай жазуды – оңға қарай көлбеу етіп саламыз. Мысалы, «б» әрпі жазу заңдылықтарына сәйкес келмейтіндіктен, білім алушылар көп қателіктер жіберуі ықтимал.

Жазуды үйретудің алғашқы кезеңінен бастап педагог негізгі элементті – өзімізге қарай көлбеу түсетін тік сызықты ажырата білуге үйрету керек. Бұл элемент білім алушыға тек негізгі элемент ретінде ғана емес (мысалы, «п,» «и,» «т»), сонымен қатар басқа әріптерде де (мысалы, «ш,» «я,» «в,» «р») көріне алатынын түсінуіне ықпал етеді. Әріпті осылай элементтерге бөліп талдау, жазуды саналы түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Әліппе кезеңінен кейін әріпті қайталау үшін келесі жаттығулар беріледі:

и|| и || и ||                    н|| н || н                    ш||| ш ||| ш |||  
в || в || в ||                    г | г | г | г | г |                    р || р || р ||

Бұл жаттығулар әріптің негізгі элементтерін ажыратуға көмектеседі.

Осылайша әріптерге талдау жасау маңызды орын алады және жазуға үйренудің барлық кезеңдерінде қолданылуы тиіс. Дегенмен, бұл әдіс барлық әріптерге қолайлы болмауы мүмкін. Кейбір әріптерге элементтерді дәлірек немесе айқынырақ талдауға болады. Мысалы, имек сызық, шиек, дөңгелек, жартылай дөңгелек сияқты элементтерден қосымша немесе негізгі элементті табуға болады.

Бұл элементтерді әріпті жазғанда ғана көре аламыз.

Жазу барысында қозғалыс элементтері әріптер суретіне сәйкес келе бермейді. Мысалы, дөңгелек элементі бар әріптер үшін негізгі элемент дөңгелек болып табылады. Дегенмен, дөңгелек тек о, ө, ю әріптерінде толықтай жазылады. Ал я, д, ф әріптері сөздің басында келсе, дөңгелекше аяқталмай, екінші элемент жазылады. Ф әрпінде екі дөңгелекше бар, бірақ екінші дөңгелекше бірінші дөңгелекшеден мүлдем өзгеше жазылады (біріншісі сағат тілімен, екіншісі сағат тіліне қарсы). Екіншісі ортаңғы элементке қосылғанда ғана дөңгелекше болып саналады.

Бұл мысалдарды, яғни қозғалыс элементтеріне және шрифт элементтеріне талдау жасау үшін береміз. Алайда, жазуға үйрету барысында екі жақты талдау да маңызды орын алады.

Жазу үрдісіне талдау жүргізу әріптер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, қозғалыс бағыттарын түсінуге мүмкіндік береді. Әріп элементтеріне талдау жасай отырып, элементтің оңайлығына немесе күрделілігіне қарап әріптерді топқа бөлуге болады. Бұл генетикалық принципке сәйкес, оңайдан қиынға қарай жазуға негізделеді.

Алғашқы жазудың мақсаты – әліпбидегі кіші немесе бас әріптердің графикалық тұрғыдан оңайдан – қиынға, бір-біріне ұқсастығына және топ-топқа бөлінуін қамтамасыз ету.

### Әріптер тобы

Кіші әріптер:										Бас әріптер:										
I	и	ш	і	п	т	н	р	у	һ	ү	I	И	Ш	Ц	Щ	Ч	Ұ	Ү	Л	М
II	л	м	ь	ы	я	II	О	Ө	С	З	Х	Е	Ә	Ө						
III	о	а	ю	ф	д	б	III	Ж	У	Н	К	Қ	Ю	Р	В	Ф				
IV	с	е	ч	ь	в	IV	Г	Ғ	П	Т	Б									
V	х	ж	э	з	к	V	А	Я	Д	Ы	Ч									
VI	й	ғ	ц	щ	ұ	ң	қ	э	ө											

1. Әріп құрамында тек негізгі немесе қосымша элементі бар, жазылуы оңай кіші «и» және «ш» әріптері сағат тіліне қарсы қозғалыспен жазылады. Бұл әріптерді жазу оңай болғанымен, оқытуды бастағанда кейбір қателіктер жиі кездеседі. Кейбір білім алушылар бұл әріптерді жіңішке және қысыңқы етіп жазады. Мұндай қателерді түзету үшін әріптердің әртүрлі жазылған үлгілерін салыстырып көрсету тиімді.

«И» әріпінің жазылуы бойынша қателерді талдау:

Тақтаға үш «и» әрпі жазылады: екеуі дұрыс емес, ал біреуі дұрыс. Балалар осы үлгілерге қарап, дұрыс жазылған әріпті анықтап, қалған екі қате жазуды талқылайды. Талқылау барысында:

1-қате: сызықты жұмыс жолының төменгі сызығына жеткізіп дөңгелетсек, әріптің тік сызығы пайда болады. Ал дөңгелек жұмыс жолының төменгі сызығынан жоғары болса, әріп жалпақ болып кетеді. Білім алушылар дөңгелекті екі нүкте арасында жазу керек екенін түсінеді.

2-қате: арақашықтықтың сақталмауы. Бұл қате дөңгелекшені төменгі жолға тым жақын жазудан туындайды, бірақ сирек кездеседі. Мұндай жағдайда жеке жұмыс кезінде қатені түсіндіру тиімді.

3-қате: әріпті әртүрлі бағытта жазу. Бұл қатені жою үшін мына жаттығу ұсынылады: дұрыс бағыттағы қозғалысты талдап, негізгі және қосымша элементтерді қай бағытта жазу керектігін түсіндіру.

Үлкен «И» және «Ш» әріптері:

Бұл әріптерге тән қателер мыналар:

1-қате: бағыттың дұрыс болмауы. Бұл қатені жою үшін элементтердің бағытын талдап, қай бағытта жазу керектігін түсіндіру керек.

2-қате: элементтер арасындағы қашықтықтың әркелкілігі. Әрбір элемент арасындағы қашықтықтың бірдей болуы қажеттігіне назар аудару керек.

3. Элементтер арасында орын қалдырылмауы:

Бұл қате кіші «ш» немесе «и» әріптеріндегі қателерге ұқсас, сол сияқты түзетіледі.

«П», «Т», «Р» әріптерінде жиі кездесетін қателер:

Бұл әріптердің негізгі және қосымша элементтерін талдай отырып, қатені жоюға болады.

«У» және «Ц» әріптерін жазудағы ерекшеліктер:

Баланың назарын «у» әрпінің төменгі сызықтан басталып, қиылысатын жеріне, «ц» әрпінің ілмекшесінің бастапқы нүктесіне аудару керек. Бірінші сыныпта педагог ілмекшелер мен шиекті жазуды көрнекі түрде көрсетуі маңызды.

Кіші «у», «ц», «щ» әріптерінде кездесетін қателер:

Бұл әріптерде жиі кездесетін қателер:

- шиектің солға қарай ауытқып жазылуы;
- шиек формасының дұрыс болмауы;
- шиек көлемінің немесе формасының сәйкес келмеуі;
- шиек жазуды дұрыс бастамау.

#### *Әріптерді талдау және қателерді түзету әдістері*

Педагог алдымен дұрыс жазылған әріпті тақтаға жазып, әріпке талдау жасайды. Бұл әдіс әріптерді ұқсастықтары мен айырмашылықтарына қарай топқа бөліп үйренуде маңызды рөл атқарады.

#### Үлкен «Ч» әрпі

Үлкен «Ч» әрпін жазуда жиі қате кетеді, себебі ол үлкен «Ш» және «И» әріптеріне ұқсайды. Бұл әріптерді жазғанда қозғалыс бағытына назар аудару керек.

#### Кіші «ч» әрпі

Жылдам жазу кезінде кіші «ч» әрпінде жоғарғы және төменгі бөліктер арасындағы пропорция бұзылады. Мұндай қателерді түзету үшін талдау жүргізу керек.

#### Кіші «а» және «д» әріптері

Кіші «а» мен «д» әріптерін жазу барысында олардың жоғарғы бөлігінде үзіліс пайда болуы мүмкін. Мұндай қателерді болдырмау үшін білім алушыларға қосымша түсіндіру жұмыстары қажет.

Кіші «д» әрпін жазғанда имектің дұрыс түспеуін болдырмау үшін оқушыларға қаламды қайта тигізу қажет екенін түсіндіру маңызды.

Кіші «б» әрпін жазу барысында жиі кездесетін қателер жоғарғы сызыққа дейінгі элемент бағытының бұзылуы және қайырылған бұрыштың тік болып жазылуы болып табылады.

Педагог бұл элементтерді «о» әрпі секілді дөңгелектеп жазу керектігін түсіндіруі керек.

#### Кіші «у» және «ц» әріптері

«У» әрпі төменнен басталады, ал «ц» әрпінде ілмек сызықтан жоғары басталады. Бастауыш сыныпта педагог ілмекшелерді көрнекі түрде көрсетуі маңызды.

Кіші және үлкен «О» әріптерінде қателер сирек кездескенімен, балаларға әріп формасының сопақша екенін түсіндіру керек.

Жартылай дөңгелекше әріптерде, мысалы, 'Е' әрпінде, жоғарғы дөңгелекшенің төменгісінен кішірек болуы және әріптің біркелкілігі сақталуы керек; ал кіші «е» әрпі сағат тіліне қарсы жазылады, бірақ кей білім алушылар имекшесін кішкентай етіп жазады, сондықтан мұндай жағдайда педагог әріптің элементтерін жеке түсіндіруі қажет.

Кіші «ы» әрпін жазуда имектен кейінгі сызықтың тік жазылуы немесе имектің мүлде жазылмауы сияқты қателер кездеседі, сондықтан педагог дұрыс жазылған әріп үлгісін көрсетіп, қателерді салыстырып талдайды.

#### Кіші және үлкен «К» әрпі

Кіші және үлкен «К» әріптері элементтер арасындағы арақашықтық жиі сақталмайды. Білім алушыларға «г», «р», «п» әріптерімен салыстыра отырып түсіндіру ұсынылады. «К» әрпі «г», «р», «п» әріптеріне қарағанда, оның элементтері бір-біріне жақын орналасуы мүмкін, сондықтан оны жазғанда арнайы назар аударған жөн. Білім алушылар бұл әріптердің айырмашылықтарын түсіну арқылы, жазу барысында дұрыс қашықтықты сақтауға дағдыланады.

#### Үлкен «В» және «З» әріптері

Үлкен «В» және «З» әріптерінде келесі қателер байқалады: бірінші элементтен екінші элементтің алыс орналасуы және дөңгелекшелердің пропорциясы сақталмауы. Білім алушылар бұл әріптерді жазғанда элементтердің арақашықтығын дұрыс сақтауға және дөңгелекшелердің өлшемдерін теңестіріп жазуға назар аударуы керек.

#### Кіші «ф» және үлкен «Ф» әрпі

Кіші «ф» әрпі екі дөңгелекшеден тұрады, бірақ олар әртүрлі бағытта жазылады. Қате жиі дөңгелекшелердің көлемінің әркелкі болуынан кездеседі.

Ал үлкен «Ф» әрпінің ортаңғы элементі «У», «Г», «Р» әріптерімен байланысады. Сондықтан дөңгелекшелердің біркелкі жазылуын үйрету маңызды. Білім алушылар бұл әріптердің жазылу ерекшеліктерін түсіну арқылы, дұрыс және әдемі жазуға дағдыланады.

#### Үлкен «Д», «Г», «П», «Т», «Р» әріптері

Үлкен «Д» әрпі күрделі формаға ие, және жазу барысында толық дөңгелектелмеген қателер байқалады. Білім алушыларға «Д» әрпінің ерекшеліктерін түсіндіру маңызды.

Үлкен «Г», «П», «Т», «Р» әріптерінде жоғарғы элемент оңнан солға қарай жазылады. Қателер көбінесе жоғарғы және төменгі элементтердің дұрыс емес жазылуынан болады. Білім алушылар бұл әріптердің жазылу ережелеріне назар аударуы қажет, осылайша жазу барысында қателерді азайта алады.

Әріптерді бұлайша талдау жазу машықтарын жақсартады. Қолды дәптерден алмай үзіліссіз жазу тәсілін ерте үйрену – жылдам жазу үшін тиімді. Әріптердің көбісі үзіліссіз жазылады, бірақ кейбіреулері үзіліспен жазылуы мүмкін.

Қазақ әліпбидегі әріптерді жазуда үзіліс жасау – жасалмауына қарай төменгі топтарға бөліп қарауға болады.

#### Кіші әріптер

I. Үзіліссіз жазылатын бір элементті кіші әріптер: ә, б, в, г, е, о, с, ь

II. Үзіліссіз жазылатын көп элементті кіші әріптер: а, д, з, и, л, м, н, ң, п, т, у, ү, һ, ц, ч, ш, щ, ы, ю, я

III. Бір үзіліспен жазылатын кіші әріптер: ғ, й, к, қ, ө, р, ұ, х, і, э

IV. Екі үзіліспен жазылатын кіші әріптер: ф, ж, ө

#### Бас әріптер

I. Үзіліссіз жазылатын бас әріптер: Ә, Д, О, С

II. Бір үзіліспен жазылатын екі элементті бас әріптер: В, Е

III. Екі үзіліспен жазылатын әріптер: А, Б, Г

IV. Үш үзіліспен жазылатын төрт элементті бас әріптер: Ж, Ғ, Т

Жылдам жазуға көшу барысында сөз ішіндегі әріптердің бір-бірімен қосылу жолдарын дұрыс меңгерудің ерекше мәні бар. Әріптердің өзара байланысып жазылуы, олардың өзіндік графикалық бейнесіне, әрбір әріптің соңғы элемент ерекшеліктеріне байланысты шешіледі. Демек, жазу байланысы сөздегі алдыңғы әріптің келесі әріппен байланысу принципі бойынша қарастырылады.

Бір-бірімен қосылу ерекшелігіне қарай қазақ тіліндегі әріптерді негізгі екі топқа бөлуге болады.

Жазу барысында жасалған қол үзілісі білім алушылардың жазу темпін тежеп қана қоймайды, сонымен қатар көлбеу жазу, әріп элементтерін дұрыс жазу, олардың биіктігі мен арақашықтығының біркелкі болуына, жалпы, ритмикасының өзгеруіне әсер етеді.

Аталған қиындықтарды ескере отырып, бұл топтағы әріптердің келесі әріптермен байланысу тәсілдерін меңгеруге арналған түрлі графикалық даярлық жаттығулары жүргізілуі тиіс.

Дөңгеленген элементтерге аяқталған әріптер сөздегі өзінен кейінгі әріптермен жалғас сызықтар арқылы байланысады. Жалғас сызығы бұл топтағы барлық бас әріптердің және кіші «б» әрпінің төменгі жағынан қойылады.

*Дауысты, дауыссыз дыбыстарды жазуға үйретудің жолдары*

Үлкен А әрпінің жазылу емлесі

Үлкен А әрпінің үлгісі тақтада тұрады. Әріпті жазуды жұмыс жолының төменгі жағынан бастап, төменгі сызықтан сәл жоғары қарай қиғаштау етіп жоғары жылжытамыз. Келесі жұмыс жолының сызығына жеткізбей, өзімізге қарай төмен түсіп, шиек жасаймыз. Жазу кезінде мынадай қателер кетуі мүмкін: екі элементтің ортасы қатты алшақ болуы немесе бірінші элементтің тік жазылуы, бұл и әрпінің қосатын элементі сияқты жазылу керек. Педагог А әрпін бір элемент нүктелер арқылы жазып көрсетеді, ал үлкен және кіші а әрпін жазу үзіліссіз жүреді. Үлкен әріпті жазғаннан кейін, кіші әріптің негізгі дөңгелек негізін салып, содан соң жарты шиегі бар сызықты саламыз.

Кіші а әрпінің емлесі

а әрпі ең алғаш үйретіледі және ол екі элементтен тұрады. Міне, жазудың қиындықтары да осында. Педагог әріп элементтеріне назар аудара отырып, тақтаға жазып көрсетеді. Жазу барысында педагог былай түсіндіреді: «Жұмыс жолының жоғарғы жағына келгенде, солға қарай дөңгелектеу етіп төменге дейін сыза отырып, қиғаштау етіп бастаған нүктемізге дейін апарамыз. Екінші элементті үзбей, жоғарғы сызықтан бастап, төменгі жағын имектеу етіп жасаймыз».

Білім алушылардың қателерін байқай отырып, педагог дұрыс жазу жолдарын түсіндіреді. Білім алушылар а әрпін жазу барысында бірінші элементті

өте жақын жазу сияқты қателерді жиі жібереді. Мұндай қателерді түзеу үшін педагог білім алушыларға қайта үйретеді. Мысалы, екі элементтің арақашықтығын сақтау үшін, екінші элементтің жазылу ережелеріне назар аударған жөн. Осыдан кейін элементті жазғанда, арасында бұрыш нүкте қою арқылы білім алушылар қателерін түзете алады.

#### Ә әрпінің емлесі

Ә әрпі үзіліссіз жазылады, және бұл әріпті таңбалау ешқандай қиындық тудырмайды. Әріпті үстіңгі жұмыс жолына сәл жетпейтін жерден бастап, оңға қарай жоғары жүре келе, дөңгелектей төменге түсеміз; төменгі жұмыс жолына жетпей, солға бұрып, екі жұмыс жолының ортасынан оңға қарай сызып, бастапқы сызығымыздың дәл ортасында түйістіреміз. Жазу кезінде мынадай қателер кетуі мүмкін: иегі кішкентай болуы немесе әріпті жазуды дұрыс бастамау. Қатені түзеу үшін санау әдісіне сүйену немесе үлгімен салыстыра отырып талдау жасау пайдалы болады. Кіші ә әрпі үлкен Ә әрпімен бірдей жазылады, тек көлемі жағынан айырмашылығы бар.

#### Үлкен Б әрпінің емлесі

Үлкен Б әрпі бір үзіліспен жазылады. Келесі әріппен үзіліссіз байланысады. Үлкен Б әрпін жазғанда жоғарғы элементін жазу қиындық тудырады. Пропорцияны бұзу. Білім алушыларға төменгі сызықтан жоғары жерде қиылысатынын түсіндіру керек.

#### Кіші б әрпінің емлесі

Кіші б әрпі алдыңғы әріппен үзіліссіз байланысады және оны элементтерге бөлудің қажеті жоқ. Әріп үзіліссіз жазылады, ал келесі әріппен үзіліспен қосатын штрих арқылы байланысады. Егер сөз б әрпінен басталса, онда оны а әрпі сияқты жазамыз; ал егер сөздің ортасында кездесе, алдыңғы әріппен үзіліспен төмен жағынан байланысады.

Кіші б әрпін жазудағы жіберілетін қателер мыналар: жоғарғы элементі өте қиғаш жазылғандықтан, бұл қатені түзеу қиынға соғады, сондықтан білім алушыларға дұрыс жазу үшін берілген жаттығулар арқылы қатені жөндеуге болады; жоғарғы жақтағы қайырма тік жасалынса, дөңгеленіп кетуіне назар аудару керек; жоғарғы жағы өте ұзын болмауы үшін педагог оны түсіндіруі керек; және ортасында үзілістің пайда болуы әріпті дұрыс бастамаудан болады.

#### Үлкен В әрпінің емлесі

Үлкен В әрпі келесі әріппен байланысуы және өзінің жазылуы да үзіліссіз. Әріпті жазу әдісі мынадай: «Бірінші, өзімізге қарай тіке бағытта жазамыз. Жұмыс жолының төменгі сызығында солға қарай тік әкеп, тор имек жасай отыра, жоғарыға жүреміз. Әріптің ұзындығына сәл жеткізбей сызықты қиып өтіп, оңға қарай қайырып, жоғары немесе төмен жағына дөңгелекше жасаймыз. Жоғарғы жағындағы дөңгелекше төменгі жағындағыдан кішірек болады». Қателерді түзеу үшін әріпті жазуды қайта үйрету қажет.

#### Кіші в әрпінің емлесі

Бұл әріптің формасы қиын, сондықтан білім алушылар әріптің қай бағытта жазылатынын білуі керек. Мұны педагог тақтаға жазып көрсетеді: имекті жоғарғы сызықтан сәл төмен жерден бастаймыз. Жоғарғы сызықтан асыра,

қиғаш бағытта жүріп, келесі сызыққа жетпей дөңгелектейміз, имек жасаймыз да, төменге қарай түсеміз, төменгі сызыққа жетпей оңға қарай дөңгелектей келе үлкен емес дөңгелек жасаймыз.

#### Г, г әріптерінің емлесі

Кіші г әрпін жазу оңай, себебі білім алушылар оны дайындық кезеңінде жазып үйренген. Кейде олар бағытын дұрыс жазбайды.

Үлкен Г әрпі жоғарыдан төменге қарай жазылады. Бұл әріптен кететін қателер П және Т әріптерінен кететін қателермен ұқсас, сондықтан оны түзету жолдары да бірдей.

#### Ғ, ғ әріптерінің емлесі

Бұл дыбыстардың таңбалануы Г үлкен немесе кіші г әрпіне ұқсас келеді, айырмашылық тек бір элементінде, сызықша бар. Сондықтан бұл дыбысты таңбалау қиындық тудырмайды.

#### Д, д әріптерінің емлесі

Кіші д әрпін жазу оның сөздің басында немесе ортасында келетініне байланысты әртүрлі болады. Сөздің басында жоғарыдан солға қарай а әрпі сияқты жазылады. Алдыңғы әріппен байланысу үшін, кіші д әрпін төменнен бастап жазылады.

Кіші у әрпі сияқты, д әрпін жазғанда да имекті жазу қиындық тудырады. Қатені түзеу үшін имектің қандай болуы керектігін айту қажет.

Үлкен Д әрпінің формасы күрделі. Сондықтан оның жазылуын түсіндіргенде формасына назар аудару керек. Д әрпінің бірінші элементін жоғарыдан бастаймыз. Төменгі жағынан кішкене имек жасап, төменгі сызыққа тигізіп, жоғарыға қарай дөңгелектейміз. Бұл әріп алдыңғы әріппен үзіліссіз байланысады.

#### Е, е әрпінің жазылу емлесі

Е әрпі аса қиындық тудырмайды, сондықтан білім алушылардың біразы оны қатесіз жазады. Дегенмен, педагогтар білім алушылардың назарын имекті жазу жолының дәл ортасынан басталатынына аударуы керек. Кіші е әрпі алдындағы әріппен байланысқанда оның ортасынан, ал кейінгі әріппен байланысы төменгі жағынан жасалады.

Үлкен Е әрпі қиындау, әсіресе, төменгі дөңгелекшені жазу қиынға соғады. Сондықтан мынадай қателер кездеседі: алдыңғы элементі сопақша жазылған, ал бұл элемент үстіңгісіне қарағанда дөңгелектеу болу керек; бұл қатені түзету үшін тақтаға жазып көрсету қажет. Сонымен қатар, кейбір үлгермейтін білім алушылардың қолын ұстап, үйрету керек. Элементтер арасындағы пропорция сақталмаған; үстіңгі элемент астыңғы элементтен кішірек болуы керек, мұны да түсіндіру қажет.

#### Ё әрпінің жазылу емлесі

Ё әрпі Е әрпіне ұқсас, тек төбесіндегі нүктелермен ғана ерекшеленеді. Сондықтан, е әрпінің жазылу емлесіне ұқсайды.

#### Ж, ж әріптерінің жазылу емлесі

Үлкен және кіші ж әріптерінің формасы бір, тек көлемі жағынан әр түрлі, үзіліссіз жазылады, педагог олардың жазылуын былай түсіндіреді: «Әріпті

жұмыс жолының үстіңгі сызығынан сәл төмен жарты сопақшаның сол жағынан бастаймыз, оңға қарай дөңгелектей келе жарты сопақша жазамыз; қолымызды алмай, жазылғанның үстінен кішкене жүріп, жоғарыға қарай қосатын штрих жасап, өзімізге төменнен тағы да қосатын штрих жүргізіп, оңға қарай жарты сопақша саламыз». Бұл әріп әліпбидің соңғы жағында үйретіледі, себебі оның құрамында білім алушылар әлі жазып көрмеген элементтер кездеседі, сондықтан арақашықтық сақтамау, үзіліссіз жазбау сияқты қателер кетуі мүмкін; қатені дұрыс жазылған әріппен салыстыра отырып дұрыстауға болады.

### З, з әріптерінің жазылу емлесі

Кіші з әрпін жазу қиынға соғады, себебі оның формасында өзіндік ерекшелігі бар, сондықтан педагог оны былай түсіндіреді: «Жұмыс жолының үстіңгі сызығынан сәл төмен жерден бастаймыз, сызықты дөңгелектей келе төменгі сызығына жеткізбей имекті жасай бастаймыз; имек төменгі сызықтан асып, қайыра келгенде қиылысады», ал жіберілетін қателер: бірінші бөлігін төменгі сызыққа тигізу және имектің формасын бұзу, бұл қатенің болу себептерін анықтап, білім алушылардың бірінші бөліктің төменгі сызыққа жетпей аяқталатынын және имектің формасын аңғармағанын ескере отырып, әріптің бөліктерін талдау арқылы, яғни санау әдісін пайдаланып түзеуге болады. Үлкен З әрпі білім алушыларға жазуға жеңіл болады, себебі ол В әрпіне ұқсас, педагог бұл екі әріптің ұқсастығын түсіндіре отырып, «Сағат тілімен жазамыз. Бірінші жоғарғы жарты сопақшаны жазамыз. Солға қарай қайырып, екінші жарты сопақшаны жазамыз; ол үстіңгісінен үлкенірек болады, әрі келесі әріппен үзіліссіз қосамыз» деп атап көрсетеді, ал жіберілетін қате жарты сопақшаның дұрыс емес жазылуынан немесе пропорциясын дұрыс алмағаннан болады, сондықтан қатені түзеу үшін білім алушы қолдың қозғалысына мұқият қарау керек немесе үлкен В әрпін жазып, содан соң З әрпін жазуды үйрену керек.

### И, и әрпінің жазылу емлесі

Әуелі, баспа түрі немесе тақтаға жазылған әріп үлгілері көрсетіледі. Салыстыра келіп, екі әріптің жазылу айырмашылығы, формасы мен көлемі түсіндіріледі. Педагог тақтаға кіші и әрпін түсіндіре отырып жазады: и әрпі үзіліссіз жазылады. Жоғарғы жағынан сызықтан өзімізге қарай тіке, төменгі сызыққа сәл жеткізбей оңға қарай имектеу қылып, екінші элементімен қосылатын жерге дейін жоғарыға апарамыз. Сызықты жоғары қарай қозғалтып, оңға қарай қиғаштау етіп жазамыз. Бірінші элементті аяқтап, қаламды дәптерден алмай, яғни үзіліссіз екінші элементті жазамыз. Екінші элементті бұрын жазғандай етіп төменгі жағын сәл имектеу етіп, бірінші элементпен екінші элемент арасында бұрыш қалатындай етіп, сызықты жұмыс жолының дәл ортасына дейін апарамыз.

Білім алушылар бұл әріпті жазуда екінші элементінің бірінші элементіне өте жақын немесе қашық орналасуы және бірінші элементті солға қарай қиғаштау жазу сияқты қателер жібереді. Бірінші қатені түзеу дәл а әрпінің жазылуын үйреткендей болады. Педагог қате әріпті тақтаға жазады, білім алушылар қай жерден қате кеткенін айтады: «Екінші элементі өте жақын орналасқан». Қатені түзеу үшін бірінші элемент пен екінші элементтің арасында



бұрыш қалатындай етіп жазу керек, яғни ортасына нүкте қою арқылы түзетуге болады.

Екінші қатені түзеу үшін білім алушылардың назарын сызықтың параллель келетіндігіне және тік сызықты жұмыс жолының төменгі жағына сәл жеткізбейтіндей жерге дейін жазу керектігіне аудару қажет. Мысалы, екінші элементтің ортасына сызық сызу арқылы өзін-өзі тексеру өте пайдалы.

#### Үлкен И әрпін жазу

Үлкен И әрпін жазу кезінде қай бөлігін біркелкі жазу үшін белгілеу қажет; білім алушылардың назарын екі элементті де жазғанда олардың ұзындығы біркелкі болуына аудару керек. Әртүрлі қателер кетуі мүмкін, бірақ жиі кездесетіні: бір элемент дұрыс жазылмаған және екі элементті жақын орналастырған. Бұл екі қате бірге кездесіп отырады. Қателерді түзеу үшін екі түзу сызық, одан кейін әріпті жазып немесе ортасына нүкте арқылы қосып көрсетуге болады; қосатын элементтің біркелкілігіне назар аудару қажет. Бұл жаттығулар өзін-өзі тексеру үшін беріледі, сонымен қатар, санап отырудың да дұрыс жазуда көмегі зор.

#### Кіші й әрпінің жазылу емлесі

Кіші й әрпі и әрпіне қарағанда тек ноқатымен ерекшеленеді, сондықтан оны жазу қиын емес

#### К, к әріптерінің жазылу емлесі

Үлкен және кіші к әріптері бір үзіліспен жазылады. Кіші әріптің жазылуы былай түсіндіріледі: «Жұмыс жолының жоғарғы сызығынан өзімізге қарай түзу сызық жүргіземіз, одан кейін қолымызды алмай, жазғанымыздың үстінен жоғары қарай ортасына дейін барамыз, бір қалыппен оңға қарай дөңгелектейміз, жұмыс жолының жоғарғы сызығына дейін апарамыз. Сәл ғана имектейміз. Қолымызды алып, үшінші элементін жаза бастаймыз». Тақтаға жазып көрсетіледі.

Үлкен К әрпі формасы жағынан ұқсас келеді. Оның ілгекшесі білім алушыларға екінші элементті жазуға жеңілдік береді. Үлкен К әрпін жазу былай түсіндіріледі: «Келесі жұмыс жолының жоғарғы жағынан сәл төмен жерден бастаймыз. Кішкене ғана оңға қарай жоғарыға штрих жасап, одан соң төмен түсеміз. Жұмыс жолының төменгі сызығынан жоғары жерде қиып өтіп, оңға қарай жоғарыға қайырамыз. Элементті жұмыс жолының үстіңгі сызығынан сәл жоғарыда бастап, оңға қарай дөңгелектеу етіп, өзімізге қарай имегі бар сызық саламыз».

К, к әріптерін жазу барысында қателер: элемент өте тік, дөңгелектенбей жасалған, жоғарғы жағының дөңгелекшесі жоқ немесе арақашықтық сақталмаған, екінші элемент сәл жоғары жазылуы тиіс.

Ең жиі кездесетін қате — соңғы элементін дұрыс жазбау. Бұл жерде т әрпінде де ұқсас қате кездеседі. Бұл қатені жөндеу үшін әртүрлі жаттығулар (аяқталған элемент, бастыру арқылы) жасау керек.

#### Үлкен Қ және кіші қ әріптерінің емлесі

Үлкен немесе кіші қ әріптері де бір үзіліспен жазылады. Бұл әріптің жазылу жолы к әрпіне ұқсас, айырмашылығы — ілмекшесінің болуы. Ілмекшесі ц әрпіндегідей орындалады.

#### Л, л әріптерінің емлесі

Кіші л әрпін өткенде, бірінші элементке назар аударамыз. Бұл элемент оңға қарай қатты қиғаш болып келеді, сондықтан жазылу жолын былай түсіндіреміз: «Жұмыс жолының төменгі сызығынан сәл жоғарыда бастаймыз, дөңгелектеп, төменгі сызыққа қарай қосып тұратын элемент сияқты жазамыз, бірақ бұрынғыдан да қатты қиғаш қыламыз. Қолымызды дәптерден алмай, екінші элементті жазамыз: ілгегі бар сызық».

Л әрпімен басқа әріпті қосып жазғанда төмен жағынан қосылады, себебі бұл әріп төменнен бастап жазылады.

Жазу барысында әріптің бағыты бұрыс болуы және жоғарғы жағының дұрыс жазылмауы сияқты қателер жіберіледі.

#### М, м әріптерінің жазу емлесі

М әрпі білім алушылардың жазу тәжірибесі бар кезде үйретіледі, сондықтан бұл әріптің құрамында қандай екі әріпті көруге болады деп сұраймыз: бірінші элементі л әрпі сияқты, ал екіншісі – и әрпі. Бұл әріптерді салыстыра келе, м әрпінің өзіндік ерекшелігін түсіндіреміз.

Жазу барысында бірінші элементтің бағыты дұрыс емес болғандықтан, барлық әріп дұрыс жазылмайды, сондықтан бұл жағдайда бірінші элементті дұрыс жазуды үйретіп, оның бағытын белгілеп қою қажет сияқты қателіктер жіберіледі.

#### Үлкен Н әрпінің жазу емлесі

Үлкен Н әрпі біркелкі және үзіліссіз жазылады, оны элементке бөлу дұрыс емес, сондықтан әріптің имегі бар жерлері қай бағытқа қарай қозғалып жазылатынына назар аудару қажет, ал бұл ритмді түсінген білім алушы ешқашан шатастырмайды.

Кіші н әрпінің жазылу барысында болатын қиындығы – ілгекшесінде, сондықтан педагог түсіндіруі: «Өзімізге қарай сәл қиғаштау бағытта сызу жүргізіп, ортасына қайта ораламыз, кішкене имек жасаймыз. Қаламды дәптерден алмай жоғары қарай көтеріп, екінші элементті өзімізге қарай бағытта ілгекшесі бар сызықша жазамыз». Кіші н әрпінің сызбасы беріледі, балалар бұл элементтерді жеке-жеке жазып үйренеді және 1-2 жолда толығымен осы әріпті жазады. Жазу барысында имекті дұрыс жазбау немесе мүлдем жазбау сияқты қателер кетуі мүмкін, сондықтан имектің жазылуына ерекше назар аудару қажет, ал санап отыру да жазу процесінде маңызды рөл атқарады.

#### О, о әріптерінің жазылу емлесі

О әрпі жұмырлау болып келеді, сондықтан білім алушының назарын осы ерекшелігіне аудару керек, яғни кіші және үлкен о әріптері дөңгелектеу келген, біраз сәл сопақтау болады, бұл үшін дәптерге қиғаш орналасуының маңызы бар. О әрпі сағат тіліне қарама-қарсы бағытта жазылады, мұны педагог тақтада жазып көрсетеді. Кіші о әрпінің жазылуы а әрпіндей басталады, ал үлкен О әрпін төмен жағынан бастау ұсынылады. Жиі кездесетін қателер: әріптің жеткілікті деңгейде

дөңгелектенбеуі, бұл қатені түзеу үшін дұрыс немесе дұрыс емес жазылған әріп үлгісін салыстыру қажет.

#### Ө әрпінің жазылу емлесі

Ө әрпі бір үзіліспен жазылады және дәл о әрпі сияқты жазылады, тек айырмашылығы беліндегі сызықшада.

#### П, п әріптерінің жазылу емлесі

Үлкен және кіші п әріптерін жазу аса қиындық тудырмайды, себебі, п әрпі, т әрпінің жартысы. Яғни, білім алушыларға бұл әріптің элементтері таныс.

#### Үлкен Р әрпінің жазылу емлесі

Үлкен Р әрпінің жазылу емлесі: бірінші элементі үлкен Т әрпінің элементі сияқты болып, ол келесі әріппен үзіліссіз байланысады, ал жоғарғы элементі солдан оңға қарай бағытта жазылады; мұнда жоғарғы элементтің қатесіз жазылуына және қисайып жазылмауына назар аудару қажет, ал кіші р әрпі үзіліссіз жазылады және оның жазылуы: «Әріпті жоғарғы сызықтан бастап, өзімізге қарай ұзын, тік сызық сызамыз, оны екі жұмыс жолының ортасына сәл жеткізбейміз, одан кейін оңға қарай бағытта жоғарыға дейін апарып, ілмекшесі бар сызық сызамыз» деп түсіндіріледі.

#### С, с әріптерінің жазылу емлесі

Бұл әріптер формасы жағынан бір болғандықтан, қателер әріппен үзіліс жасамай байланысқанда болады, сондықтан бұл әріпті жік-жікке бөліп түсіндірудің қажеті жоқ, бірақ оның сопақша дөңгелектің жартысы екенін ескерту қажет, ал көрнекілік ретінде нүктелермен с әрпін белгілеп көрсетуге болады, және үлкен С әрпін өткенде санаудың көмегі зор. С әрпін жазғанда қатенің кездесуі өте аз, дегенмен алғашқы дөңгелектің жеткіліксіздігі сияқты қателер кетуі мүмкін, сондықтан әріпті жазғанда қалай басталуы керек екендігін ескеру қажет.

#### Т, т әріптерінің жазылу емлесі.

Кіші т әрпі үзіліссіз жазылады, және балалар оны қиындықсыз жазады, бірақ олардың жазуында сол бағытқа қарай жазылатын жаңа элементтен жиі қате кетеді, себебі білім алушылар сол элементті жазған кезде ертерек оң бағытқа қарай жазып кетеді, бұл қатені түзеу үшін параллель сызық жүргізу және соңғы элементті білім алушыларға аяқтататын жаттығулар жасау қажет. Үлкен Т әрпінің элементтері бөлек-бөлек жазылады, сондықтан олардың бағыты параллель келеді, ал жоғары жақтағы элементі солдан оңға қарай жазылады. Жіберілетін қателер: жоғарғы элементтің дұрыс жазылмауы, арақашықтықтың сақталмауы, және біркелкі немесе параллель емес жазылу, және бұл әріпті өткенде білім алушылар ең алғаш рет 3-4 әріптен тұратын сөз жазады, яғни, білім алушылар дұрыс жазумен қатар орфографиялық қате жібермеулері қажет.

#### У, у әріптерінің жазылу емлесі

У әрпі бірде дауысты, бірде дауыссыз болып табылады, және кіші у әрпін жазуға білім алушылар біршама дайын болады, өйткені оның алғашқы элементі и әрпінің бірінші элементіне ұқсас, ал екінші элементі дайындық кезінде жазылған элемент. Бірақ бұған қарамастан, үзіліссіз жазу кезінде айтарлықтай қиындық туады. Кіші у әрпінің жазылуын түсіндіре отырып, педагог и әрпінің

жазылу кезіндегі білім алушылардың тәжірибесіне сүйенеді: «Балалар, бірінші элемент и әрпінің элементі сияқты. Ал екінші элемент бізге бұрыннан таныс. Бірінші элементті қолды дәптерден алмай үзіліссіз жазып, имек сызықты екінші элементін жазамыз. Екінші элементін жазуда не маңызды? Сызық тік болу керек. Өзіңе қарай жазғанда біркелкі сыза отырып, солға қарай имек жасаймыз. Міндетті түрде жұмыс жолының төменгі сызығымен қиылысу қажет».

Мынадай қателер кетуі мүмкін: имектің солға қарай қатты қиғаштығы. Бұл жағдайда педагог имек сызықтың жазылу барысында оны ерте қайырудың қажеті жоқ екенін түсіндіреді, келесі жұмыс жолының жоғары немесе төмен сызықтарының дәл ортасында қайыру керектігін түсіндіру маңызды. Білім алушылардың назарын имектің жұмыс жолының сәл төмендеу жерінде қиылысуына және имектің дәл сызықта қиылысатынына аудару қажет. Иmekтің формасының өзгеруі де байқалуы мүмкін, сондықтан бұл қатені түзеу үшін дұрыс немесе дұрыс емес жазылған әріпті көрсету керек, себебі имектің ұзындығы мен көлемі біркелкі болуы тиіс.

Бірінші элемент дұрыс емес жазылған жағдайда, білім алушыларға элементті жазу барысында біркелкілікті сақтау керектігін ескерту қажет. Педагог көрнекілік ретінде екі элемент ортасындағы бұрышқа нүкте қойылғанын көрсетуі керек. Қателерді түзеу үшін мынадай жаттығулар жасау ұсынылады: үлкен У әрпін жазып үйрену сабақта өтіледі, бұл әріпті жазуды көрсету барысында педагог оның элементтерін бұрынғы қай әріптерде кездесетінін немесе айырмашылығын сұрайды. Үлкен У әрпінің бірінші элементі сияқты, бірақ бірінші элементті оңға қарай игергенде жұмыс жолының жоғарғы сызығына жетпей ертерек бұрау қажет. Екінші элементпен қосатын жерге дейін жоғары апарған соң, екінші элементті өзімізге қарай біркелкі сызықпен жұмыс жолының төменгі жағында оңға қарай сәл қайыру керек.

#### Ұ, ұ әрпінің емлесі

Үлкен және кіші ұ әрпін өткенде у және ұ әріптерімен міндетті түрде салыстырып өтеміз, себебі ұ әрпінің өзіндік ерекшелігі орта тұсында сызықшасының болуында. Мынадай қателер кетуі мүмкін: соңғы элементтің дұрыс жазылмауы, әріптің бағытының дұрыс емес болуы. Бірінші қатені түзеу үшін білім алушыларға соңғы элементтің дөңгелектеніп емес, тік сызық болатынын түсіндіру қажет.

#### Ү әрпінің жазылу емлесі

Ү әрпі үзіліссіз жазылады, және ү әрпін жазу қиынға соқпайды. Тек соңғы элементі оңға қарай тік бұрыш жасап қайырылады.

#### Х, х әріптерінің жазылу емлесі

Х әрпі үзіліспен жазылады. Әріпті жазуды былай түсіндіреді: «Бірінші, сол жақтағы жарты дөңгелекшені, одан кейін оң жақтағы жарты дөңгелекті саламыз». Мынадай қателер кетуі мүмкін: жарты дөңгелекше дұрыс салынбаған немесе жарты сопақшаның арасынан қашықтық сақталынбаған.

#### Һ әрпінің жазылу емлесі

Һ әрпінің бірінші элементі тік сызық, ал екінші элементі г әрпі сияқты таңбаланады. Бұл әріп бір үзіліспен жазылады.

### Ц, ц әріптерінің жазылу емлесі

Педагог ц әрпі қай әріпке ұқсайтынын сұрайды. Ц әрпі и әрпіне ұқсайды, бірақ оның имекшесі бар. Иmekшесі ң әрпінің имекшесі сияқты жазылады. Ц, ц әріптерін жазғанда жиі кездесетін қателердің бірі – имекті дұрыс жазбау, сондықтан оны қайта қарап шығу қажет.

### Ч, ч әріптерінің жазылу емлесі

Ч, ч әріптерін жазғанда педагог әріпті үстіңгі сызықтан сәл төмен бастау керектігін, жоғарыға көтеріп кішкене имек жасап, кейін қосымша штрихпен өзіне қарай ілмекше сызу қажет екенін түсіндіреді, ал үлкен Ч әрпінің бірінші элементі үлкен У әрпіне, екінші элементі – имекшесі бар сызыққа ұқсайтынын балаларға айтып, қателерді түзету тәсілдерін бірдей етіп көрсетеді.

### Ш, ш әріптерінің жазылу емлесі

Ш, ш әріптерін жазу жеңіл, себебі білім алушылар и әрпін жазуға дайын, педагог тақтада ш әрпін и әрпіндей бастап, екінші элементін жазғаннан кейін жоғарыға көтеріп, қосып тұратын штрих салып, ілмегі бар сызық сызуды көрсетеді, ал қателерді санап шығу маңызды, себебі ш әрпінде екі бірдей элемент бар; үлкен Ш әрпі де үлкен И әрпіне ұқсас, бірақ элементтердің саны бойынша айырмашылығы бар.

### Щ, щ әріптерінің жазылу емлесі.

Щ, щ әріптерін ц әрпімен салыстырып, оның айырмашылығы бір элементінің артықтығында екенін түсіндіре отырып, кездесетін қателер мен түзету тәсілдері ш, ц әріптерімен бірдей болады.

### Ы, ы әріптерінің жазылу емлесі

Ы әрпін жазу қиындық тудырады, педагог оны жұмыс жолының жоғарғы сызығынан бастап, төменгі сызыққа сәл жеткізбей дөңгелек жасап, дөңгелекті әріптің ортасына дейін апарып, кішкене имек жасап, бірақ имек жазылған жерге тимеу керек екенін түсіндіреді; сосын сызықты жоғары қарай қозғалтып дәптерден қолын алмай жұмыс жолының жоғарғы сызығынан жазуды жалғастыруды айтады, ал мүмкін болатын қателердің бірі имекті дұрыс салмау болып табылады, бұл қатені түзеу үшін педагог имекті нүктелер арқылы көрсетіп үстінен жазып, білім алушылардың дұрыс жазбағандарын талдай отырып, дөңгелекті жасағанымен, имекті ұмытып кеткендерін ескертеді.

### І, і әріптерінің жазылу емлесі.

Үлкен және кіші і әрпі бір үзіліспен жазылады; үлкен І әрпі имекшесі бар сызықтан тұрады, тек оның жоғарғы жағында кішкене сызықшасы болады, ал бірінші элементті жазып біткен соң, жоғарғы жағына нүкте қою керек, ал кіші і әрпін орындау тіпті оңай, осы кезде педагог әріптің элемент ретінде қай әріптерде кездесетінін сұрайды, содан кейін әріпті жазып, і әрпінде қате өте сирек кездесетінін ескере отырып, егер қате кеткен жағдайда білім алушымен жеке жұмыс жасау ұсынылады.

### Ф, ф әріптерінің жазылу емлесі.

Ф, ф әріптерінің формасы күрделі болғандықтан, оны жазуда қателер кетуі мүмкін, өйткені әріп үзіліссіз жазылады және алдыңғы немесе келесі әріптермен де байланысады; жазудағы қателер формасының бұзылуы мен екінші элементтің

дұрыс жазылмауы, сондай-ақ алдыңғы немесе келесі әріппен байланысудың қайталануы болуы мүмкін, ал үлкен Ф әрпін жазу да бір үзіліспен орындалса да, қиындық туғызады.

Ю, ю әріптерінің жазылу емлесі.

Ю әрпі үзіліссіз жазылады немесе келесі әріппен үзіліссіз байланысады, оны жазуды н әрпі сияқты бастаймыз, ал екінші бөлігі о әрпіне ұқсас, бірақ екінші элементі келесі элементімен байланысуына байланысты әртүрлі жазылады; үлкен Ю әрпінде де бірінші элемент н әрпіне ұқсас, ал екінші бөлігі сопақша, сонымен қатар үлкен Ю әрпінің келесі әріппен тек төмен жағынан ғана үзіліссіз байланысатынын ескеру керек.

Э, э әріптерінің жазылу емлесі

Э, э әріптері келесі әріптермен үзіліссіз байланысады, бірақ ортасындағы элемент бөлек жазылады; әріпті жазғанда оның формасына және аяқ жағының қайырылуына назар аудару қажет.

Я, я әріптерінің жазылу емлесі

Үлкен және кіші я әріптері формасы бір болғанымен, көлемі әртүрлі; әріптер үзіліссіз жазылады, ал педагог білім алушылармен талдай отырып, «біз л, и, м әріптері сияқты бастаймыз, бірақ сызыққа жеткізбей, солға қарай дөңгелектейміз, үлкен емес дөңгелекше саламыз да, төменге қарай түсіп ілмекше жасаймыз» деп түсіндіреді; егер пропорция бұзылып, арақашықтық сақталмаса, білім алушылар бірінші элементті дұрыс бағытта жазбай немесе екінші элементті өте тез қимылмен оңға бұра отырып, қатеге ұрынады.

## Ата-аналарға кеңес

Бала неге қарындашты дұрыс ұстамайды?

Қарындашты дұрыс ұстамау мәселесі әсіресе бірінші сынып білім алушыларының ата-аналары үшін өзекті. Мектепте балаларға жиі және көп жазуға тура келеді, ал баланың қаламды қалай ұстайтыны оның жазу жылдамдығы мен жазу сапасына тікелей әсер етеді. Бұл мәселе қайдан пайда болады?

Кішкентай балалардың қолдың ұсақ моторикасы әлі жеткілікті дамымағандықтан, бала сылдырмақты немесе қарындашты барлық саусақтарымен ұстап, жұдырыққа қысады. Жасы өскенде кейбір білім алушылар қарындашты қатты қысып ұстап, саусақтарын алға шығарады. Мұндай саусақтардың дұрыс емес орналасуы әдетке айналып кетуі мүмкін, ал одан арылу қиынға соғады.

Балаңыздың сурет салуы мен жазуына назар аударыңыз. Қарындашты қалай болса солай ұстауына жол бермеңіз. Бала қарындаш пен қаламды неғұрлым ерте дұрыс ұстап үйренсе, оған мектепте соғұрлым жеңіл болады.

Қарындашты дұрыс ұстамау белгілері:

- Бас бармақ жазу кезінде сұқ саусақтың астында орналасады;
- Саусақтар жазу бөлігінен алыс орналасады;
- «Шымшу» ұстау (үш саусақ жазу бөлігінің бір деңгейінде орналасады);
- Қарындаш сұқ саусақта жатады;
- Қағазға қатты басады;
- Қарындаштың жоғарғы жағы иыққа қарай емес, басқа жаққа бағытталған;
- Бала қағазды айналдырады, бірақ қарындашты емес.

Осы белгілердің біреуі болса да, балаға дұрыс жазуды үйрету қажет екенін білдіреді.

Баланы қарындашты дұрыс ұстауға үйрететін 7 қарапайым әдіс:

Ерте жаста дұрыс ұстауды қалыптастырудың жақсы тәсілі – кішкентай бор кесінділерімен сурет салу. Оларды жұдырыққа қысып ұстау мүмкін емес, сондықтан бала оларды автоматты түрде үш саусақпен ұстайды.

Дартс ойынындағы жебелерді лақтыру. Білім алушыларға қарындаш жебе деп елестетіп, оны қағазға лақтыруды ұсыныңыз.

Балаңыздың ортаңғы саусағына қаламға тиетін нүкте салыңыз. Осындай белгі қаламда да қалдыруға болады (шамамен 1,5 см қашықтықта).

Қағаз майлық әдісі. Жарты майлықты алақанға аты жоқ саусақпен және шынашақпен қысып ұстап тұру керек. Қалған саусақтар қаламды ұстайды.

Қарындашты қолға резеңке арқылы бекіту. Егер бала қарындашты жұдырыққа қысып ұстауға тырысса, резеңке тартылады және ыңғайсыздық туғызады.

Үш қырлы жаттығу қаламдары. Бұл қаламдардың үш қырлы пішіні мен жеңіл салмағы балаға жазуды оңай үйренуге мүмкіндік береді.

Қалам таңдағанда, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға қою көк сиялы шарикті қаламдар жақсырақ келеді. Егер қалам ашық түсті сиямен жазса, әріптер қағазда нашар көрінеді, бала қаламды қаттырақ

басады. Сондай-ақ, ұзындығы тым ұзын (13 см-ден артық) және диаметрі қалың (7 мм-ден үлкен) қаламдарды сатып алмаған жөн.

Баланың жазу тапсырмаларын орындауға дайындығы:

Жазуға дайын болу үшін қолды жазуға даярлауды мектепке дейінгі жастан бастау қажет. Ол үшін ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар өте қолайлы, мысалы:

- Моншақ тізу, бау өткізу, түйіншектерді шешу;
- Қайшымен жұмыс істеу;
- Мүсіндеу және аппликация;
- Жармамен ойнау;
- Саусақ гимнастикасы;
- Сызықтар салу, контур бойынша сызу, бояу және т.б.

Көбінесе бала қаламды дұрыс ұстағысы келмейді, оны жұдырыққа қысып немесе өзіне ыңғайлы басқа тәсілдермен ұстайды. Мұндай әдет кез келген ата-ананы уайымдатады, өйткені бала жылдам шаршайды, оның тек жазу мәнері ғана емес, сонымен қатар дене қалпы да бұзылады. Сондықтан балаға жазу құралдарын дұрыс ұстауды үйрету өте маңызды. Осы әдістерді қолдана отырып, бұл процесті тиімді және жеңіл жасауға болады [17].



## Қорытынды

Бастауыш сыныпта бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын сақтау мен оларды білім алушыларға үйрету – сауаттылық негіздерін қалыптастырудағы маңызды бағыт. Орфографиялық және каллиграфиялық дағдыларды қалыптастыру білім алушылардың тілдік сауаттылығына, ойларын сауатты жеткізуіне және жазу мәдениетін меңгеруіне үлкен үлес қосады. Орфография – жазудың ережелерін қатаң сақтай отырып, тілдегі сөздердің бірізді әрі дұрыс жазылуын қамтамасыз ететін білім саласы болса, каллиграфия – әріптерді эстетикалық тұрғыда дұрыс бейнелеу, жазудың әдемі әрі анық болуын қалыптастыратын өнер. Бұл екі компоненттің үйлесімді дамуы бастауыш сынып білім алушыларының жалпы оқу мәдениетін нығайтады.

Орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды ерте жастан меңгеру маңызды, себебі бұл білім алушылардың болашақта басқа пәндерден де табысты білім алуына оң әсер етеді. Жазу дағдыларын ерте жастан бастап қалыптастыру – тек тілдік сауаттылықтың емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына, оның ұқыптылығы мен жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Бастауыш сынып кезеңі білім алушылардың жазу негіздерін, атап айтқанда, әріптерді дұрыс жазу, оларды өзара байланыстырған кезде орфографиялық ережелерді сақтау және көркем жазу дағдыларын қалыптастыратын кезең болғандықтан, бұл жұмыс жүйелі әрі жоспарлы түрде жүргізілуі тиіс.

Бірізділік пен жүйелілікті сақтау үшін педагогтер әр сабақта орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды дұрыс түсіндіріп, әріптер мен сөздерді жазу үлгілерін нақты әрі көрнекі түрде көрсетуі қажет. Сонымен қатар, жазу дағдыларын үйретуде білім алушылардың жекелеген ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеру қажет. Бұл ұсынымдар білім алушылардың жазу қабілетін шыңдап, олардың әріптерді жазу кезінде жіберетін қателерін азайтуға және жазу үдерісіне деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Білім алушылардың каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру олардың әріптерді ұқыпты, көркем, және дұрыс жазуына ықпал етеді. Каллиграфия жазудың эстетикалық жағын дамытуға, әріптердің анық әрі көркем жазылуын қамтамасыз етуге негізделеді. Бұл білім алушыларға тек сауатты жазуға ғана емес, сонымен бірге өз жазбаларына деген жауапкершілікті тәрбиелеуге көмектеседі. Жазу мәдениеті білім алушылардың тілдік сауаттылығына ғана емес, олардың жалпы мәдениетіне, жазуға деген қарым-қатынасына да оң әсер етеді. Сондықтан, әдістемелік ұсынымдарда келтірілген әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы педагогтер білім алушыларды орфография және каллиграфияның негізгі ережелерін түсінуге, оларды дұрыс пайдалануға ынталандырады.

Жазу дағдыларын қалыптастырудың тағы бір маңызды аспектісі – білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен оқу деңгейін ескере отырып, әдістемелерді бейімдеу. Әрбір бала жазу дағдыларын әртүрлі қарқынмен меңгереді. Осыған орай, педагогтер әр білім алушының дайындық деңгейіне қарай тапсырмаларды бейімдеп, жеке қолдау көрсету арқылы олардың жазуға деген қызығушылығын арттырып, мотивациясын нығайта алады. Бұл тәсілдер

білім алушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, жазу кезінде қателерді болдырмауға ықпал етеді.

Білім алушылардың жазу сапасын арттыру үшін сабақтарда түрлі оқыту әдістерін қолдану қажет. Мысалы, әріптерді, сөздерді дұрыс әрі әдемі жазу дағдыларын қалыптастыру үшін жазу жаттығуларын, графикалық диктанттарды, түрлі интерактивті және шығармашылық тапсырмаларды қосу тиімді. Әріптердің пішінін, олардың байланысын, әріпаралық кеңістікті сақтау дағдыларын жетілдіру арқылы білім алушылардың жазу қабілеттерін арттыруға мүмкіндік молаяды. Сонымен қатар, көрнекі құралдар мен арнайы үлгілерді пайдалану арқылы білім алушыларға әріптердің дұрыс жазылуын, орфографиялық ережелерді түсіндіру оңай болады.

Орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды сақтау білім алушылардың жазу үдерісіне деген қызығушылығын оятуға, жазу барысында мұқият болуға тәрбиелеуге ықпал етеді. Бастауыш сыныпта бұл нормаларды сақтау білім алушылардың тілдік сауаттылығын арттырумен қатар, олардың логикалық ойлауын, ойды жазбаша түрде нақты жеткізу қабілетін дамытады. Әрбір педагог оқу материалдарын бейімдеп, шығармашылық тәсілдерді қолдану арқылы білім алушылардың жазуға деген қызығушылығын оята алады. Әдістемелік ұсынымдардағы тәсілдер бұл мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды сақтау бойынша жұмыс білім алушылардың жалпы оқу жетістіктеріне оң әсер етеді. Әріптерді дұрыс және әдемі жазу дағдысы олардың жазу мәдениетін қалыптастырады, логикалық ойлауын дамытады және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Бұл ұсынымдарда келтірілген әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы педагогтер өз білім алушыларын жазу өнеріне баулып, олардың болашақтағы оқу жетістіктеріне айтарлықтай ықпал ете алады.

Жалпы алғанда, бастауыш сыныптағы білім алушылардың орфографиялық және каллиграфиялық нормаларды меңгеруі жүйелі түрде ұйымдастырылған және бірізді оқыту үрдісінің нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс. Осы әдістемелік ұсынымдар білім алушылардың тілдік сауаттылығын арттырып, жазу мәдениетін қалыптастыруға арналған маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

## Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

2. Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы

3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы

4. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы.

5. Н.Кенжебекова. Оқушылардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру. // Бастауыш мектеп, 2005, №8.

6. Ұ.Бейсенбиева. Сауатты жазуға үйрету.// Бастауыш сыныпта оқыту,2005,№2 .

7. Ғ.Абашықова. Сауат ашу. // Бастауыш мектеп, 2004, № 11.

8. Д.Бірімжанова. Сауат ашу. // Бастауыш мектеп,2004, №5.

9. Ғ.Тұрманбекова. Әліппе сабағы. // Бастауыш мектеп, 2004, № 7.

10. С.Құлбаева.Ойын әдісімен. // Бастауыш мектеп, 2004, № 3.

11. Р.Ибекова. Ашық сабақ. // Бастауыш мектеп, 2005, № 8.

12.<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%80%D1%84%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D1%8F>

13. <https://infourok.ru/bastauish-sinip-oushilarini-aza-tili-dpterin-zhrgizu-trtibi-849691.html>

14. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2021/01/12/polozhenie-o-edinom-orfograficheskom-rezhime-na-stupeni>

15. Финни Н. Ребенок с церебральным параличом. – М., 2001

16. [http://instagram.com/onay\\_education](http://instagram.com/onay_education)

17. [https://m.vk.com/wall-193781925\\_4806?lang=kk](https://m.vk.com/wall-193781925_4806?lang=kk)

## Мазмұны

Кіріспе	3
1 Бастауыш сыныпта бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын қалыптастыру жолдары	5
2 Бастауыш сынып білім алушылары үшін бірыңғай орфографиялық және каллиграфиялық жазу нормаларын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар	12
Қорытынды	73
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	75

**«БІРЫҢҒАЙ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КАЛЛИГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУ  
НОРМАЛАРЫН САҚТАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР»**

Басуға 08.11.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табақ